

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

Казахский язык и литература
в русской школе

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

11/2011 ҚАРАША

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Әлия СЫЗДЫҚОВА.	Жуан және жіңішке дыбыстарды оқытудың ерекшеліктері.....	3
С.ҚОЖАҚОВА.	Тілдік сауаттылық пен біліктілік нормалары.....	19
Сәбира ОРАЛБЕКҚЫЗЫ.	Өлшемдік бағалау жүйесі – оқушылар білімін нақты бағалау кепілі.....	23
Құралай УАХИТҚЫЗЫ.	Қазақ тілін халықаралық стандарт негізінде деңгейлеп оқыту.....	30
	<i>Тарихи тұлға</i>	
Нұржамал СМАНОВА.	Ұстаз ұлағаты.....	36
	<i>В мире педагогики</i>	
Раушан КАМЕТОВА.	Роль заглавия в формировании циклического контекста Н.Черновой.....	43
	<i>Оқырман ой қозғайды</i>	
Меңдібай ӘБЛҰЛЫ.	«Баратырық», «келатырық», «отырық», «жатырық» сөздері қайдан келді?.....	52
	<i>Қазақстан тәуелсіздігіне – 20 жыл</i>	
Күләнда ОРАЗБЕКОВА.	Қазақстан Республикасы.....	59
Айнагүл ЗАРЛЫҚҚЫЗЫ.	Парламент және оның құрамы.....	62
Ақбота АМАНТАЙҚЫЗЫ.	Қазақстанның елордасы – Астана.....	67
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Жадыра ДАНИЯРҚЫЗЫ.	Бейімбет Майлин өмірі мен шығармашылығы.....	73
Дәмелі ТАСБОЛАТҚЫЗЫ.	Қасым Аманжолов. «Өзім туралы».....	77
Балғын БАҒЫТҚЫЗЫ.	Қанағат – асыл қасиет.....	79
Назигүл ҚАБДОСОВА.	Мақал-мәтелдер – халық даналығы.....	83
	<i>Бір тақырыпқа – екі мақала</i>	
Бақытгүл ЖҰМАБАЕВА.	Лексикадан өткенді қайталау.....	86
Салтанат ЖАНҒАЛИҚЫЗЫ.	Лексикадан өткенді қайталау.....	90
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Нағима БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ.	Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу.....	94
Махаббат ЖҰМАШЕВА.	Тіл ұстартар суың да.....	100
Фариза ИШАНҚЫЗЫ.	Сөздік қоры мол Қазақстан жері.....	103
Ақторғай МӘУЛЕНҚЫЗЫ.	Сабақтас құрмалас сөйлем түрлерін сөйлеткен Шоқан сабағы.....	108
Бибігүл МҰҚАНҚЫЗЫ.	Сан есімнің түрлері.....	112
	<i>Орыс тілді бастауыш сыныбында</i>	
Индира САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ.	Жіктік жалғауларды үйренген екі дос.....	116
Ақбота СЕРІКҚЫЗЫ.	Қазақ тіліне саяхат.....	119
Айгүл ҚАНАЕВА.	Сауатты сөйлеуге жаттықтыратын – туған жер.....	127
	<i>Сыныптан тыс тәлім</i>	
Айсұлу КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ.	Тіл – ұлттың жаны.....	130
	<i>Білім сынағында</i>	
Баян ЖАҚАТОВА.	Қазақ тілі пәнінен 8-сыныпқа арналған кеспе қағаздары.....	137
	<i>Мұғалім мінбесі</i>	
Гүлден МҰХАНОВА.	Жаңашыл ұстаз жолымен.....	141

Әлия СЫЗДЫҚОВА,
Г.Н.Ковтунов атындағы
№252 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢШКЕ ДЫБЫСТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілін орыс аудиториясында оқытудың сапасын арттырудың лингвистикалық негізі қазақ тіл біліміне байланысты екені белгілі. Лингвистика – тіл туралы ілім болса, қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру әдістемесі сол тілдің заңдылықтарын оқыту мен үйретудің жаңа тиімді жолдарын қарастырады.

Түрлі мамандық иелерінің қазақ тілін оқып-үйренудегі негізгі мақсаты – тілдік қарым-қатынас базасын жасау (орнықтыру) немесе ауызекі сөйлеу тілін практикалық тұрғыда меңгеру. Бұл мақсатқа оқытушы көмегімен төмендегідей кешенді тапсырмаларды орындау нәтижесінде жетуге болады:

- а) оқып үйренушілер қазақ тілі және оның грамматикалық құрылысы туралы белгілі көлемде білім дағдыларын игеруі;
- ә) қазақ тілінің дыбыстық жүйесі және қазақ тіліне тән дыбыстардың графикалық (әріптік) белгілерін меңгеруі;
- б) дыбыстардың, сөздердің айтылуы және осы негізде қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуының нақты дағдыларын қалыптастыруы.

Қазақ тіліндегі сөзжасам, сөз тіркесі және сөз түрлендірудің негізгі тәсілдерін игеру және осылардың негізінде сөйлемдегі сөздерді байланыстыру дағдыларын қалыптастыру, қазақша ауызекі сөйлеуді үйрену, сондай-ақ мәнерлеп оқып үйрену;

в) қазақ тілінен орыс тіліне аударма жасауға дағдылану (немесе керісінше).

Бұл тапсырмаларды орындау белгілі білім, білік дағдыларын қалыптастырады:

а) қазақ әліпбиін (алфавитін), ондағы әріптерді және олардың айтылуын нақты білу;

ә) жуан және жіңішке дыбыстардың қолданылуы, олардың жасалуы және жіктелуін меңгеру;

б) жуан және жіңішке дыбыстарды жеке және дыбыстар тіркесінде дұрыс айту;

в) сөздегі дауыстылар мен дауыссыздар тіркесінің тәртібі және олардың қазақ тіліндегі үндестік заңына сәйкес келуін, түбір сөзге қосымшалардың жалғану жағдайларын меңгеру;

г) сөздік құрам және жаңа сөздердің жасалу тәсілдерін, сондай-ақ сөз таптарының өзгеру (жасалу) жолдарын игеру.

Қазақ тілінің осындай заңдылықтары мен грамматикалық ережелерін үйренбей, оқушы өз ойын басқаға жеткізіп айта алмайды. Қазақ тілінде сөйлей алмайды. Тілдік қорында сөздер қаншалықты көп болғанымен, олардың бір-бірімен байланысу ережесін білмесе, оқушы ойын бәрібір дұрыс жеткізе алмайды дей келе, К.Жақсылықова былай деп қадап көрсетеді: «Қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру әдістемесінің лингвистикалық негізін анықтағанда, алдымен, мынадай екі мәселеге көңіл бөлген жөн»:

1. Қазақ тілінің жүйесіне, тіл білімінің негізгі заңдылықтарына сүйену;

2. Қазақ және орыс тілдері жүйесін салыстыра талдау

мәліметін ескеру.

Қазақ тілін оқыту тәрбиенен тікелей байланысты болуы тиіс, оның мақсаты – қазақ тілін білумен қатар халқымыздың тарихы, мәдениеті және әдебиетімен таныстыру. Мұндай жағдайда қазақ тілін оқыту өзінің тура мәнімен қатар, интернационалдық тәрбие құралына қызмет етіп, тіл үйренушілердің жалпы дамуына да жағдай тудырады. Бұл тұста біз қазіргі кезеңдегі білім беру тұжырымдамасын да ескеруіміз керек.

Оның негізгі мақсаты – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсат әр оқушының көздеген нысанасы, іс-әрекетінің бағыты болып саналады. Ал, енді, фонетиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктеріне тоқталайық.

Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы жайында С.Исаев, К.Аяпбергенова, т.б. еңбектері жарық көрген. С.Исаевтың еңбегінде қазақ және орыс тілдерінің фонетикалық жүйелерін кестелер арқылы салыстыра үйренуге арналса, К.Аяпбергенованың еңбегінде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері, буын, екпін жайы, сөз жасамдық кейбір қағидалар, сөйлем құрылысын оқыту және үйрету мәселелері сөз болады. Қазақ тілі фонетикасын үйретуде дыбыстардың жасалуындағы шу мен дауыстың қатысы туралы тақырыпқа тоқталады. Онда басқа тілдің дауызекі сөйлеуін үйретуде ол тілге тән дыбыстардың айтылуын, яғни, жаңа артикуляциялық базаны меңгеруге тура келетіні ескертіледі. К.Аяпбергенова қазақ тілі мен орыс тілінің артикуляциялық базаларының мынадай нақты ерекшеліктерін көрсетеді:

1. Қазақ тіліне қарағанда дауысты дыбыстардың жасалуында орыс тілінде ерін өте белсенді қызмет атқармайды.

2. Орыс тілінде ерін – ерін (м, б, п) және ерін – тіс (в, ф) дауыссыздары болса, қазақ тілінде тек ерін – еріндік (м,б,п) дыбыстар ғана бар да, ежелгі қазақ сөздерінде ерін – тіс дауыссыздары кездесетін сөздер жоқ;

3. Орыс тілінде дауыссыз дыбыстардың жасалуында тілдің алдыңғы бөлігі көбірек қатысса, қазақ тілінде артқы бөлігі көбірек қатысады (қ,ғ дыбыстарының жасалуы);

4. Қазақ тіліндегі дауыссыздарды айтқанда жұмсақ таңдай жиі төмендейді, сондықтан мұрындық дауыссыздар орыс тіліне қарағанда көбірек (м,н -нан басқа н дыбысы бар);

5. Орыс тілінде сөз соңында дауыссыз дыбыстарды айтқанда дауыс шымылдығында діріл байқалмайды, сондықтан барлық ұяң дауыссыздар сөз соңында үнсізденеді, қазақ тілінде ұяң з,ж дыбыстары сөз соңында үнсізденбейді;

6. Орыс тілінде дауыстылар екпінге байланысты қазақ тіліне қарағанда күшпен айтылады, яғни, екпін түспейтін буындар екпін түсетін буындардан өте ерекшеленбейді;

7. Қазақ сөздерінде негізгі орынды дауысты дыбыс алып, басқа дыбыстармен үндесіп, дауыссыз дыбыстардың сапасы мен сипатына бірден әсер етеді;

8. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың ілгерінді және кейінді ықпал сияқты фонетикалық заңдарының әрекетінде бірізділік байқалады, ал орыс тілінде кейінгі ықпал кездеседі, ілгерінді ықпал мүлдем жоқ;

Бұдан шығатыны: жуан және жіңішке дыбыстардың айтылуын үйрену үшін орыс тіліндегі дыбыстардың айтылуын, кез келген дыбысты айтуда қай мүше қалай қатысатынын нақты айқындап аңғару керек. Әсіресе, жуан және жіңішке дыбыстарға ұқсас дыбыстарды ерекше қадағалау сияқты тапсырмалар тиімді болып табылады.

Жуан және жіңішке дыбыстардың айтылуы

Мысалы: а дыбысы жақ кең ашылып, тіл артқа қарай жуықтап, жұмсақ таңдай тұсына көтерілу арқылы жасалады.

Ә дыбысын айтқанда, тіл алға қарай жылжып, қатты таңдайдың қасына жылжиды.

Ы дыбысын айтқанда, жақ сәл қысаң ашылып, тіл артқа, жұмсақ таңдай қасына жылжиды.

І дыбысын айтқанда, жақ сәл қысаң ашылып, тіл алға жылжып, қатты таңдай тұсына ығысады.

Ұ дыбысын айтқанда жақ сәл қысаң ашылып, тіл артқа жылжып, жұмсақ таңдай тұсына ығысады.

Ү дыбысын айтқанда, жақ сәл қысаң ашылып, тіл алға, яғни, қатты таңдай тұсына жылжиды.

А, Ә дыбыстары

Алдымен балаларға қазақ тілінде дыбыстардың жуан-жіңішке болып жұптасып айтылатынын жеткізу керек. Ол үшін а дыбысын жуан шрифтпен, ал ә дыбысын жіңішке шрифтпен жазып көрсетеміз.

- Ребята, я открываю рот широко, язык у меня отодвинут назад. Послушайте меня: звук А,а,а, я произношу сильно. Теперь давайте повторим: А, а, а. Еще раз... Еще... Этот звук мы произносим твердо. Дыбысты айтқан кезде балаларға қарсы қарап тұрып, тілдің артқа жылжығанын көрсетемін.

Ә дыбысы және оның дауыссыздармен тіркесі.

- Ребята, я открываю рот широко, теперь уже язык продвинут вперед. Слушайте меня: Ә,Ә,Ә. Я произнесла мягко, нежно, высоко. Теперь повторим вместе: Ә,Ә,Ә. Еще раз... еще раз... Этот звук мы произносим мягко, поэтому его будем называть мягким. Теперь посмотрим на меня. Я открываю рот широко, язык оттягиваю назад и говорю А, язык вперед - говорю Ә: А-Ә, А-Ә. Например: Ба - Бә.

Ү-Ү дыбыстары

Ү - рот почти закрыт, губы округлены и выдвинуты вперед, язык оттянут назад: Ү,Ү,Ү. Произносим твердо, сильно. Твердый звук написан жирной буквой. Бұл дыбысты да өте қысқа айтып дағдыландыру керек, егер созып айтса

орыс тіліндегі У дыбысына айналып кетеді.

- Рот почти закрыт, губы округлены, язык продвинуто вперед: У,У,У. Произносим мягко, нежно, высоко. Мягкий звук выделен тонкой буквой. Дыбысты өте қысқа айтып дағдыландыру керек. Екі дауыстыны және олардың тіркестерін салыстырамыз.

Губы круглые, язык назад - Ү, язык вперед -Ү. Ү -Ү, Бү - Бү.

Ы -І дыбыстары

Рот почти закрыт, язык отодвинут назад, губы вытянуты в стороны: Ы,Ы,Ы. Произносим твердо, низко. Твердый звук, написан жирной буквой (шрифтом).

- Балалар, орыс тіліндегі Ы әрібіне ұқсап кетпес үшін қазақ тіліндегі Ы дыбысын өте қысқа айтуға дағдылану керек.

Рот почти закрыт, теперь язык продвинуто вперед, губы растянуты в стороны: І

Произносим мягко, нежно. Звук мягкий, буква написана тонким шрифтом. Бұл дыбысты да өте қысқа айтқызып дағдыландыру керек, болмаса орыс тіліндегі И дыбысына ауысып кетеді.

Рот почти закрыт, язык оттянуть назад - Ы, язык продвинуть вперед -І. ы -і, ы - і, ы - і.

- Ребята, послушайте меня. Слово “Бас” какое, твердое или мягкое? Теперь, говорю Ән. Слово какое, твердое или мягкое? (Ученики отвечают).

О-Ө дыбыстары

Рот почти закрыт, губы вначале сильно округлены, язык оттянут назад, в конце произношения рот полуоткрываем: о, о, о. Произносим твердо, жестко, низко. Звук твердый, выделен жирной буквой. Бұл дыбысты айтудың да өз ерекшелігі бар, әріп орыс тілінде де кездесетіні белгілі. Орыс тілінде ашық, жалаң айтылады. Қазақ тілінде қысаң, күрделі О

болып айтылады. Мүмкін болса, оның айтылуы және естілу айырмашылығын жеткізе білген жөн. Тіптен болмағанда, осы ерекшелікті өздеріңіз көңілге түйіп қойыңыздар. Себебі екі тілде де О әрібі болғандықтан, оларды бір дыбысқа балап, қазақ сөздерін орыс сөздерінің үлгісімен айту жиі кездеседі. Олай айтылған сөз құлаққа жағымсыз естіледі.

Рот почти закрыт, губы вначале сильно округлены, язык продвинул вперед, в конце произношения рот полуоткрываем. Ө,ө,ө. Произносим мягко, нежно. Мягкий звук выделен тонкой буквой.

Екі дыбыс пен олардың тіркестерін салыстырғанда дауысты жуан-жіңішке, жоғары-төмен құбылтып отыру керек.

Губы круглые, язык назад - О, язык вперед - Ө.

Жаңа дыбысты, әріпті үйретуде көрнекі жазылған жеке буындар қолданылады. Мысалы, -са деген буынды оқып тұрған кезде, көрсеткішпен екінші буын, -уын деген екінші буынды оқып тұрған кезде, көрсеткішпен -шы деген үшінші буын көрсетіледі. Сонда сөз **са-уын-шы** болып шығады. Сауыншы сөзін буынға бөліп тағы бір рет оқиды. Мұғалім өзі оқып болған соң, әр оқушыға оқытады. Мұндай әдіс сабақты жандандырып ойын элементін енгізгендей қызықтырады. Көрнекі құралдары жеке буындардан құралған сөздерді мұғалім тақтаға жаздырып, одан дәптерлеріне көшіртеді, орыс тіліне аудартады. Сабақ барысында оқушылардың толық игермеген дыбыстарының жасалу, айтылу жолдарын қайталатып, естеріне салып пысықтап отырған дұрыс. Айтылған тәсілдердің көздейтін мақсаты – оқушыларға қазақ тіліндегі жуан және жіңішке дыбыстарды үйрету, қазақша дұрыс сөйлей білуге, сауатты жаза білуге дағдыландыру, грамматикалық ұғым беріп, сөздік қорларын байыту.

Әрбір дыбыстың оқылу, жазылу ерекшеліктері, оның басқа дыбыстармен ұқсастығы салыстырылып оқылады.

Жазудағы таңбасы, осылардың бәрі бірінші сағатта үйретіледі. Құрамында оқылып отырып жаңа дыбысы бар сөздер, ол сөздердің жазылу емлесі түсіндіріледі.

Жаңа дыбысты өтуге арналған сабақ оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға арналады. Әр сабаққа мөлшерленген материалдарды мұғалім жүйелі түрде пайдаланбаса жақсы нәтижеге жете алмайды. Өйткені, әр дыбыстың өзіндік ерекшелігін естіп, танып, меңгеріп кету дағдысы бірден қалыптаспайды.

Бұл әдіс оқушылардың ауызша сөз жаттау арқылы сөздік қорларын байытуға көмегін тигізеді, әрі жаңа әріптерді сауатты жазуға, дұрыс айтуға жаттықтырады. Ал, қазақ тілінде о дыбысы барлық сөзде де өзінің дыбысталу қасиетін сақтайды, өзгермейді. Ө, о дыбыстарының жуан, жіңішке болып келетінін, басқа сапалық қасиеттерін түсіндіргенде, бір буынды сөздерді салыстырады.

Ор - өр, он - өн, от - өт. Оқушылар әрбір жаңа дыбыстың дыбысталу ерекшелігімен танысып, сол әріптің емлесін де түсініп алады. Ол түсініктер әр түрлі жаттығу жұмыстарымен бекітіледі. Ө дыбысының жіңішкелік қасиетін көп буынды сөздермен мысал келтіру арқылы түсіндіру пайдалы. Дыбыс ерекшеліктеріне сәйкес оқулықта берілген ережелерді біршама толықтырып, орысша түсіндірген жөн. Мәселен, І дыбысын оқыған кезде Ы дыбысымен салыстырып түсіндіру барысында: звук І - мягкая разновидность звука **ы**. Звук **і** в казахском языке произносится очень кратко. Из - за краткости произношения слышится как **в**, однако **і** - самостоятельный звук, придает слову определенное значение, без него оно теряет смысл.

Мысалы: ін

Іні

Сыз

Сіз

Ыс

Іс

Сондықтан жеке дыбыстың дыбыстық айырмашылығын, қасиетін таныту жұмысы сол дыбыстың таңбасын жазылу ерекшеліктеріне сәйкес үйрету жұмысымен бірге жүргізіледі. Бұл үшін мұғалім өзінің күнделікті сабағында оқулықта берілген материалдармен шектеліп қалмай, көптеген дидактикалық материалдарды да пайдаланады. Сөйтіп сабағын қызықты, тартымды етіп жүргізеді. Мысалы, **ө** дыбысын өткенде, мұғалім бұл дыбыстың оқушыларға бұрыннан таныс қандай дыбыспен ұқсас екенін сұрайды. Балалар **ө** дыбысының айтылуы мен жазылуының **о** дыбысына ұқсайтынын айтады.

Орыс тілінде **о** дыбысы екпін түскен сөзде **о** естілсе, екпін түспеген сөзде **а** естіледі. Оқушылардың кей жағдайда **і** дыбысын **и** дыбысына ауыстырып айтуы да кездеседі. Сондықтан звук **і** имеет более узкую артикуляцию, чем русский звук **и** -деп мысал арқылы талдап түсіндіру қажет: бір (один), екі (два), кім (кто), ірі (крупный). Жеке дыбыстардың оқылу ерекшеліктерін салыстыра оқыту, таныту кезінде сөзді дұрыс оқуға оқушылардың өздері тез жаттығады. Сондай-ақ дыбысты дұрыс оқымаған жағдайда сөз мағынасының өзгеріп кететінін түсінеді.

Сөз ішіндегі жаңа дыбыстарды тану үшін алдыңғы сабақтағы көрнекі құралдарды пайдалану қажет. Мысалы, көрнекі құралдағы сөздерді **ө** дыбысының бірінші буында келетінін бірінші бағанға, екінші буында келетінін екінші бағанға, үшінші буында тұрған сөздерді үшінші бағанға көшіріп жаздыртады. Сөз ішіндегі жаңа дыбысты танытудың екінші түрі – жазбаша және ауызша жаттығу жұмыстары. Жаңа дыбыстарды мұндай жолмен таныту жуан және жіңішке дыбыстарды түгел өтіп болғаннан кейін қайталау, пысықтау сабағында жүргізіледі.

“Звуки речи мы получаем в результате работы легких, гортани, мягкого нёба, языка и губ... Когда мы говорим, мы выдыхаем из легких воздух. Воздух по дыхательному горлу проходит в гортань. Из гортани при том или ином положении голосовых связок, воздух выходит с голосом или без голоса (с шумом) через нос. Если воздух свободно проходит через рот, не встречая никаких препятствий, получаются одни звуки (а,о); Если встречаются те или иные препятствия, получаются иные звуки (с,ш); Если воздух выходит через нос, получаются опять иные звуки (м,н) и т.д.”,- деген пікірді мұғалім оқушыларға дыбыс туралы әңгімелегенде жақсылап ұғындыруы керек.

Мысалы, ы дыбысы орыс тілінде былай түсіндіріледі. - Произнесите звук ы и скажите, что происходит с губами (оқушыларға сәл ойлануға уақыт беріп, сонан кейін мұғалім олардан жауап күтпей-ақ, ойын әрі қарай жалғастыра береді). Губы чуть-чуть растягиваются, язык приподнят к нёбу. Осы айтылғандарды оқушылардың өздеріне істетіп байқату керек. Звук Ы твердый и гласный. Он произносится тверже, чем русский ы. Можно ли тянуть звук ы (оқушылар дыбысты созып айтып, оның дауысты дыбыс екеніне көздері жетеді). “Составляет ли слог звук ы?” деген сұрақ қойып, олардан жауап алынады. Оқушылар тақтада ілулі тұрған көрнекі құралдағы сөздерді буынға бөліп оқиды. Осы жолмен оқушылардың ұғымында ы дыбысының айтылу, жасалу ерекшелігі қалыптасады. Құрамында ы дыбысы бар сөздер кездескенде, оқушыларға оны буынға бөлгізіп, жеке айтқызып, тілі жаттықтырыла береді. Мұндай байқауларды пысықтау сабағында да қайталауға болады.

І дыбысын мұғалім:

- Произнесите звук і и скажите, что происходит с губами? Губы чуть растягиваются, язык продвинут вперед,- деп сұрақ-жауап арқылы түсіндіреді. Оқушылар і дыбысын

айту арқылы еріннің, тілдің қимылын байқайды. Егер олар ережені дұрыс түсінсе, **і** дыбысын айтпастан бұрын ерін мен тілдің қандай жағдайда, қай жерде тұруы керек екенін еске түсіріп, сонан кейін **і** дыбысын айтады.

Звук **і** мягкая разновидность звука **и**, он мягкий гласный. В русском языке такого звука нет. Звук **і** нельзя смешивать с звуком **и**. Произносите **и**, а затем **і**. Замечаете ли изменение в сложении языка? Осы сияқты оқушыларға сұрақ бере, салыстыра түсіндірсе, олар сабақты қызыға тыңдайды. Кезекті сұраққа жауап беруге іштей дайындалған оқушы мұғалімнің жауабын естіп, өз ойының дұрыстығына көзі жетеді, сұраққа жауап беруге іштей даярланып отырады. Мұнан кейін көрнекі құралдағы сөздерді буынға бөліріп оқытып, **і** дыбысын жіңішке айтқызып дағдыландырады.

Ұ дыбысын өткенде мұғалім:

- Произносите звук **ұ** и скажите, что происходит с губами и языком. При образовании звук **ұ** губы вытягиваются вперед, язык чуть отходит назад, и звук **ұ** произносится гортанно. Звук **ұ** в русском языке отсутствует деп, **ұ** дыбысының жасалу жолы мен айтылуын түсіндіреді. Мұғалім бірнеше сұрақ беріп (что происходит с губами? что происходит с языком? Как произносится звук **ұ**?), оған өзі жауап қайтарады. **Ұ** дыбысын айтқанда тілді, ерінді қандай жағдайға келтіру керек екенін ойланыңдар, сонан соң **ұ** дыбысын айтыңдар деп тапсырма береді. Балалар ойланып болды-ау деген кезде **ұ** дыбысын хормен айтқызып, қате айтқан оқушыға екінші рет қайталатады.

“Звук **у** является твердым гласным звуком, его можно тянуть, звук **ұ** составляет слог” деп, **ұ** дыбысының буын құрайтыны айтылады. Ол үшін көрнекі құралдағы сөздер оқылып, **ұ** дыбысын созып айтып, мысалға алынған сөздер буынға бөлініп таныстырылады.

Ал **ү** дыбысын түсіндіргенде:

- Произнесите звук **ү** и скажите, что происходит с губами и языком. При образовании звук **ү** губы протянуты вперед, язык чуть приподнимается к небу деген теориялық мәлімет берілген соң **ү** дыбысының қалай жасалатынын өзі айтып, сонынан оқушыларға қайталатады.

- **Ү** дыбысын айтқанда ерін мен тіл қандай жағдайда болады, соған көңіл аударыңдар. **Ү** дыбысының айтылуы біз өткен қандай дыбыстың жасалуына, айтылуына ұқсас? Дыбыстарды оқушылардың естеріне түсіреді, сұраққа жауап берулеріне көмектеседі. Ақырында, **ү** дыбысының айтылуы **і** дыбысының айтылуына ұқсас, айырмасы **ү** дыбысын айтқанда ерін алға созылып жиырылады. Ал, тілдің жағдайы **і** айтқанмен бірдей деп қорытады. Осы сияқты әрбір жаңа дыбысты түсіндіргенде, бұрынғы өткен дыбыстарды еске түсіріп, салыстыра қайталап отыру қажет. Мысалы, «звук **ү** мягкий звук, он составляет слог, его можно тянуть». **Ә** дыбысы **а** дыбысымен салыстырыла үйретіледі:

- Произнесите звук **ә** и скажите, что происходит с губами и языком. Произнесите **а**, затем звук **ә**. Какое изменение замечается в положении губ?

Ә дыбысының жасалу жолын мұғалім түсіндіргеннен кейін, оқушылар іштерінен ерін мен тілді сол дыбысты айтатындай жағдайға келтіреді, содан кейін **ә** дыбысын дауыстап айтады. Мұғалім бірнеше оқушыға **а** мен **ә**-ні бірінен соң бірін айтқызып, салыстырмалы түрде бұл дыбыстардың жасалу ерекшеліктеріне барлық оқушылардың зейінін аударады. Көрнекі құралдағы сөздерді оқытып, буынға бөлдіреді, **і**, **ә** дыбысының айтылу ерекшеліктеріне оқушылардың тілі жаттықтырылады.

Ө дыбысын өткенде мұғалім:

- Произнесите звук **ө** и скажите, что происходит с губами. Произнесите звук **е**, затем **ө**. Замечаете ли изменение положение губ? При произношении звука **ө**

губы округляются и сильно вытягиваются вперед. Когда произносим звук **е**, положение языка такое же как и в произношении звука **ө**, но есть разница в положении губ. Когда произносим **е** губы чуть растягиваются, а когда произносим **ө** губы округляются деп түсіндіріледі.

Бұдан кейін оқушылардың өздері алдымен іштей ерінмен тілді қандай жағдайға қою керек, соны ойлап алады да, сонан соң барып **ө** әрпін дауыстап айтады.

Мұғалім оқушылардан: «Алдымен **е** дыбысын, соңынан **ө** дыбысын айтыңдар, екеуінің айтылуында қандай айырмашылық бар», - деп сұрайды. Сөйтіп екі дыбысты салыстыра айтқызу арқылы оқушылардың өздеріне таныс емес **ө** дыбысының жасалу, айтылу жолдарын аңғартады, тілдерін жаттықтырып, естерінде қалдырады.

«Звук **ө** мягкая гласная» деген анықтама оқушыларға мысалмен түсіндіріледі. Бөлме деген сөзде неше буын бар? Екінші буында қандай дауысты дыбыс бар. Бұл сөздегі “**ө** дыбысы жіңішке дауысты ма, жуан дауысты ма? Екінші буындағы **е** дыбысы жіңішке ме, жуан ба?” деген секілді сұрақтар қойылып, оған мұғалімнің көмегімен жауап алынады. Осы сияқты бірнеше сөздерді талдау арқылы **ө** дыбысының орыс алфавитінде жоқ, қазақ тіліне тән жіңішке дауысты дыбыс екендігі түсіндіріледі.

О дыбысы мен **ө** дыбысын бірінің орнына бірін қолдануға болмайтын дыбыстар екені мысал арқылы дәлелденеді. Мысалы, от - огонь, өт - переходит, қол - рука, көл - озеро.

Тіл дыбыстарын үйрету барысында жазылған әріп пен жазбаша сөзден гөрі, айтылған дыбыс пен ауызша сөз әлде қайда тез есте қалады және ойда сақталады.

Жуан және жіңішке дыбыстарды үйрету, айту барысында фонетикалық дағдыларды меңгерту үшін әр түрлі ерекшеліктерді білуге тура келеді. Олар:

1. Дыбыстардың жасалуына қатысты артикуляциялық базаны игерту;
2. Дыбыстардың айтылуына байланысты ерекшеліктерді білу;
3. Дыбыстардың естілуіне қатысты өзгешеліктерді тану;
4. Дыбыстардың қолданылу ерекшеліктерін меңгерту.

Дыбыстардың жасалуына байланысты ерекшеліктерге фонетикалық тұлғалардың пайда болуы, олардың жасалуына қатысатын дыбыстау мүшелері мен сөйлеу мүшесінің қимыл-қозғалысы жатады. Оқушы дыбыстарды айту үшін қандай сөйлем мүшесі қалай қозғалатынын білуі қажет. Мысалы, қазақ тілінің дыбыстарының жасалуы ауыз қуысы мүшелері мен көмейге тығыз байланысты, әсіресе, ерін, тіл, тіс, дауыс шымылдығының белсенді қимыл - әрекеті мен қызметі дауыстылар мен дауыссыздарға бірдей әсер етеді.

Дыбыстардың айтылуына байланысты ерекшеліктер фонациялық ауаның қозғалысына қарай танылады.

Дыбыстарды айту, сөздерді дауыстап жеткізу фонациялық ауаның жиілігін, ықпалын, әуезін ескеруді талап етеді.

Орыс тілінде барлық дыбыстарға ұқсатып оқып қоймай, оларды жіңішкертіп оқиды.

“Жуан және жіңішке дыбыстарды оқушыларға қалай меңгертеміз?” деген мәселеге келейік.

Екі дыбысты салыстыру арқылы (ә,ө) оқушылардың өздеріне таныс емес ө дыбысының жасалу, айтылу жолдарын аңғартады, тілдерін жаттықтырып, естеріне қалдырады.

Ә,ө дыбыстарын түсіндіргенде тіл мен еріннің қатысын баса айтқан жөн. Тіл ұшының астыңғы жағы тіске жабысып, тіл ортасы бірден төмен түсетіндігі, бірақ ө дыбысын айтқанда еріннің кейін қарай жиырылатындығын (өкпе, көз, дәрі, дәрігер, дәке) түсіндіреміз. Сол сияқты ұ, ү, у әріптерін оқушыларға салыстырып, қандай сөйлеу мүшелері қатысатындығын сұрап, мысал келтіреміз. Қателессе,

түзетеміз. Ұ, ү дыбыстарына сипаттама жасаймыз. Ұ - тіс арты жуан дыбыс десек, ү-ні айтқанда ерін аздап алға созылады да, тіл ұшы астыңғы тіске тиеді. Ал у-ды айтқанда, тілдің ұшы кейін жиырылып, ерін алға қарай (кұлақ, жүрек, ауа,) созылады. Сондай-ақ, і-ні айтқанда тіл ұшы астыңғы тіске тіреліп, ерін жиырылады (білім, іні, берік). «Орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту тәжірибиелерінде ерекше 9 дыбысты орыс тіліндегі а, е, х, э, ю, о, у, е әріптерімен салыстыра отырып түсіндіру пайдалы екені көрініп тұр», - дейді К.Г.Аяпбергенова. Дауысты ә дыбысын а дыбысымен салыстыра отырып түсіндіруге болады. Алдымен ә мен а-ның айтылуындағы ерекшеліктерін оқушылардың өздеріне байқатамыз. Ә-нің тіл алды екендігін, а-ның тіл арты екендігін ұғындырып, дыбыстарды хормен айтқызамыз. Мысалы: әке, әже, дәрігер, бәрі, дәке, т.б. сөздерді бірнеше рет жеке-жеке хормен қайталаймыз. Осылай бірсыпыра жаттығудан кейін ә дыбысы кездесетін қысқа сөздер мен қысқа сөйлемдер құрастырамыз. Әлия – дәрігер, Әкем – дәрігер. Ауру дәрі ішті. Сондай-ақ, кәртішкелер арқылы жұмыстар жасауға болады.

Ал, ө мен о дыбыстарын да салыстыру арқылы түсіндіреміз. Тақтаға оқушыны шығарып, ө дыбысы бар сөздерді жаздыртамыз. Бұрынғы дыбыстарды өткендегідей қандай дыбыстау мүшелері қатысатындығын өздеріне айтқызамыз. Қателессе өзіміз көмектесеміз. Мысалы: көз, көкірек, төс, өт, жөтел, т.б. Ө дыбысы бар сөздерді хормен бірнеше рет қайталаймыз. Үйге тапсырма ретінде адам дене мүшелерінің ішінде ө дыбысы бар сөздерді жазып, жаттап келуді ұсынамыз. Әсіресе, ұ мен ү дыбыстарын түсіндіргенде у дыбысымен салыстырып, у дыбысымен шатастырмауын ескертеміз. Тақтаға 3 бағанаға сөздерді жазып, оны өздеріне оқытамыз:

1-бағанасы: жүрек, түр, жүр, жүйке, гүл, т.б.

2-бағанасы: құлақ, құс, тұмау, тұр, т.б.

3-бағанасы: су, бу, буын, ту, жу, т.б.

Ал, **ы** мен **і** дыбысын да жоғарыдағыдай салыстыра түсіндіріп, оқушыларды жаттықтырамыз. Үйге тапсырма ретінде **ы** мен **і** дыбыстары бар дене мүшелерін жазып келу беріледі.

Тіл үйретуде жуан және жіңішке дыбысты меңгертуде сурет бойынша жұмыстар жүргізуге болады.

Жуан және жіңішке дыбысты үйретуде мына тәсілдерді ұсынамыз: а) дыбыстау мүшелерінің қатысы арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу артикуляциясын үйрету:

ә) жуан және жіңішке дыбыстарды орыс әліпбиіндегі ұқсас дыбыстармен тіркестіріле айтылуына жаттықтыру.

Мұндай жаттығу оқушылардың дыбысты дұрыс айтуын, жазуын қадағалау тек фонетика бөлімінде ғана емес, курстың аяғына дейін назарымызда болады. Мұндай жаттығу әдістері біздің тәжірибемізде оқушылардың дұрыс сөйлеуін, жазуын және кейінгі кезеңдерде тілді дұрыс меңгеруін қалыптастырады.



КИЕЛІ ТІЛ

Тастамайтын жанынан шын бір елі
Қазақ тілін бойтұмар ғып жүр елі!
Осы тілде Ана әлдиін естідім,
Сондықтан да әрбір сөзі – киелі!

ТІЛДІК САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІКТІЛІК НОРМАЛАРЫ

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық тарихында туған тілдің тұғырын биіктетіп, мәртебесін арттыру мәселесі әрқашан басты әрі маңызды мәселе болып көтеріліп келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», - деп тұжырымдады. Ал, қазақ халқының тіл келешегі – бүгінгі мектеп оқушыларында.

Бүгінгі таңда қазақ мектептеріндегі қазақ тілі мәселесі, орыс тілді мектептердегі қазақ тілі мәселесі деп бөліп, жаруға болмайды. Қандай тілді мектеп болмасын, негізгі талап – өмірден өз орынын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу. Ал, тұлғаның қалыптасуына қажетті басты құрал – тіл.

Тілші ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерін, мерзімді баспасөз ақпараттарын, зерттеулерін негізге алсақ, бүгінгі оқушылардың тіл сауаттылығы, тіл тазалығы, жалпы, тіл мәдениетінің не себепті төменгі деңгейде екендігінің бірнеше себептері көрсетіледі:

1. Қазіргі жастардың көркем әдебиетке деген немқұрайдылығы. Кітап оқымаған адамның сөздік қоры да

аз болады.

2. Ата-аналардың тіл мәселесіне жете көңіл аудармауы.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін кейбір мұғалімдердің қатаң талап қоя білмеуінде немесе тіл мәдениетінің төмендігінде.

4. Оқушы ортасының әсері.

5. Ұлттық тәрбиенің, ұлттық педагогиканың қажетті деңгейде қолданылмауы.

6. Оқушының мемлекеттік тіл – қазақ тілі пәніне деген қызығушылығының оянбауы, патриоттық сезімінің қажетті деңгейде болмауы немесе мүлде жоқтығы, т.б.

Осы мәселелер қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін мұғалімдерді мазалайтыны белгілі. Оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?

Әр адамға ауадай қажет осы бір қасиетті де ғажап өнерге тәрбиелеу – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің қиын да құрметті міндеті.

Жалпыға міндетті білім беру стандартына сай қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілі пәнін оқытудың міндеттері төмендегідей:

- оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін (оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім) әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;

- оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;

- қарым-қатынас әдебінің нормаларын меңгерту;

- күнделікті өмір жағдаяттарында қазақ тілін орынды қолдана білуге дағдыландыру;

- оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу;

- оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, іскерлік дағдыларын жетілдіру;

- оқушылардың қазақ тіліне қызығушылығын дамыту, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында әр ұстаз өзінің педагогикалық тәжірибесіне, шеберлігіне қарай еңбектенеді.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар көптеп қолданылуда. Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні үшін модульдік оқыту технологиясы құрылымдық жағынан ыңғайлы.

Соңғы 2 жыл бойына «Оқушылардың сөйлеу әрекеті мен қатысым белсенділігін арттырудың жолдары» атты проблемалық тақырыппен айналысудамын. Осы тақырыптың алдында «Модульдік оқыту технологиясын қазақ тілі сабағында пайдаланудың тиімділігі» мәселелерін зерттеген болатынымын. Нәтижесінде, технологияның тиімділігі төмендегі жетістіктерді құрайтыны анықталды:

- белсенді сөздік қорын дамытуға ықпалын тигізеді;
- шығармашылық қажеттілігі қанағаттандырылады;
- оқытудың интерактивті формаларын пайдалану арқылы оқушы белсенділігі артады;
- оқу материалын жүз пайызға меңгереді;
- пәнге қызығушылығы артады, т.б.

Оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру, мемлекеттік тіл аясының қолданылуын кеңейту мақсатында төмендегі ұстанымдарды басшылыққа аламын:

1. Оқытудың ғылымилық ұстанымы.

Грамматикалық ережелерді оқыту барысында кез келген тақырыпты ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, түсіндіру қажет деп ойлаймын. Мұндай әдісті қолдану оқушыларға қазақ тілінің грамматикалық құрылымын терең әрі дұрыс меңгеруге, тілдік талдау жұмыстарын сауатты жүргізуге мүмкіндік

береді. Сабақта сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережесіне жиі көңіл аударамын. Бұл оқушылардың сөйлемді дұрыс құра алу біліктіліктерін дамытады.

2. Теориялық білімдерін практикамен ұштастыру ұстанымы.

Сабақ барысында алған теориялық білімдерін тілдік ортада, күнделікті қарым-қатынаста дұрыс қолдануларын қадағалаймын.

3. Оқушылардың дара ерекшелігін ескеру ұстанымы.

Қазақ тілі сабақтарында оқушы белсенділігін арттыратын әдістерді қолдану барысында күнделікті сабақта өзін көрсете білмейтін оқушы басқа қырынан танылуы мүмкін. Сондықтан дәстүрден тыс сабақ түрлерінде көбіне үлгерімі төмен оқушыларды көптеп тартамын. Сонда олар да өздерін біртіндеп еркін ұстауға үйрене бастайды. Ал, қабілеті жоғары оқушыларға қосымша материалдар бере отырып, ізденімпаздықтарын арттыруға күш саламын. Бір уақытта үлгерімі төмен оқушымен де, шығармашылық деңгейі жоғары оқушымен де жұмыс істеуде деңгейлеп оқыту әдісінің көмегі зор.

4. Оқушылардың тілдік сауаттылықтарын арттыруда жүргізілетін жұмыстардың, әдіс-тәсілдердің мақсатын, түрлерін, тиімділігін анықтау ұстанымы. Қандай тақырыпты алмайық, жүргізілетін жұмыстың мақсаты айқындалмайынша, белгілі бір жетістікке қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан оқушылар белгілі бір тапсырманы орындау барысында көздейтін мақсаттарын анық білулері тиіс.

Жалпы, тіл үйретудің сапалы әрі нәтижелі болуы көп жағдайда оқушының қабілетіне, мұғалімнің шеберлігіне, тілді үйрету тәжірибесіне, таңдаған оқыту тәсілдеріне, көрнекілікті, компьютерлер мүмкіндіктерін, интерактивті тақтаны, электрондық оқулықтарды шебер әрі дұрыс қолдануына және ең бастысы тілді үйренуге деген

оқушының ынтасына байланысты.

Мемлекеттік тілдің беделін арттыру, біздің – тіл жанашырларының тікелей міндеті деп есептеймін және осы бағытта аянбай еңбек етуге барша әріптестерімді шақырамын.



Сәбира ОРАЛБЕКҚЫЗЫ,
Семей қаласындағы
№28 мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ӨЛШЕМДІК БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ – ОҚУШЫЛАР БІЛІМІН НАҚТЫ БАҒАЛАУ КЕПІЛІ

Кейінгі жылдары көптеген елдердің білім беру кеңістігінде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру үрдісі жүріп жатыр. Оның мысалы ретінде Ресей мен Қазақстанның инновациялық мектептерінің өлшемдік бағалау жүйесіне көшу мүмкіндігін қарастыруын айтуға болады. Әсіресе, Пермь қаласының инновациялық мектептері мен Москваның №45 гимназиясының баспасөз бетінде таратып жүрген тәжірибесі және кейіннен «Назарбаев зияткерлік мектептері», Дербес білім беру ұйымы мектептерінің өткізіп жатқан онлайн семинарларының әдістемелік көмек ретінде маңызы өте зор. Өлшемдік бағалаудың қазақша баламасы қалыптаса қоймағандықтан, аудармасыз сол қалпы қалдыруды жөн көрдік.

Бұл жүйені мен өзімнің педагогикалық қызметімде қолдана бастадым, алдын-ала дайындық жұмысының

көптігіне қарамастан, оқушылар білімін бағалаудағы артықшылықтары бірден көзге түседі. Мұнда біз бағалау жүйесін мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы бақылау-диагностикалық байланысты іске асыратын тетік ретінде қабылдап отырмыз. Бағалау жүйесіне қойылатын талаптарды ескеретін болсақ, оқушылар білімін өлшемдік бағалау жүйесі сол талаптардың барлығына жауап бере алады.

Көптеген авторлардың ойы бойынша, өлшемдік бағалау дегеніміз – оқушылардың оқу жетістіктерін алдын ала нақты жасалған және оқушыларға таныстырылған өлшемдермен салыстыру үрдісі болып табылады. Өлшемдер білім беру мақсаттарынан анықталады. Өлшемдік бағалау мұғалімнің төмендегідей қағидаларды ұстануын қарастырады:

- оқушының жеке басы емес, оның жұмысы бағаланады;
- оқушы жұмысы басқа балалардың жұмысымен емес, алдын ала жасалған эталонмен салыстырылады;
- бұл эталон оқушыларға алдын ала таныс болуы керек;
- бағалаудың нақты алгоритмі жасалады, ол арқылы оқушы өз білімін бағалай алуы керек;
- нені оқыттық? неге үйреттік? Міне, осы дағдылары ғана бағаланады.

Өлшемдік бағалау жүйесінде қолданылатын терминдер:

Өлшемдер – нақты оқу мақсаттары;

Рубрикатор – оқушылардың әрбір өлшемі бойынша деңгейін нақты сипаттау және оған сәйкес келетін ұпай саны;

Дескриптор – нақты ұпайды алу деңгейінің сипатталуы;

Қалыптастырушы бағалар – кері байланыс үшін қолданылатын ағымдағы бағалар;

Нақтылаушы бағалар – тарау немесе модуль бойынша алынатын бақылау жұмыстарының бағалары;

Қорытынды бағалар – нақтылаушы бағалар негізінде қойылатын бағалар.

Өлшемдік бағалау жүйесі арқылы бағалаудың тәжірибемнен алынған нақты мысалдарын келтірейік.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні үшін төмендегідей өлшемдер алынды:

Өлшемдер	Сипаттамасы
А	білу және түсіну.
В	игерген білімін нақты жағдайда пайдалана білу.
С	қарым-қатынас және стилистика.

Рубрикаторлар бойынша белгіленген ұпайлар:

Өлшемдер	Оқушы жетістігінің ең жоғары деңгейі
А - білу және түсіну.	6
В - игерген білімін нақты жағдайда пайдалану.	6
С - қарым-қатынас және стилистика.	6

10-сынып, қазақ тілі (қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма)

Сын есім. Сын есімнің шырайлары және сөйлемдегі қызметі

Өлшемдер	Ұпай	Дескрипторлар
<p>А (мақ) 1. Сын есім туралы түсінік. 2. Сын есімнің шырайлары туралы жазыңыз, мысал келтіріңіз. 3. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі туралы жазып, мысал келтіріңіз. 4. Сын есімнің заттануы туралы жазып, мысал келтіріңіз.</p>	0	Төмендегі талаптардың ешқайсысы қамтылмаған.
	1	Берілген 2 сұраққа жауап берген. Сын есімнің шырайларын түсінгендігі байқалады. Сын есімнің шырайларына мысал келтіргенде 3-4 қателік жіберген.
	2	Берілген 3 сұраққа жауап берген. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін жете түсінбегендігі байқалады. Сын есімді қатыстырып мысал келтіргенде 2 қателік жіберген.
	3	Берілген 3 сұраққа жауап берген. Сын есімнің сөйлемдегі қызметін жете түсінбегендігі байқалады. Сын есімді қатыстырып, мысал келтіргенде 1 қателік жіберген.
	4	Берілген 4 сұраққа жауап беруге тырысқан. Сын есімнің заттануы тақырыбының мазмұнын түсінгендігі байқалады. Заттанған сын есімге мысал келтіргенде 2 қателік жіберген.
	5	Берілген 4 сұраққа толық жауап беруге тырысқан. Сын есімнің заттануы тақырыбының мазмұнын түсінгендігі байқалады. Дегенмен, заттанған сын есімге мысал келтіргенде 1 қателік жіберген.
	6	Берілген 4 сұраққа толық жауап берген. Сын есімнің шырайлары мен сөйлемдегі қызметі тақырыбының мазмұнын толық түсінген.
<p>В (мақ) 1. Мәтін ішінен сын есімді тауып, қай шырайда тұрғанын анықтаңыз. 2. Мәтіннің ішінен сын есімді теріп жазып, сөйлемдегі қызметіне қарай (1 бастауыш, 1 баяндауыш, 1 толықтауыш, 1 анықтауыш, 1 пысықтауыш) талдаңыз. 3. Мәтін ішінен заттанған субстантивтенген) сын есімді теріп жазу.</p>	0	Төмендегі талаптардың ешқайсысы қамтылмаған.
	1	Зат есімдерді тапқан, бірақ сөйлемдегі қызметіне талдау жасамаған.
	2	Зат есімдерді тауып, сөйлемдегі қызметіне талдау жасаған, бірақ талдау жұмысында 4 қателік жіберген.
	3	Зат есімдерді тауып, сөйлемдегі қызметіне талдау жасаған, бірақ талдау жұмысында 3 қателік жіберген.
	4	Зат есімдерді тауып, сөйлемдегі қызметіне талдау жасаған, бірақ талдау жұмысында 2 қателік жіберген.
	5	Зат есімдерді тауып, сөйлемдегі қызметіне талдау жасаған, бірақ талдау жұмысында 1 қателік жіберген.
	6	Зат есімдерді тауып, сөйлемдегі қызметіне талдау жасаған. Берілген тапсырма толық орындалған.

<p>С (мақ 10) 1. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» лексикалық тақырыбына мәтін құрау. Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы танымдық-ақпараттық мәтін құрайды. Сын есімнің шырайларын, салыстырмалы шырайдың екі түрін, асырмалы шырайда күшейткіш үстеулердің (тым,өте, ең, нағыз, аса) сын есіммен тіркесіп келуі мәтін мазмұнына қатыстырылу керек.</p>	0	Төмендегі талаптардың ешқайсысы қамтылмаған.
	1	Оқушының лексикалық қоры шектеулі: сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер кездеседі. 8 орфографиялық, 5 пунктуациялық, 6 грамматикалық қате кездеседі. Стильдік ауытқулар бар.
	2	Оқушының лексикалық қоры шектеулі: сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер кездеседі. 5 орфографиялық, 4 пунктуациялық, 4 грамматикалық қате кездеседі. Стильдік ауытқулар бар.
	3	Оқушының лексикалық қорының жан-жақтылығы байқалмайды: сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер біршама кездеседі. 4 орфографиялық, 3 пунктуациялық, 2 грамматикалық қате кездеседі. Стильдік ауытқулар бар.
	4	Оқушының лексикалық қорының кең екендігі байқалады: сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер кездеспейді, бірақ дұрыс құрылмаған сөйлемдер кездеседі. 2 орфографиялық, 1 пунктуациялық, 1 грамматикалық, 1 тілдік қате кездеседі. Стилі жанрға сай.
	5	Лексикалық қорының кең екендігі байқалады: сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер, дұрыс құрылмаған сөйлемдер кездеспейді. 1 жеңіл орфографиялық немесе 1 пунктуациялық қате кездеседі. Стилі жанрға сай.
	6	Оқушының лексикалық қорының кең екендігі байқалады: сөз қайталаулар, орынсыз қолданылған сөздер, дұрыс құрылмаған сөйлемдер кездеспейді. Стилі жанрға сай.

**Шығармашылық мазмұндама. «Таза бұлақ»
(Ы.Алтынсарин.) 10-сынып.**

Өлшемдік белгілері	Атауы	Оқушы жетістігінің деңгейі
А	Түсінігі. Негізгі ойды анықтау.	4

В	Сөздік қоры. Тіл байлығы.	4
С	Сауатты жазу. Тақырыптың ашылуы.	4
Жалпы		12

Мақсаты мен міндеттері:

Мәтіннің мазмұнын жазба түрінде жеткізу.

Төл сөзді төлеу сөзбен дұрыс пайдалана білу.

Стиль бірлігін сақтап, мәтінді 3-4 сөйлеммен жалғастыра отырып, Ы.Алтынсаринның бұл әңгіме арқылы не айтқысы, неден сақтандырғысы келгені туралы өз ойларын жазу.

Оқушылардың білімін бағалау өлшемдері

Жетістік нәтижесі	А	В	С
0	Тапсырма бойынша берілген өлшемдерді орындай алмады.	Тапсырма бойынша берілген өлшемдерді орындай алмады.	Тапсырма бойынша берілген өлшемдерді орындай алмады.
1	Негізгі ойды түсіне алғанмен, сөйлемдерді құрастырғанда екіден көп қате жіберген.	Оқушының жұмысында мәтіннің азат жолдары, кіріспесі мен қорытындысы жоқ. Сөздердің орын тәртібі сақталмаған.	Оқушы тақырыпты дұрыс аша алмаған. Стиль бірлігі сақталған. Емледен 10-15, тыныс белгіден 6-8 қате жіберген.
2	Негізгі ойды түсінген, бірақ ой жүйелігін сақтамаған. Сөздерді дұрыс пайдаланбаған.	Сөздік қорын кең пайдаланған, бірақ сөйлемдерді өзара байланыстыра алмаған.	Тақырыпты ашуда өз ойын дұрыс жаза білген. Емледен 8-10, тыныс белгіден 1-2 қате жіберген.

3	Мәтінді мазмұнының көлемінде ғана жазған, өз ойын қосып жаза алмаған.	Мәтін мазмұнын дұрыс, төл сөзді төлеу сөз арқылы жаза білген.	Ой тұжырымдауы жақсы, емлелік 2-3, тыныс белгіден 1-2 қате жіберген.
4	Мәтінді түсініп жазған. Мазмұнын аша білген. Мәтіннің мазмұнында қателік жібермеген.	Оқушының жұмысы азат жолға дұрыс бөлінген, кіріспесі мен қорытындысы бар. Тақырыптан ауытқымаған. Ы.Алтынсаринның бұл әңгіме арқылы не айтқысы келгенін, неден сақтандырғысы келгені туралы өз ойын стиль бірлігін сақтай отырып, 3-4 сөйлем көлемінде жеткізе білген. Жұмыс мазмұнын тақырыпқа сай орындаған.	Оқушы жұмысты тақырыпқа сай жазған.Стиль бірлігін сақтай отырып, синонимдер мен мақалдарды толық та орынды пайдаланған. Тақырыпқа сай әдеби жазба нормалары сақталған. Өз ойын жазғанда емлелік 1-2 қате жіберген.

Мәнерлеп оқуды бағалау өлшемдері

Мәтін мазмұнын білу.	Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы.	Логикалық екпінді дұрыс белгілеп, кейіпкерлердің эмоционалдық көңіл-күйін жеткізу.	Сөздерге екпінді дұрыс қою.	Өнер шеберлігі (артистичность).	Қорытынды.
2	2	2	2	2	10

Оқушының жинаған ұпайлары төмендегі көрсеткішпен бес ұпайлық жүйеге ауысады:

«5»-89-100 % ; «4» - 75- 88%; «3» - 61-74 % ; «2» - 60 % және одан төмен.

Тоқсандық баға нақтылаушы бағалар негізінде қойылады. Бұл оқушының шынайы білім жетістіктерінің көрінісін береді.

Сонымен, өлшемдік бағалау жүйесінің артықшылықтарына мұғалім көзімен қарасак:

1. Пәннің оқу мақсаттарына сәйкес, оқытушының көңіл күйіне байланыссыз;
2. Оқушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;
3. Бағалау оқушыға да, ата-анаға да түсінікті;
4. Оқушының өзін-өзі бағалау дағдысын дамытады;
5. Оқушылардың өз еңбегінің нәтижесіне жауапкершілігін арттырады.



Құралай УАХИТҚЫЗЫ,
Павлодар қаласындағы
№41 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ НЕГІЗІНДЕ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ

1-слайд.

Тренингтің тақырыбы:
**Қазақ тілін халықаралық
стандарт негізінде
деңгейлеп оқыту**

Тренингтің мақсаты: *заман талабына сай оқытудың жолдарын меңгерту.*

Міндеттері:

- Деңгейлеп оқыту жүйесімен теориялық түрде танысу;
- Тренинг арқылы теория мен практиканы ұштастыру;

Тренингтің тақырыбы: «Қазақ тілін халықаралық стандарт негізінде деңгейлеп оқыту».

«Разноуровневое обучение казахскому языку на основе международного стандарта».

Тренингтің мақсаты: заман талабына сай оқытудың жолдарын меңгерту.

Міндеттері: Деңгейлеп оқыту жүйесімен теориялық түрде танысу;

Тренинг арқылы теория мен практиканы ұштастыру.

2-слайд.



Психологиялық тренинг – қатысушылармен танысу. «Күннің шуағы» немесе «Жүрек жылуы».

(Мұғалімнің қолында – «жүрек». Ол өзін қысқаша 2-3 сөзбен таныстырып, келесі адамға жақсы тілек, лебізін білдіріп, жүректі ұсынады. Ол өзін таныстырып, тілегін айтып, келесі адамға береді. Осылай айналып, қайта өзіне келеді.)

3-слайд.

Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқытуда туындайтын жағдайлар:

Жеңіл / Қиын

(Қатысушылардың бәрі ауызша жұмыс жасау керек).

Орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту

ЖЕҢІЛ	ҚИЫН
✓	✓
✓	✓
✓	✓
✓	✓
✓	✓
✓	✓
✓	✓
✓	✓
✓	✓
✓	✓

4-слайд.

КОМПОТ

Алма	
Алмұрт	
Шие	
Қант	
Су	

КОМПОТ

1. Алма; 2. Алмұрт; 3. Шие; 4. Қант; 5. Су.

(Сіз – алмасыз, сіз – алмұртсыз, сіз – шиесіз, сіз – қантсыз, сіз – сусыз).

Жүргізуші біреуін атағанда орындарынан тұрып келеді.

«Компот» дегенде өз орындарына отырады.


Осы ойын арқылы топқа бөлінеміз.

5-слайд.

«Мен де режиссер бола аламын» жобасын қорғау.

(Сам себе режиссер)

Жобаны қорғау- мен де режиссер бола аламын



6-слайд.

“Үндемес” ойыны (5 минут)

1. Топқа тақырып беріледі.

Мысалы: Қазақстан, Аналар мерекесі, Наурыз мейрамы т.б

2. Плакат, маркер беріледі

3. Тақырып бойынша сурет салады.

Топ мүшелері бір-бірімен сөйлесу керек

4. Сыныптың алдында қорғайды

“Үндемес” ойыны.

1. Топқа тақырып беріледі. Мысалы: Қазақстан, Аналар мерекесі, Наурыз мейрамы, т.б.

2. Плакат, маркер беріледі де, тақырып бойынша сурет салады.

(Топ мүшелері бір-бірімен сөйлесу керек).

3. Сыныптың алдында жұмыстарын қорғайды.

7-слайд.

Мультипликациялық бағдарлама

(5 минут)

I Жеке дара жұмыс:

1. Топ мүшелері өзіне ұнайтын мульткейіпкердің суретін қағазға салады

II Топпен жұмыс

1. Топпен бірге отырып ертегі құрастырады.

2. Ертегіні рөлге бөліп сыныптың алдында ойнайды

Мультипликациялық бағдарлама.

Жеке-дара жұмыс: топ мүшелері өзіне ұнайтын мульткейіпкердің суретін қағазға салады;

Топпен жұмыс:

1.Топпен бірге отырып ертегі құрастырады.

Ертегіні рөлге бөліп, сыныптың алдында ойнайды.

8-слайд.

Сөйлесу әрекеттері

- Оқылым - чтение
- Жазылым – письмо
- Сөйлесім - говорение



Сөйлесу әрекеттері:

- Тыңдалым;
- Оқылым;
- Айтылым;
- Жазылым;
- Тілдесім.

9-слайд.

“Апта күндері” ойыны

Ойынның мақсаты: *апта күндерін пысықтау.*

Ойынның шарты: *кестені толтыра отырып, монолог құрастыру*

	дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма	сенбі	жексенбі
Мектепте болдым	*	*	*	*	*	*	
Кітапханаға бардым			*				
Достарыммен кездестім		*				*	*
Қонаққа бардым							*

“Апта күндері” ойыны.

Ойынның мақсаты: апта күндерін пысықтау.

Ойынның шарты: кестені толтыра отырып, монолог құрастыру.

Мысалы: Мен дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі....күні мектепке бардым. Ал, жексенбіде демалдым. Сен ше?

(Ойында сөйлесу әрекеттерінің барлығы қолданылады).

10-слайд.

“Бинго” ойыны

Ойынның мақсаты: ай аттарын және отбасы, достар тақырыбын бекіту

Ойынның шарты: туысыңның, достарыңның туған күнін есіңе түсіріп, ұяшықтарды тез толтыру.

Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір
.....
Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз
.....
Қыркүйек	Қараша	Қараша	Желтоқсан

“Бинго” ойыны.

Ойынның мақсаты: ай аттарын және «Отбасы», «Достар» тақырыбын бекіту.

Ойынның шарты: туысыңның, достарыңның туған күнін есіңе түсіріп, ұяшықтарды тез толтыру.



Нұржамал СМАНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогика университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Жаны ізгі адам айналасына жылу беріп жүреді. Күн сияқты шуағын төгеді. Бір ауыз жылы сөзімен-ақ адамды бауырына тартады. Қолынан келген жақсылықты аяп қалмайды және онысына бірдеңе дәметпейді. Өйткені, бұл – оның өмірлік өлшемі. Ондай адамдар өз басынан бұрын өзгелердің қамын ойлайды. Қоғам мүддесін де жоғары қояды. Осылайша өзі де өседі. Биіктейді. Биіктеген сайын жаны жасарып, мінезі де ақ мақтадай мамықтанып, жұмсара түседі. Ұлылық дегеннің өзі – қарапайымдылық, жаны ізгілік. Ондай адамдар еш уақытта да «ұлымын» деп тасымайды, «кішірейдім» деп жасымайды. Мұндай адамдардың арамызда жүргеніне қуанамыз. Олардан ұлағат, бойымызға қуат аламыз. Ақыл-кеңес сұраймыз. Өнегесін жастарымызға үйретеміз. Шәкірттерімізді «солардай болыңдар» деп тәрбиелейміз.

Бойындағы бар асыл қасиеті мен дара дарынын, дарқан көңілін, білімі мен біліктілігін ұрпақ тәрбиелеуге арнаған үлкен парасат иесі, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлттық педагогиканың абызы Күләш Құнантайқызы – міне, осындай адам. Ұстаздардың ұстазы болып жүрген Күлекеңнің өнегелі ғұмыры кім-кімге болса да ізгілік нұрын сыйлайды. Бағыт-бағдарын айқындауына жөн сілтейді. Адастырмас бағдаршам іспетті.

«Халқыңа қызмет ет, ізгілерге ізет ет, жаны жайсаңдарға құрмет ет», – дейді сопылық ілімнің негізін салушы Қожа Ахмет Иассауи. Сол айтқандай, Күләш Құнантайқызы бар саналы ғұмырын халқына қызмет етуге, ізгілерге ізет көрсетуге және жаны жайсаңдарға құрмет етуге арнады. Жас ұрпақты, болашақ маман тәрбиелегеннің өзі соған саяды емес пе? Өйткені, өнегелі ұстаздың алдын көрген кешегі шәкірт-студент – бүгінгі ұстаздар, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, зиялы азаматтар ғой. Ендеше, ұлағатты ұстаздың жүріп өткен өмір жолына, бел-белестеріне қысқаша саяхат жасап көрейік.

Күләш Құнантайқызы 1931 жылдың 4 наурызында Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келген. 1952 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының филология факультетін тәмамдаған. Өзінің еңбек жолын ауылдық мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруден бастаған ол арада екі жыл өткен соң комсомолдық жұмысқа шақырылады. Аудандық, облыстық, республикалық комсомол комитеттерінде хатшылық қызметтер атқарды. Жастарға жетекшілік етті. 1964-67 жылдары Қазақ КСР Жоғары және арнаулы білім министрінің орынбасары лауазымдық қызметінде істеді. 1966 жылы «Некоторые внеучебные трудовые и образовательные объединения учащихся Казахстана» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Осы кандидаттық жұмыстың өзінен-ақ Күләш Құнантайқызы жастар тәрбиесін ғылыми негізде дамытудың жолдарын іздестіруге жан-жақты талпыныс жасайды.

1968 жылдан 1984 жылға дейін он алты жыл бойы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарды. Басшылық қызметті өзіне сеніп тапсырылғанын жан дүниесімен сезінген ол бірқатар іс-тындырды. Еліміздегі нәзік жандарға арналған жалғыз

жоғары білім ордасының материалдық-техникалық базасын едәуір нығайтты. Нығайтты деп айтуға ғана оңай. Мұның арғы жағында қаншама төгілген тер, мазасыз жылдар өткені белгілі.

Білім ордасының материалдық базасымен мұқият танысып шыққан Күләш Құнантайқызы не істеу керек екендігін тұжырымдап-қорытындылап алғаннан кейін республиканың сол кездегі басшысы, халқымыздың қадірменді ұлдарының бірі – Д.А.Қонаевтың қабылдауына барады. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты республикамыздағы өзіндік тарихы, өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар іргелі жоғары оқу орыны екенін және бұл оқу ордасы қазақ қыздарының арасынан білікті педагог мамандар дайындау жөніндегі өзіндік тарихи міндетін абыроймен өтеп қана қоймай, сонымен бірге алдағы болашақта да бұл міндетті жан-жақты жетілдіре беретінін айтады. Сондықтан институттың материалдық базасын нығайтуға қаражат бөлуге көмектесуін өтініп, алдын-ала дайындап алған жаңа құрылыстардың жоспарын, сәулеттік жобаларын ұсынады.

Республика басшысы жаңа ректордың алғырлығына, ұйымдастырушылық қабілет-қарымына дән риза болады. Қазіргі тілмен айтқанда, оның бизнес жоспарының келешегі зор екеніне сенеді. Сөйтіп, көпке созбастан, институтқа арнап мемлекеттік бюджеттен үлкен көлемде қаржы бөлдіреді. Бөлінген қаржы тез арада игерілуге тиіс. Қазіргі Гоголь — Сейфуллин – Байтұрсынұлы көшелерінің қиылыстарындағы шаршыда бой көтерген студенттер жатақханалары, міне, сол жылдары салынды. Әрқайсысы 350-400 орынды төрт жатақхана ғимаратында 1400-1600 студент орналасты. Олардың бәрі де қалаға тіркелінді. Сол кезең үшін бұл үлкен жетістік болатын.

Құрылыс мұнымен ғана шектеліп қалмады. Бір мезгілде 800-ден 1200-ге дейін адам тамақтанатын сәулетті асхана

да салынды. Заман талабына сай зәулім спорт кешені іске қосылды. Масанчи көшесі мен Сейфуллин даңғылының қиылысынан бой көтерген төрт қабатты жаңа оқу корпусы да – сол уақытта дүниеге келген құрылыс нысаны. Мұнда ең үлкен үш факультет: жағрапия-химия, тарих-кітапхана және физика-математика факультеттері орналасты. Оған қоса институт қызметкерлері үшін тұрғын үй де бой көтерді. 80 пәтерлі үйге негізінен соғыс жылдарынан бері үйсіз жүрген оқытушылар және соғыста қаза болған институт қызметкерлерінің отбасы мүшелері кірді. Бұл үшін Күләш Құнантайқызына студенттер де, оқытушы-профессорлар құрамы да ризалық сезімін білдірді.

Жаңа басшының іскерлігі мұнымен де шектеліп қалмады. Ректорлық қызмет еткен сол 16 жыл ішінде ол білім ордасының оқу және ғылыми жұмыстарының да материалдық базасын жақсартуға үлкен еңбек сіңірді. Жаңадан 12 зертхана ашылып, оған керекті ең жаңа үлгідегі құрал-жабдықтар мен аспаптар сатып алынды. Студенттерге әр салада дәріс беріп, олармен ғылыми жұмыс жүргізуге жағдай туды, институтқа білікті де тәжірибелі мамандар шақырылды. Студенттердің саны да өсті. Күндізгі және сыртқы оқу түрін қоса есептегенде олардың саны 3600-ден 6200-ге жетті.

Қапшағай теңізінің жағасындағы демалыс орыны да Күләш Құнантаева ректор болған жылдары салынған еді. Осы кісінің басшылығымен құрылған «Айгүл» ансамблі кезінде одақ көлемінде кең танылды.

Шебер ұйымдастырушы, білікті ұстаз қазақ қыздарының тәрбиесіне, олардың педагог-маман болып қалыптасуына, ғылым саласында өзіндік жолын іздеп табуына көп күш жұмсады. Оның ғылыми еңбектері де педагогика саласын дамытуға бағытталған. Осы салада жасөспірімдер тәрбиесін зерттеп, тың ой-пікірлер айтты. Оның сабақтан тыс,

мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

Күләш Құнантайқызының қазақ қыздарын оқыту және тәрбиелеуге арналған ғылыми зерттеулерінің мәні мен маңызы талай ғылыми еңбекке жүк болатыны даусыз. Осы педагогика саласына деген адалдығы, шынайы берілгендігі оның айналасындағыларға, әсіресе, шәкірттеріне әрдайым өнеге болумен келеді. Мұны шәкірттерінің өздері де мойындайды. Мысалы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры І.Р.Халитова: «Профессор Күләш Құнантаева – менің ұстазым. Осындай қазақтың ардақты, парасатты, данагөй қызымен кездестірген тағдырыма мың алғыс айтамын. Ұстазым Күләш Құнантайқызымен сұхбаттасып өткізген кездерімді өмірімнің аса бір бақытты сәттері деп санаймын», – десе, тағы бір шәкірті – педагогика ғылымының кандидаты, доцент А.Ш.Икрамова:

Білімді де білікті,
Қайратты да көрікті.
Зерделі де әдемі,
Сөзі асыл, кәделі,
Сұлу, нәзік келбетті,
Аппақ дана жүректі.
Парасатты, шынайы,

Әділетті, ізетті, – деп өлең жолдарын арнайды. Мұндай жүрекжарды лебіздер көп-ақ.

Қалай болғанда да, Күләш Құнантаева – ең алдымен, кісілік келбеті келіскен таза жүректі адам. Үлкен әріппен айтуға лайық ғалым, білікті де ұлағатты ұстаз, шебер ұйымдастырушы, дара тұлға. Педагогика ғылымдарының докторы. Бұл ғылыми дәрежені ол – қазақ қыздарының ішінде тұңғыш алған кісі. Тұңғыш дегеннен шығады. Күләш Құнантаева қазақ әйелдерінің ішінен бірінші болып КСРО

Педагогика Ғылым Академиясына мүше-корреспондент болып сайланды. Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының да 1990 жылы корреспондент-мүшесі, кейіннен академигі болып сайланды. Ресей Білім академиясының да қазақ әйелдерінен бірінші шыққан толық мүшесі саналады. Ол кісіні Грузия Білім академиясы да академик етіп сайлады. Басқа да толып жатқан қоғамдық жұмыстары бар. Ол 1985-1992 жылдары Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтының докторлық диссертация қорғау кеңесінің және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторлық диссертация қорғау кеңесінің мүшесі болды. Қазақ мемлекеттік педагогика институтындағы кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғау кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Жоғары аттестациялық кеңесінің педагогика, психология бөлімінің сарапшылық кеңесінің төрайымы сияқты қыруар іс-шараларды атқарды.

Ғалым-ұстаз Күләш Құнантайқызы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің (IX-X шақырылған) депутаты да болды. Бұл да ол кісіге артылған үлкен міндет болатын. Өзіне деген халық сенімін абыроймен ақтады. Білім берудің ғылыми негіздерін жасауда да көп тер төкті. Ғылыми ізденістер жасады. Көптеген кітаптар мен оқулықтар жазды. Оларда Қазақстандағы мектеп, кәсіптік орта білім, жоғары білім беру салаларының дамуымен бірге келелі мәселелері қарастырылып, оларды шешу жолдары да көрсетілген. Осылайша ғалым педагогика ғылымдарының жаңа белеске көтерілуіне өлшеусіз үлес қосып келеді.

Статистикалық есепке жүгінер болсақ, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Күләш Құнантайқызы 360-тан астам ғылыми еңбектің авторы екен. Олардың ішінде монография, кітаптар, оқулықтар бар. Оның жетекшілігімен 24 ғылым докторлары мен кандидаттары даярланды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, ғалым-педагог **Күләш Құнантайқызы** бүгінде сексеннің сеңгіріне шықса да, «Қартайдым, қайғы ойладым» деп жан тыныштығын ойлаудан аулақ. Бойы сергек, ойы тұнық. Әлі де жас ұрпаққа білім беруден, ғылымға ұмтылған қазақтың талантты қыздарын жетелеуден шаршайтын емес. Қолынан қаламы түспей, өзі де ғылыми ізденуден қалмай еңбек етіп келеді.

Күлекеңнің бір шәкірті, педагогика ғылымдарының кандидаты **Махаббат Садықова**: «Барлық уақытта әділдікті жақтап, лауазым кумай, керісінше, адал еңбегі арқасында қызметтердің өзі қуып келгендей елге үлгі боларлық ұстаз бейнесі оның жүріп өткен ғұмырлық ұзақ жолында айқындалып, айшықтала түсті», – деп бағаласа, ғылым кандидаты **Айгүл Алтынбаева** деген тағы бір шәкірті ұстазына: «Сіз — асқар тауымызсыз, Сіз – бақша бауымызсыз, Сіз — бетке ұстар арымызсыз, Сіз – таусылмас қорымызсыз, Сіз — еркелеп барар төрімізсіз. Бәйтерегіміз болып тамырыңызды тереңге жая беріңіз!»- деп тебіренеді.

Ғылымдағы, өмірдегі ізі өшпейтін дара тұлға, қазақтың қайраткер қызы, шынайы ұстаз, ардагер ағартушы, шебер ұйымдастырушы – барлық салада бірінші болған және ешуақытта өз жолынан жаңылмаған биік парасат иесі үшін бұл – шынайы берілген әділ баға. Мұндай баға ғалым-педагогты бұрынғысынан да жігерлендіре, шабыттандыра түсетіні даусыз. Ендеше, біз де осылай болатынына сенеміз.



Раушан КАМЕТОВА,
преподаватель Каспийского Государственного
Университета Технологии и Инжиниринга
им.Шахмардана Есенова.
г.Актау.

РОЛЬ ЗАГЛАВИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЦИКЛИЧЕСКОГО КОНТЕКСТА Н.ЧЕРНОВОЙ

Новейшее время создало все предпосылки для активного формирования циклического контекста с преобладанием романтической жанровой содержательности. Главной причиной активизации обозначенного аспекта в циклической форме явилась необходимость определения индивидуальной философской позиции, личностной точки зрения на конкретную проблему или устройства миропорядка в условиях нарушенных отношений между человеком и его социальными интересами, с одной стороны, и нормами жизни общества, с другой.

С 1980-х годов к жанру лирического цикла (сокращенно – ЛЦ) обратились поэты разных поколений и литературных направлений. Классической ясностью и гармоничной соразмерностью элементов контекста отличаются циклы М.Борисовой, Р.Казаковой, В.Ковды, М.Луговской, Д.Самойлова, Н.Слепаковой, Н.Черновой. Virtuозность формы, эпатажность стиля, оригинальность поэтических приемов становятся дифференцирующим признаком циклов, созданных в 90 годах XX века. В это же время в поэзии наметилась тенденция на усложнение жанровой природы

ЛЦ. Поэтом, начавшим преобразования в обозначенном направлении, стал И.Бродский. Создание И.Бродским первых оригинальных циклов относится к 1960 годам: поэт в своем развитии опережал литературный процесс на два - три десятилетия. Интерес к циклам «Новые стансы к Августе» (1964), «Письма римскому другу» (1972), «Двадцать сонетов к Марии Стюарт» (1974), время создания которых выходит за пределы изучаемого нами хронологического периода, обусловлен задачами настоящего исследования и спецификой творчества поэта, репрезентующего основные признаки эпохи постмодернизма. В последнем утверждении необходимо подчеркнуть такую значимую характеристику творчества И.Бродского, как мышление циклами: произведения, выделенные поэтом в отдельные циклические образования, проявляют тенденцию к контекстным отношениям нового, высшего типа.

Вслед за И.Бродским к созданию «жанровых» и «жанрово-мотивационных» ЛЦ обратились П.Вегин, А.Вознесенский, С.Кекова, Т.Кибиров, В.Коробов, Э.Крылова, И.Лиснянская, Н.Матвеева, Ю.Мориц, Д.Самойлов, Г.Сапгир, О.Седакова, В.Соснора, Б.Чичибабин, В.Шалыт, А.Ширяев.

Одним из проявлений активизации циклического мышления является тот факт, что закономерности организации циклического контекста заняли доминирующую позицию в процессе образования новых жанров. Молодыми поэтами 1990 годов апробированы жанровые образования, базирующиеся на циклическом принципе построения: цикл циклов Т.Тарановой, книга циклов М.Кудимовой, полициклоид И.Бондаревского.

Обозначенные тенденции свидетельствуют о том, что литература 1980-1990 годов, в целом, и лирика, в частности, начинают тяготеть к философскому постижению Бытия, что получает художественное закрепление в циклических

новообразованиях с преобладающим в них эпическим содержанием и содержательным аспектом.

В ЛЦ концептуально-значимая функция сообщения текстовой и внетекстовой действительности выполняется заглавием произведения. Заголовок, являющийся обязательным признаком циклического образования, полифункционален по назначению. С одной стороны, заголовок апеллирует к внетекстовым рядам: бытовым или биографическим реалиям (Т.Кибиров. «Двадцать сонетов к Саше Запоевой»), культурно-историческим явлениям (Д.Самойлов. «Беатриче»), жанровой памяти (В.Коробов. «Крымские сонеты»). Поскольку ЛЦ - полижанровая структура, особенное значение обретают заголовки, обозначающие жанровую ориентацию всего цикла или отдельных стихотворений (Г.Сапгир. «Сонеты любимой»; Ю.Мориц. «Волосатое тело фашизма. Семь баллад и песен»). При этом эстетически значимыми становятся заглавия, фиксирующие нарушения сонетной формы (Г.Сапгир. «Сонеты на рубашках»), тематические отклонения от устоявшихся представлений о возможностях жанра (Б.Чичибабин. «Политические сонеты»), количественный показатель (И.Бродский. «Двадцать сонетов к Марии Стюарт»; Т.Кибиров. «Двадцать сонетов к Саше Запоевой»).

Материалом для исследования специфики «нежанровых» ЛЦ послужили тексты 32 разнообъемных циклов. Степень самостоятельности входящих в ЛЦ стихотворений различна. Только 10 «нежанровых» ЛЦ отличаются высоким «коэффициентом тесноты» (Ю.Тынянов) циклического ряда: стихотворения, образующие ЛЦ, объединены единым заглавием, подзаголовком, эпиграфом, не имеют индивидуальных наименований или эпиграфов, в некоторых обследованных циклах порядок расположения стихотворений закреплен цифровой последовательностью.

В подобных циклических единствах повышается роль наименования как структурообразующего начала. Так в заглавии ЛЦ В.Куприянова «Мгновения лета» дана установка на мозаичность, фрагментарность изображения разномасштабных событий, ретроспективно объединенных мотивом памяти.

Наименование цикла Г.Сапгира «Заячья капуста» организует текст на формально-композиционном уровне, мотивируя монтажный принцип сцепления относительно равнообъемных отрезков стихотворной речи, в написании которых отсутствуют строчные буквы, знаки препинания. Название цикла Г.Горбовского «Пятистишия», наоборот, «утаивает» основную идею произведения; в заголовке декларируется одна из особенностей строфической композиции.

Циклообразующая функция заглавия не всегда самодостаточна. В таких случаях эпиграф или подзаголовок ко всем стихотворениям цикла функционирует как значимое дополнение к заглавию текста. Как правило, в эпиграфах к ЛЦ определяется композиционный прием построения произведений. Например, цикл И.Бродского «Декабрь во Флоренции», состоящий из 9 пронумерованных стихотворений без названий, объединяет цитата из стихотворения А.Ахматовой «Данте»(1936), вынесенная в эпиграф:

Этот, уходя, не оглянулся... [1: 299]

В эпиграфе заявлена логика двойственного отношения лирического героя к Флоренции: если Данте воспринимал Флоренцию через сдвоенность чувства «любовь - ненависть», то субъект цикла И.Бродского ощущает город через сопряженность исторически отмеченного и современного времени, через противопоставленность времени и пространства.

К названию ЛЦ «Веселые!» М.Кудимовой (из книги циклов «Преображение») дан подзаголовок «Закулисный цикл». В корректирующей соотнесенности заглавия и подзаголовка реализован принцип жанрообразования данного контекста, при котором каждый последующий цикл уточняет или отрицает содержательность предшествующего. В сведенном эпиграфе к этому же циклу актуализируется идейно-значимый аспект произведения. Строки из народной песни и баллады повествуют о драматичности вечного несовпадения театральной (видимой) и каждодневной (сущностной) жизни «скоморохов» искусства:

*Веселые по улицам похаживают,
Гудки и волынки понашивают,
Промежду собой весело разговаривают.
- Да где ж веселым спать-ночевать?*

Народная песня. [2: 55]

Подзаголовок к названию цикла В.Тихомирова «Ночь в сугробье» - «Январский круг стихов» - выделяет концепт возвратно-поступательного движения как принцип сюжетостроения данного контекста.

В наименованиях «нежанровых» ЛЦ 1980-1990 годов активно проявляется установка на соотнесенность с внетекстовой действительностью, а именно: указание на факты биографии (И.Бродский. «Декабрь во Флоренции»), на художественный текст-источник (Д.Самойлов. «Беатриче»; Н.Слепакова. «Гамлет, Император Всероссийский»; М.Луговская. «Гойя-офорты»; И.Бондаревский. «Непобежденные мельницы»), на тип культуры (М.Луговская. «Читая Библию»; О.Шиленко. «Последняя чернокнижница»).

Характерной чертой постмодернистского ЛЦ является культурно-аллюзивная и реминисцентная перенасыщенность текста, в результате которой информация о культурных

внетекстовых сферах локализуется не столько (или частично) в заглавии, сколько в самом тексте ЛЦ. Так, например, заглавие цикла Д.Самойлова «Беатриче» манифестирует только один момент культурной преемственности, тогда как контекст содержит аллюзивно-реминисцентные отсылки к творчеству Петрарки, Шекспира, М.Лермонтова, А.Ахматовой, О.Мандельштама, поэтов-символистов, Б.Пастернака.

Если материализация затекстовой действительности в заглавиях современных «нежанровых» ЛЦ носит необязательный, факультативный характер, соответственно, возрастает циклообразующая функция заголовков. С этой точки зрения можно выделить заголовки, определяющие:

- а) закономерности сюжетно-композиционного развития цикла («Календарь» Р.Казаковой; «Сумма обстоятельств» Н.Кононова; «Перекресток» Р.Ипатовой; «Развитие метода» Г.Сапгира);
- б) ведущую систему образов («Акварели» В.Ковды; «Крестовский остров» А.Пурина; «Параллельный человек» Г.Сапгира; «Торговец астрами» Б.Кенжеева);
- в) тему, проблематику, «настроение» цикла («Стихи смятения» Н.Черновой; «Мгновения лета» В. Куприянова; «Тревога» В.Шалыт; «Черное эхо» М.Борисовой);
- г) особенности формального строения цикла («Пятистишия» Г.Горбовского).

Специфичной функциональностью отличается тип номинации, представленный в цикле Г.Сапгира «Заячья капуста», в книге циклов М.Кудимовой «Преображение», в цикле циклов Т.Тарановой «Сердцебиение». Оригинальность обозначенных типов наименований проявляется в принципе сообщения с текстом: не повторяясь в лексической или образной системе цикла, заглавия определяют тип организации сюжета, композиции, образов, метрики ЛЦ.

В заглавии ЛЦ Г.Сапгира «Заячья капуста», на первый взгляд, сконцентрирована информация об особенностях формального строения произведения. Цикл состоит из равнообъемных строф, в написании которых поэт придерживается принципа единообразия. В тексте отсутствуют строчные буквы и смыслоразличительные знаки препинания, «тире» и «многоточие» усложняют ассоциативность произведения:

*здесь за дюнами -
длинная
полузасыпана -
...разгрести песок -
захоронена
..вся лохмотьями
в ржавой прокаже -
что за штуковина?
руки отряхнул -
железяка мертвая
или женщина... [3: 78]*

Фрагментарность, доведенная до предельного выражения, позволяет обнаружить содержательный аспект взаимодействия заглавия и текста: в калейдоскопичности и равнозначности лиц и событий выявляется драматизм воззрений субъекта ЛЦ, реально осознавшего суетность человеческой жизни.

В ЛЦ Т.Тарановой “Сердцебиение” ритм сердцебиения единственный раз обозначился в стихотворении “Лиса” второго цикла:

Венка твоя бьется близко: тук - тук - тук... [4: 24]

Полисемантичность заголовка “Сердцебиение” поддается “дешифровке” только в макроконтексте как действующая закономерность циклической повторяемости. Так же осуществляется механизм взаимодействия заглавия книги

циклов “Преображение” М.Кудимовой с содержательностью входящих в него ЛЦ: ценностность каждого этапа эволюции частично опровергается содержанием последующего цикла, в силу чего позитивно-оценочная номинация “Преображение” становится действенной применительно к эволюционному пути, пройденному лирической героиней книги циклов. Сравним:

... Господи, как я переменялась!...

Над собой позавчерашними

Посмеемся издали... ,

... А как мне дальше быть?... [2: 58]

Циклическое наименование может принять статус тезы, опровергаемой содержательностью контекста. Подобный тип отношений между названием и текстом наблюдается в цикле О.Шиленко “Последняя чернокнижница”. Объектом исследования автора является феномен чуда, таинства, но если заголовок содержит информацию об исчерпанности “чудесного” в человеческой жизни, то в контексте цикла дана обратная интерпретация этого явления: сущность сакрального бытия неуловима. Идея цикла нашла продолжение в системе образов и понятий с выраженной ориентированностью на сказочное “прошлое” (“царь”, “Баюн”, “Сивка-Бурка”, “трава “не чуй ветер”, “бел-горюч камень алатырь”), научное настоящее (“Хиромантия”, “Аллопатия”, “Теургия”), будущее (молитва, обращенная в Будущее).

Специфична функциональность заглавия большого (более 20 стихотворений) ЛЦ: преломленное в системе заголовков отдельных стихотворений, оно проявляет свойство нейтрализации объемов макротекста. Например, в цикле Д.Самойлова “Беатриче”, объединяющем 36 стихотворений, только три заглавия соотнесены с циклическим: “Беатриче”, “Реплика Данте”, “Последний проход

Беатриче”. Примечательно отмеченное местоположение стихотворений: в начале (1), в середине (17), в конце текста (35). Образы, причастные к художественному миру “Божественной комедии”, повторившись в контексте ЛЦ через относительно равное количество стихотворений, “сжали” художественное пространство произведения и, таким образом, актуализировали идею цикла в сюжетной ситуации “Данте - Беатриче”.

Актуализация циклического мышления и интенсификация процесса циклического жанрообразования свидетельствуют о богатых потенциальных возможностях циклического контекста и позволяют утверждать перспективность изучения жанровости ЛЦ.

Использованные литературы:

1. И.Бродский. Декабрь во Флоренции. [Текст] // И.Бродский. Часть речи. Избранные стихи 1962-1989 гг. М., 1990.
2. М.Кудимова. Веселые! [Текст] // М.Кудимова. Преображение. Книга циклов. М., 1989.
3. Г.Сапгир. Заячья капуста. [Текст] // Знамя. 1997. №3.
4. Т.Таранова. Сердцебиение. [Текст] // Т.Таранова. Сердцебиение. М., 1986.



ӨЛЕЦ

Шын ақындар қасқайып өрге жүзген,
Жыр шықпаса пақырсыз кеудеңізден.
Қүдіретін өлеңнің түсінбейтін
Мен қорқамын сезімсіз пендеңізден...

Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

«БАРАТЫРЫҚ», «КЕЛАТЫРЫҚ», «ОТЫРЫҚ», «ЖАТЫРЫҚ» СӨЗДЕРІ ҚАЙДАН КЕЛДІ?

Қазақ халқында «Ұлт қасиеті-тілінде, құс қасиеті-қанатында», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Тілі өлген ел- тірі өлген ел» деген нақыл сөздер бар. ...Біреу суда жүрген бір бақаны ұстап алып, мұздай су құйылған шелекке салыпты да, астына от жағыпты. Шелек ішіндегі бақа алғашында суды шолпылдатып мәз болып жүрген, бірте-бірте су жыли бастаған соң тырбаңдап, жан-жағына жүзе бастапты. Су ыси бастаған соң бейшара бақа не болғанын білмей, шелек ішінен қашуға ұмтылыпты, шелектегі су әбден ысыған соң бақа ыстық суға күйіп өліпті... Тілі өлген ел сол бақадай тірілей өледі. Кешегі «елім» деп отқа түскен қайран ерлеріміз елімізді шет ел басқыншыларынан қорғағанда да ең бірінші – тілі үшін отқа түскен жоқ па?

Бұл жалған дүниеде көретінің де, еститінің де көп болады екен...

Орталық алаңда бұрқақ жанында демалып отыр едім, жанымнан қазақтың әдемі бойжеткен қызы ұялы телефонымен әлдекіммен сөйлесіп бара жатты, оның сөйлеген сөзі құлағымды елең еткізді: «Әпке, біз жаңа жолға шықтық, күте тұр, баратырық...»

Мен «Баратырығы несі?» деп ойланып қалдым. «Бара жатырмыз...» дегені ғой... «Баратырықтан» гөрі «Бара жатырмыз» дегені дұрыс еді ғой... Біреудің ұялы телефонмен сөйлескен сөзіне құлақ түрмейтін едім, сол қыздың «баратырығы» менің құлағымды елендеткені рас. Көңілім әлденәрсеге құлазып қалды. Елендегенім- құлағымға мүлде жат сөз естігенім, құлазығаным – қазақтың әп-әдемі қыздарының ақ сүт берген анасының сөйлеген тілін шұбарлап сөйлейтіні.

Мұндай «ғажайып» сөздерді үлкен кісілер де айтатын болған. Жасы жетпістерді шамалап қалған Өткірбай деген ағамыз: «Сонымен Шымкенттен түскі сағат бірде келдік. Құланнан келетін құдам Тебінгенді күтіп жатырық», - дейді. Мен «Жатырық» деген не?» десем, ол: «Жаттық, күтіп жаттық» деген сөз ғой», - дейді. Өткірбай атаның жанында отырған Жеткербай деген шал да қарап отырмай маған: «Әй, шырағым-ай, «күтіп жаттық» деген – екі сөз, «жатырық» деген – бір сөз, Өтекең бір секөнт болса да уақытты ұтайын деп жатқаны ғой...», - деп қарқ-қарқ күлді.

Мұндай мысалдарды айта беруге де қорқып отырмын. «Адамдар оқып үйреніп қояр...» - деп. Сонан соң жақында тағы бір «келатырық» деген сөзді есіттім. Жасы жиырмадан асқан жас жігіт ұялы телефоннан әлдекімге айқайлайды: «Асықпа, келатырық, бір сағаттан соң жетеміз...» Көк базарда бір әйел әлдекімге ұялы телефоннан: «Сені күтіп отырық» дейді. Мен ойлаймын: «Қазақ қоғамында «баратырық», «келатырық», «отырық», «жатырық», «күте тұрық», «қоя тұрық» деген сөздер қаптап кеткен бе?..»

Орыстың белгілі ғалымы В.В.Радлов ақ сүт берген ана тіліміз туралы былай деп тасқа басып жазып кеткен: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңқалдырады». Міне, осы

Ғадлов бағалаған әуезді де әсем тіліміздің қолданылу аясын неге кеңітпейміз? Осындай ғажайып тілімізді неге шұбарлап сөйлейміз? Бұл – біздің азаматтығымызға сын. Сондықтан ана тілімізде сөйлегенде өзге тілдерден енген сөздерді араластырмай, әрбір сөзімізді бұрмаламай сөйлеп, қазақ тілінің өркен жаюына үлес қосуымыз қажет.

Өз елінде теперіш көрген қайран ана тілім! «Егер ертең өз ана тілім жоғалатын болса, бүгін өлуге дайынмын!..»-деп дүниені сілкіндірген Расул Гамзатовтың сөзі құлағымда жаңғырып, санамды жарқыратты. Ана тілі үшін күрескен марғасқалар – Ахмет Байтұрсынов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Шона Смаханұлы, Мұхтар Шаханұлы...Тізе берсең көп, өте көп. Бұл күрес қашан тоқтар екен?

Қазіргі таңда «Қанша?» деудің орнына «Қаншау?» дейтіндер де пайда болды. «Мә» деудің орнына «Мәңіз» дейтіндер де табылды. Тіл шұбарлығына ата-текті жазудағы «ов», «ова», «ев» пен «ева» дегендер «қызмет» етті.

Шәкіртім Жамбыл Тортаев мұнан бес жыл бұрын мынадай өлең жазып еді:

Жаргон деген қаптады,
Жаргонсыз таң атпады.
Жай сөз жетпей қалса егер,
Жаргон сөзбен мақтады.

...«Хата» деді, «үй» демеді,
«Люблю» деді, «сүйем»демеді.
Қазақша емес, басына жас
Жаргон сөзді үйген еді.

...«Жігіт» демеді, «парни» деді,
Арғынбайды Арни деді.

Роберт деп Рақымбайды,
Сауысқанша қақылдайды.

...«Универ» деді, «ситет» жайына қалды,
«Керемет» емес, «супер» деді.

«Көңіліңді осылай көтер...» деді,

Болдық па «супер» тілдің «супермені?..»

(Ж.Тортаев, «Жігіт» демеді, «парни» деді), «Балауса жырлар,
алтын мақсаттар» атты кітапта, Алматы, «Полиграфия
сервис және К» баспасы, 2005 жыл, 47, 48-беттер).

Жазушы-этнограф Сейіт Кенжеахметұлы тілдегі тектілік
туралы: «Қазақ халқы жаратылысынан текті, намысқой,
жаны таза, тілге шебер ел болғаны ақиқат. Оған өткен
тарихымыз, хандарымыз бен батырларымыздың, би-
шешендеріміздің қалдырған істері мен әділ де тапқыр,
жақсылық пен жамандықтың арасын ақ пен қарадай ашып
айтқан асыл сөздері куә. Осы сөздер арқылы қасиетті
аталарымыз, ақ жаулықты аналарымыз көргенділіктің,
мәрттіктің, тәлім-тәрбиенің небір жақсы жол-жобасын, жөн-
жосығын айқындап кетті...» деп жазды (С.Кенжеахметұлы,
«Жеті қазына», 3-кітап, Алматы, «Ана тілі» баспасы, 2007-
жыл, 49-бет).

Халқымызда «Сөз сүйектен өтеді», «Тән жарасы жазыла-
ды, сөз жарасы жазылмайды» деген сөз бар. Халқымыз сөздің
күдіретіне мән берген. Бір ауыз сөз бүкіл елді апаттан сақтап
қалған. Бір ауыз сөз бүкіл ұлтты, бүкіл бір халықты құртып
жіберген. Осы асыл сөздерімізді неге қорлаймыз? Кең-байтақ
даламызды ата-бабаларымыз шет ел басқыншыларынан
не үшін қорғады? Әр қадам жерімізді, әрбір асыл сөзімізді
жаудан қорғап қалу үшін күрескен жоқ па? Құлағымыздан
кіріп, санамызды сансыратқан «баратырық», «келатырық»,
«отырық», «жатырық», «күте тұрық» деген сөздерді неге
ауызымыз барып сандырақтаймыз? «Аташка», «енешка»,

«мама», «папа», «бабушка», «баба», т.б. сөздерді не үшін айтамыз? Ал, жоғарыдағы өлеңде айтқандай «Арғынбайды Арни, Рақымбайды Роберт, Түзелбайды Тузик, Құрақбайды Коля, Тұрақбайды Толик, Айгүлді Айгуля, Таңшолпанды Таня» деп не үшін айтамыз?

Бір білімгер құрбысына: «Алмат керемет әнші екен, түні бойы ән салдырық», - дейді. «Ән салдырдық» дегені ғой. Сонда «Құрманбек күйшіге күй тарттырдық» дегенді «Құрманбек күйшіге күй тарттырық» дейміз бе? Тілдің шұбарлығы адам бойындағы асыл қасиеттерден айырады. Тілі шұбар адам мейірімсіз һәм қатыгез болып өседі. Себебі, оның бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттер қалыптаса алмайды. Керісінше, сатқындық, екіжүзділік, алаяқтық, мейірімсіздік сияқты жаман қасиеттер пайда болады. Тілі шұбар адамның жаны да шұбар. Ондай адамның рухани байлығы таза болмайды, тілдегі шұбарлық сияқты рухы да шұбар болады. Тілі шұбар адамнан ақылды, сауатты, мәдениетті адам шықпайды. Ол өзін құртумен қатар өзгелерге де осындай жаман әдетімен әсер етеді. Адам бойындағы жиіркенішті делас, жаман әдет – тілді шұбарлап сөйлеу.

Белгілі жазушы Герольд Бельгер тіл шұбарлығы туралы былай деп күйзеледі: «Қазақ тілі-жаралы тіл. Оған күн сайын жара салатын – өзіміз. Атадан қалған рухани байлықты шұбар-шұбар, кедір-бұдыр, мәнсіз-сәнсіз, көріксіз, жұтан, қаны-сөлі жоқ былжырақ, қойыртпақ бірдемеге айналдырып келеміз. Сөйтіп жүріп жалғыз байлығымыз – тілді құртамыз...» (Г.Бельгер, «Мұсылман күнтізбесі», 2006-2007 жыл, 14 шілде). Біз тіл шұбарлығына қарсы қалай күресеміз? Жоғары оқу орындары мен колледждерде, мектептерде, қоғамдық орындарда тілдің шұбарлығына қарсы әр түрлі іс-шараларды өткізіп тұру – уақыт талабы екенін ұмытпаған жөн.

Тілі шұбарланған адамның ақыл-ойы толыспайды. Қоғамда мәңгүрт адамдарды қалыптастырады. Ондай адамның ақыл-есі түзу болмайды. Бұған жазушы С.Кенжеахметұлының мына бір мысалы дәлел бола алады: «Мен жоғары оқу орнында қазақ әдебиеті тарихынан және шығыс мәдениеті мен этнографиясынан дәріс оқимын. Ана тілін білмейтін бір бойжеткенге: «сендердей ару қыздарға өз тілін білмеу жараспайды» дегенімде, ол ата-анасына: «мені ауру қыз деп айтты» деп жылап барыпты. Мұндай байғұстарға енді не айтасың, жұртым-ау! Осылай кете береміз бе?» (С.Кенжеахметұлы, «Жеті қазына», Алматы, «Ана тілі» баспасы, 2007 жыл, 65-бет).

Мен «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» пәнінен дәріс оқимын. Мектепті бітіре сала университет аудиториясына келген 1-курс білімгері қазақ халық ауыз әдебиетінен өтілетін «сыңсу», «бесік жыры», «естірту», «жұбату», «көңіл айту», т.б. тұрмыс-салт жырларын өткенімізде: «зачем мне сыңсу, бесік жыры? Мен басқа мамандыққа ауысамын...» деп мұрнын шүйіргені бар. Мен ойлаймын: «Сонда мектепте ауыз әдебиеті өтілмегені ме?..»

Қазақ сөздері кейде өзбек сөздерімен араласып қолданылады: «қияр» – «бәдіран», «кесе» – «пиала», «қарбыз» – «дарбыз», т.б.

Қазақ тіліне бөтен ұлттың сөздерін араластырып сөйлеуге кезінде қазақ балалар әдебиетінің атасы, қазақтың көрнекті педагогі Ыбырай Алтынсары қарсы болып, былай деп жазған еді: «Қазақтың тілі соншалық мол. Ләкін қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалық жатық әм анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе...» (Ы.Алтынсары, «Қазақ тілі туралы», «Мұсылман күнтізбесі», 2006-2007 жыл, 15 желтоқсан). Міне, тілдің шұбарлығы, оның зияны туралы дабыл көтерген Ыбырай

бабамыздың өсиеті әлгі күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Бұл бізді ойландыруы керек.

Тіл туралы заңға тіл шұбарлығына қарсы бап енгізу қажет. Телеарналардағы қазақ тілінде жазылған жүгірме жолдарда қате сөздер қаптап кетті. Оларды түзетіп жатқан ешқандай тұлға көрінбейді. Қазақтың асыл сөздері осылай әркімнің мазағына айналып кете бере ме?

Мемлекеттік тілдің шұбарлығына қарсы күресетін арнаулы Заң шығару қажеттілігі туындап отыр. Францияда «Француз тілінің тазалығын қорғау туралы» Заң бар екені белгілі. Біз де ана тіліміздің тазалығын сақтап қалу үшін «Қазақ тілінің тазалығын қорғау туралы» Заң шығаруды қолға алуымыз керек.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Онсыз мүлде көтерілмес өрге өнер,
Онсыз ұлт та қайғысымен бірге өлер.
Жанталаса шабуылға шықты шын
Биліктегі түрі қазақ пенделер.

Солар анық кірмелерге дем берер,
Әлі талай қысастығын көз көрер.
Жан береді-ау жиған байлық жолында,
Дейді өлсем әйтеуір жұрт бір көмер.

Мұндайларға ар-намысың түк емес,
Мақтанышы – бір-бірімен құр егес.
Шетелдегі «жұмақ өмір» – арманы,
Соны жырлап жүрегінде жүр елес!

Күләнда ОРАЗБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№78 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Сабақтың мақсаты: Қазақстан Республикасы туралы алған білімін кеңейту және тереңдету; **білімділік** – туған ел туралы білімін толықтыру, алған білімдерін жүйелеу, мәтінмен таныстыру, жаңа сөздермен жұмыс жүргізу; мәтінді оқу арқылы сөйлеу әрекеттерін қалыптастыру; **дамытушылық** – сұраққа дұрыс жауап беруге жаттықтыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, дүниетанымын кеңейту; **тәрбиелік** – Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, оқушыларды саналы ел азаматы болуға тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сөйлеу, іздену, жартылай практикалық әдіс. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, орыс тілі, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін нешесі?
- Аптаның қай күні? Жылдың қай мезгілі?
- Қыс айларын кім атайды?
- Ауа райы қандай? Жерде не жатыр?
- Біз қай қалада тұрамыз?
- Алматы қаласы қай Республикада орналасқан?
- Алматы Қазақстанның қай жерінде орналасқан?
- Қазақстанның астанасы қай қала?
- Астана қаласы Қазақстанның қай жерінде орналасқан?

(Тақтада Қазақстан Республикасының картасы ілулі тұрады, оқушылар шығып қалаларды көрсетеді).

- Бүгін сендермен Қазақстан Республикасы туралы әңгімелейміз.

- Отан дегеніміз не?

Оқушының жауабы: - Отан – сенің ата-анаң,
Отан – досың, бауырың.
Отан – өлкең, астанаң,
Отан – аудан, ауылың.

Отан туралы «5 жол стратегиясымен» жұмыс:

Отан	1. зат есім;
Кең, байтақ,	2. 2 сын есім;
Дамиды, гүлденеді, өркендейді,	3. 3 етістік;
Менің туған Отаным – Қазақстан,	4. сөйлем (3-4 сөзден);
Туған жер.	5. ассоциация.

(Оқушылар 3 топқа бөлініп отырады, әр топ өз тапсырмасын орындайды. Тақтаға жаңа сөздер жазылады).

- Енді, жаңа сөздермен танысамыз:

<i>Көмір – уголь;</i>	<i>ерекше – особенный;</i>
<i>Мұнай – нефть;</i>	<i>мақта – хлопок;</i>
<i>Темір – железо;</i>	<i>мақтан етемін – горжусь;</i>
<i>Мыс – медь;</i>	<i>биіктеген сайын – чем выше;</i>
<i>Кендері – ископаемые;</i>	<i>мөлдір – прозрачный.</i>

Оқушылар сөздерді тізбектеп оқып шығады. Қазақ тілінде мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды. Әр жаңа сөзбен сөз тіркесін немесе сөйлем құрастырады. «Қазақстан» деген сөзге ассоциация жазады.

Оқулықтағы мәтінмен жұмыс. 1-тапсырма.

1. Мәтінді оқимыз.
2. Аударамыз.
3. Сұрақ қоямыз.

Әр топ «Отан» тақырыбына мақалдар айтады.

1. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

2. Отан өз ұлын ұмытпайды.
3. Отан – оттан да ыстық.
4. Отан отбасынан басталады.
5. Туған елдей ел болмас,
Туған жердей жер болмас.
6. Кісі елінде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.

Келесі тапсырма.

Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар.

		Дұрыс	Бұрыс
1	Біздің Отанымыз – Қазақстан.	+	
2	Жері байдың – елі бай.	+	
3	Алматыда ақ мақта өседі.		-
4	Қызылордада күріш өседі.	+	
5	Республикамыз үлкен емес.		-
6	Оңтүстікте алма өсіріледі.		-

Қорытынды. Сабақты қорытындылай келе, келесі сұрақтарға жауап берейік.

Бағалау. Алған ұпайларына байланысты баға қойылады.

Үй жұмысы: 2-тапсырма, жаңа сөздерді жаттау.

(Сұрақтар, жаңа сөздер, бес жол стратегиясы, кесте беріледі).



ПАРЛАМЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАМЫ

Мақсаты: *білімділік* – парламент және оның құрамын, атқаратын рөлі мен қызмет тәртібінің жүйесін үйрету, Сенат және Мәжіліс, олардың құрамы, сайлану үдерісі, депутаттар және олардың топтарда жұмыс істеуі, Парламенттің жұмыс тәртібі, Заң жобаларының дайындалуы және қабылдануы, Парламент пен сенат қызметі туралы айту; *дамытушылық* – жаңа тақырып бойынша оқушылардың сөздік қорын дамыту, білімділігін арттыру, қазақ тілінде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; *тәрбиелік* – ойларын еркін жеткізуге, жүйелі сөйлеуге баули отырып, мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам мен адам өмірінің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге үйрете отырып, оларға адамгершілік тәрбиесін беру.

Мұғалімнің міндеті: Парламент, Сенат туралы, олардың атқаратын қызметі туралы ақпарат беру.

Оқушы нені білу керек?

(Парламент сөзінің мағынасын білу керек, оның құрамын, Сенат пен мәжілістің айырмашылығын білу керек).

Көрнекілігі: ҚР-ның Ата заңы, слайдтар, кеспе қағаздар, Венн диаграммасы. **Әдісі:** түсіндіру, баяндау, әңгіме-сұхбат құру, талқылау. **Түрі:** кіріктірілген сабақ. **Пәнаралық байланыс:** құқықтану, тарих, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру;
- ә) оқушылардың сабаққа әзірлігін қадағалау;
- б) оқушының бүгінгі сабаққа назарын аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

Оқушыларға Қазақстан Республикасының

Парламенті және оның құрамы туралы мәлімет беру.

1) «Парламент» сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?

2) Біздің жерлестерімізден Парламент мәжілісіне сайланған депутаттардан кімдерді білесіңдер? (В.Н.Котович – Степногорск қаласынан Мәжіліс депутаты, С.Жалмағанбетова – Ақмола облысынан Сенат депутаты).

«Парламент» сөзі **француз тілінен** аударғанда «**parler**» – «сөйлеу» деген мағынаны білдіреді.

IV. Сөздікпен жұмыс. (Тілдесім бойынша).

Президенттік жүйемен басқару – президентской формой правления;

Тармақтардан тұрады – состоит из таких ветвей;

Заң шығарушы билік – законодательная власть;

Атқарушы билік – исполнительная власть;

Өзіне берілген өкілдіктер шегінде – в пределах своих полномочий.

V. «Тірілту» сөздік ойыны (Сөз құрамы мен сөзжасам бойынша)

(Оқулықтағы жаңа сөздер бойынша жұмыс).

Сөз – сөз тіркесі – сөйлем.

а) Берілген сөздермен сөз тіркестерін жасау.

б) Аталған сөз тіркестерімен сөйлем құрау.

Мемлекет (государство), билік (власть), жүйе (система), басқару (возглавлять), атқарушы (исполнитель), өкілдік (полномочие).

VI. Мәтінмен жұмыс. (Оқылым бойынша)

Мәтінге назар аударту:

а) Мәтінді оқушыларға оқыту;

ә) Мәтін мазмұнын баяндау.

Қазақстан Республикасының саяси жүйесі

Қазақстан мемлекеті – бүгінгі таңда Президенттік жүйемен басқарылатын демократиялық мемлекет (синтаксистік талдау). Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Республикамызда мемлекеттік билік біртұтас.

Еліміздегі билік жүйесі мынадай тармақтардан тұрады: Президент, Үкімет және Парламент. Парламент – заң шығарушы, ал Президент және Үкімет атқарушы билік болып саналады (синтаксистік талдау).

Парламент екі палатадан тұрады: Мәжіліс – төменгі палата, Сенат – жоғары палата.

Республика үкіметі – өзіне берілген өкілдіктері шегіне ғана мемлекет атынан билік жүргізеді.

VII. Мұғалімнің сөзі (Тыңдалым бойынша).

Сенат (латын тілінен «senatus», түбірі «senex» – «қария» деген мағынаны білдіреді).

ҚР-сы Парламентінің Сенаты екі жолмен жасақталады. Оның біріншісі – әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, екіншісі – Сенат өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындаған он бес депутаттан тұрады.


Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – 6 жыл.

Мәжілістің қазіргі құрамы партиялық тізім бойынша сайланатын 98 және Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын 9 депутаттан, жиыны – 107 депутаттан тұрады. Мәжіліске жасы жиырма беске толған республика азаматы депутат бола алады.

VIII. (Айтылым бойынша) Салыстыру. Венн диаграммасы.

Мәжіліс – төменгі палата. Сенат – жоғары палата.

Бұл екеуі жалпы нені қарастырады?



IX. (Тілдесім бойынша сұхбат жүргізу).

(Оқушылар мәтін бойынша сұрақтар құрастырады).

Бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді. Мысалы:

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы не?
3. Елімізде билік жүйесі қандай?
4. Парламент немен айналысады?
5. Парламент неше палатадан тұрады?
6. Еліміздегі билік жүйесі қандай тармақтардан тұрады?
7. Атқарушы билік деген не?

X. (Грамматика) Мәтіннен тәуелдік жалғаудағы сөздерді табыңдар:

(Еліміздегі, мемлекеті, қазынасы, өмірі, құқықтары, үкіметі, жүйесі, мемлекетіміздің, бостандықтары, Республикамызда, шегінде).

Берілген сөздердің жекеше, көпше түрлері мен жақтарын анықтау;

XI. Жазбаша (тақтада) жұмыс. (Жазылым бойынша)

Синтаксистік талдау.

Республика үкіметі – өзіне берілген өкілдіктері шегіне ғана мемлекет атынан билік жүргізеді.

XII. Деңгейлік тапсырмалар. (III деңгей) №1.4.56-бет.

(Кеспе қағаздар). Мәтінді пайдаланып, берілген ойларды толықтырыңдар.

1. Бүгінгі таңда Қазақстан мемлекеті

2. Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы

3. Республикамыздағы билік жүйесі

4. Бізде атқарушы үкімет болып

**(II деңгей) Берілген сөздерге антонимдер жазыңдар.
(Кеспе қағаздармен жұмыс).**

Қымбат – тұңғыш –

Төменгі – бейбітшілік –

(I деңгей) Сөйлемдерді күрделендіріңдер (дәптерде орындау, өздік жұмысы).

Үлгі: Мен дамытамын. Мен еліміздің экономикасын дамытамын.

1. Мен дамытамын.

2. Сен келіпсің ғой.

3. Біз өркендетеміз.

Мұғалім сөзі (Тыңдалым бойынша).

Республика Үкіметі қызметінің бағдарламасы төмендегідей:

Конституцияның 53-бабының 7-тармағында және 61-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Парламент үкіметке сенімсіздік білдіретін болса, Үкімет өзінің орнынан түсуі туралы Республика Президентіне мәлімдейді.

1. Республика Премьер Министрі өзі тағайындалғаннан кейін бір ай ішінде Парламентке Үкімет бағдарламасы туралы баяндама жасайды.

2. Үкімет Бағдарламасы қабылданбаған жағдайда Премьер-Министр екі ай ішінде Парламентке Бағдарлама жөнінде қайталап баяндама жасайды. Республика Парламентінің Үкімет Бағдарламасын қайта қабылдамауы әр Палата депутаттарының үштен екісінің көпшілік дауысымен жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Республика Президенті республикалық бюджетті әзірлеу мен оны өзгертуге қатысады, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы

есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
Республика Конституциясының 53-бабының
6-тармағында көзделген ретте Үкімет Республика
Парламентіне есеп береді.

4. Республика Конституциясының 57-бабының 6-тармақ-
шасында көзделген ретте Үкімет мүшелері Парламент
Палаталарына есеп береді.

XIII. Сабақты қорыту: (Тілдесім бойынша).

- Балалар, енді, **INSERT** кестесін толтырайық.

«V» – Сабаққа дейін Парламент туралы не білдің?

«+» – Бүгінгі сабақта Парламент туралы не білдің?

«?» – Осы сабақ бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?

Үй тапсырмасы: берілген сөздердің, сөз тіркестерінің
мағынасын басқа сөздермен жазындар: *бүгінгі таңда,*
билік біртұтас, мынандай тармақтардан, еліміздегі, билік
жүргізеді.

Оқушылардың білімдерін бағалау.



Ақбота АМАНТАЙҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Тайынша ауданындағы
№1 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛОРДАСЫ – АСТАНА

Сабақтың мақсаты: білімдік – Астана туралы білімде-
рін кеңейту, алған білімдерін тапсырмалар арқылы бекіту.
Сұрақтарға жауап беру, ойды жүйелеп айту дағдыларын

қалыптастыру; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру; **тәрбиелік** – өз Отанын, халқын, жерін сүйуге, Отансүйгіш ұлтжанды азаматтар тәрбиелеу.

Түрі: саяхат сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер. **Әдіс-тәсілдері:** интерактивтік оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, сөйлемдер құрастыру, мәнерлеп оқу.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- Бүгін кезекші кім?
- Балалар, қазір қай жыл мезгілі?
- Күз айларын атаңдар?

Өткен сабақ бойынша сөздерді қайталап, сөзжұмбақты шешу.

1. Памятник.
2. Площадь.
3. Гостиница.
4. Музей.
5. Торговля.
6. Парк.

е	с	к	е	р	т	к	і	ш	
	к	ө	л	е	м				
		қ	о	н	а	қ	ж	а	й
	м	ұ	р	а	ж	а	й		
с	а	у	д	а					
		с	а	я	б	а	қ		

- Ортасында қандай сөз шықты?

- Елорда.

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақстанның елордасы – Астана».

Үй тапсырмасын тексереміз. Өздеріңнің шығармашылық жұмыстарыңда Астана туралы шығарма, тақпақ, сурет дайындап көрсетулерің керек.

- Кім дайын? (*Оқушылардың шығармашылық жұмыстары*). Слайд көрсетіледі.

Фонетикалық жаттығу. (Тақпақты дауыстап оқу, буынға бөлу, буындарды ажырату).

Слайд. Жаса, жаңа Астанам,

Өркен жая бастаған!

Асқақтай бер, Астанам,

Берекеге бастаған!

Слайд. Астана – күн санап өсіп келе жатқан әдемі, көрікті жерлері көп қала. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі. Біріншіден Астана қаласының тарихын біліп алайық.

1-тапсырма оқулықтан:

- Ал, енді, сұрақтарға жауап беріңдер. Астанада болдыңдар ма?

- Астана қандай қала?

- Осы уақытқа дейін неше астана болды?

- Бірінші астанасы қай қала?

- Екінші астанасы қай қала?

- Үшінші астанасы қай қала?

- Ал, төртінші астанасы?

- Ақмола қаласы қай жылы Астана қаласы болып аталды?

- Ақмола бұрын қалай аталған?

- Қазақстан Республикасының Президенті кім?

- Еліміздің мемлекеттік тілі – қай тіл?

Жаңа тақырып: (Слайд)

- Балалар, біз сендермен Астана қаласына саяхат жасаймыз.

- Мен сендерге билет сатып алдым, билетте сөз жазылып тұр, сендер топ-топпен жұмыс істеп, сөйлем құрастырасындар. *(Тақтаға жазғызу)*.

Жазғы каникулда мен Астанаға барамын.

Төртінші астанасы – Астана қаласы. Астанада менің досым тұрады. Кеше біз Астанадан келдік. Астананың көшелері кең, таза. Мен Астананы сүйемін.

Бірінші аялдамамыз – Астана – Бәйтерек монументі.

Слайд. (Динара тақпақ оқып тұрады).

Бәйтерек – Астананың төріндегі

Өресі биіктіктің өмірдегі.

Аялы алақаны Елбасының –

Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Самсаған қара орманым – байтақ елім,

Сынға сап сан жақсыны байқап едің.

Еңсесін елдігіңнің биіктеткен –

Ортаңда бойлап өскен Бәйтерегің.

- Балалар, Бәйтерекке міну үшін мынадай тапсырма орындауымыз керек: Флипчарт. *(«Адасқақ» ойыны)*.

Ертегі тыңдаймыз.

Септік деген атаның жеті баласы болыпты, бірақ қайсысы бірінші баласы екенін білмейді екен. Балаларымен немерелерін дұрыс табу керек.

- Атау септік – баласы, Кім? Не? немересі.

- Тапсырманы жақсы орындадыңдар. Жарайсындар.

Бәйтерек – бас қаламыздың символы. Монументтің биіктігі – 97 метр.

Бәйтерек – Есілдің сол жағындағы бой көтерген алғашқы сәулет туындысы. Бәйтерек – әлемдегі ең соңғы үлгідегі сәулет туындысы. Мұндай әсем ескерткіш Түркия астанасы Анкарада және Австралияның Сидней

қаласында бой көтерген.

- Міне, балалар, Бәйтерекке мініп көріп, саяхатымызды жалғастырамыз.

Келесі аялдамамыз – «Думан» ойын-сауық орталығы.

Оған жету үшін мына тапсырманы орындауымыз керек.

Біріншіден, зат есімді қайталаймыз.

«Қайталау – оқу анасы»,

Мақалдың бір данасы.

Өткенді еске түсірсең –

Ешкімнің жоқ таласы» демекші, зат есімді қайталайық.

- Зат есім дегеніміз не?

- Қандай сұраққа жауап береді?

- Мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

(Мәтіннен жалқы зат есімді табу, дәптеріне жазғызу)

Флипчарт.

Мен Астана қаласында тұрамын. Астанада қыс ұзақ болады. Есіл өзені қаланы екіге бөліп тұрады. Ақорда, Үкімет үйі, Парламент, Жоғары сот, Министрліктер үйі, «Бәйтерек» монументі, Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы Есілдің сол жағында орналасқан. Астанаға шетелден қонақтар көп келеді. Астана – біздің мақтанышымыз.

- Осы мәтіннен жалқы зат есімдерді табыңдар.

«Думан» ойын-сауық орталығына келіп қалдық.

«Думан» ойын-сауық орталығы мұхитарал, кинотеатр, дәмханалар жүйесі мен залдардан тұрады. Ал, орталық бөлігі серуен мен тынығуға арналған.

- Балалар, тағы қандай ойын-сауық орталығы бар?

- «Мега» орталығы.

- Жақсы.

- Келесі аялдама – «Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы».

Флипчарт. Мақал-мәтелдерді толықтырыңдар.

- Міне, балалар, Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайына да келдік.

Астанадағы Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы сияқты архитектуралық нысандар бүкіл әлемде жоқ. Гажайып жобаның авторы – британ сәулетшісі Норман Фостер.

- Ал, енді, соңғы аялдама – Қазақстан Республикасы Президентінің Мәдени Орталығы.

Флипчарт. Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын табу керек.

Біздің мемлекетіміздің бас қаласы – Астана. Қазақстанның тарихындағы үшінші астанасы – Қызылорда. Алматыда «Думан» ойын-сауық орталығы бар. «Астана-Бәйтерек» монументінің биіктігі – 57 метр. Астана – болашағы үлкен қала. Ақмола бұрын Целиноград деп аталған. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола Астана болып өзгертілді. Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайының авторы – британ сәулетшісі Норман Фостер.

- Жарайсыңдар, балалар!

Флипчарт. Қазақстан Республикасы Президентінің Мәдени Орталығы. Мұнда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұражайы мен Сәкен Сейфуллин атындағы Республикалық көпшілік кітапханасы орналасқан. Мұражайда қазақтың дәстүрлі әшекей бұйымдары, көне жиһаздар, сирек кездесетін кітаптар, фотоқұжаттар сақталған.

Бекіту:

- Балалар, бүгін біз үлкен тақырыпты өттік. Астана қаласына саяхат жасадық. Енді Астана туралы бейнефильм тамашалайық (3минут).

- Сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма?

Үйге тапсырма: Астана туралы эссе жазу.



Жадыра ДАНИЯРҚЫЗЫ,
Д.Құрманбек атындағы
№20 кәсіптік лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Отырар ауданы,
Шәуілдір ауылы.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: 1) оқушыларды қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы – Бейімбет Майлиннің шығармаларымен таныстыра отырып, білімдерін кеңейту, шығарманың мазмұнын толық білу, идеясын ашу; 2) жазушының жанр шеберлігінде жеткен жетістіктерін таныту, шығарманы оқыта отырып іздендіру; 3) адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.


Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** зерттеу, проблемалық ситуация, анализ жасау. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта арқылы көрсетілетін сызбалар, кесте, портрет суреттер. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет, география.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Сабақтың жоспары. *Сатылай кешенді талдау. Сәйкестендіру тесті. Жаңа сабақ. Хронологиялық талдау. Бейімбет шығармалары. Өз біліміңді тексер. Үйге тапсырма. Бағалау. Үй тапсырмасын сұрау.*

Сатылай кешенді талдау.



Сәйкестендіру тесті.

1894 жылы 23 мамыр Ақмола облысы, Нілді болысында туған. Шын аты – Сәдуақас. Әкесі Сейфолла – домбырашы, саятшы, ашық адам. Анасы Жамал – әңгімешіл, өнерге жақын жан.

1905 жылы 11 жасында Нілді зауытының орыс-қазақ мектебінде.

1908-1913 жылдары Ақмоланың 3 кластық училищесінде.

1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында.

1914 жыл Қазанда «Өткен күндер» тұңғыш өлеңдер жинағы шықты.

1917 жылы «Жас қазақ» ұйымында, «Тіршілік газеті» редакциясында қызмет атқарады.

1918-1919 жылдары Омбы лагерінің азап вагонында.

1922-1936 жылдары Халық ағарту қызметтерінде.

1936 жылы Әдеби қызметіне – 20 жыл, Мәскеу қазақ өнері онкүндігінде.

1937 жылы Халық жауы атанды.

1938 жылы 25 ақпанда Алматы түрмесінде атылды.

1957 жылы 30 наурызда ақын ақталды. Халқымен қайта қауышты.

Жаңа сабақ.

Аса көрнекті суреткер жазушы, ақын, драматург Бейімбет Майлин 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, қазіргі Майлин атындағы кеңшарда дүниеге келді.

Әкеден ерте жетім қалған бала жалшылықта жүріп, ауыл молдасынан сауат ашып, хат таниды, кейін көрші ауылдағы медреседе екі жыл оқиды.

1913-1914 жылдары Троицкідегі “Уәзифа” мектебінде, оны бітіргеннен кейін Уфа қаласындағы “Ғалия” медресесінде оқиды. Медресе қабырғасында талапты жастармен бірге “Садақ” қолжазба журналын шығарысады. Алғашқы тырнақалды туындысы “Шұғаның белгісі” әңгімесі осы журналда жарияланады. Медреседе белгілі татар жазушылары Мұхит Ғафури, Ғалымжан Ибрагимовтерден сабақ алады, башқұрт ақыны Сайфи Құдашпен бірге оқиды. Денсаулығына байланысты оқуын аяқтай алмай, Бейімбет ауылға оралып, 1916-1919 жылдары ұстаздық етеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Бейімбет халық жағында болып, өлеңдер жазады. Жаңа үкімет тұсында 1919-1921 жылдары ауылдағы кеңес жұмысына қатысады. 1925-1934 жылға дейін баспасөзде және баспа орындарында әр түрлі қызметтер атқарады. 1934-1937 жылдары “Қазақ әдебиеті” газетінің редакторы болып істейді. Бейімбет Майлин әңгіме жанрының қазақ әдебиетіндегі мектебін ашты. Ол елуден аса жарық көрген әңгімелерінде ауыл өмірін бейнелеп, қарапайым қазақ адамының шынайы образын жасады.

Хронологиялық талдау.

1894 жылы Қостанай облысы, Таран ауданы, Майлин кенті.
 1913-1914 жылдары Троицкідегі "Уәзифа" мектебінде.
 1914 жылы "Шұғаның белгісі" повесі жарыққа шығады.
 1915 ж. "Айқап" журналында бірнеше өлеңдері жарыққа шығады.
 1916-1919 жылдары ұстаздық етеді.
 1919-1921 жылдары Кеңес жұмысына араласады.
 1922 ж. Орынборда баспасөз қызметіне араласады.
 1923 ж. Қостанайда "Ауыл" газетін шығаруға қатысады.
 1925-1934 ж. республикалық баспасөзде қызмет атқарады.
 1934-1937 "Қазақ әдебиеті" газетінің редакторы болып істейді.

Бейімбет шығармалары

Өлеңдері	Поэмалары	Әңгімелері	Повестері	Романы	Драматургиясы
"Кедейге", "Байлыққа", "Ұлы күні", "Жазғы қалып", "Мал", "Ауылда".	"Кемпірдің ертегісі", "Қанай", "Бөліс", "Өтірікке бәйге", "Хан күйеуі".	"Айранбай", "Арыстанбайдың Мұқышы", "Шапайдың хаты", "Күлтай болыс", "Ақталған еңбек", "Даудың басы - Дайрабайдың көк сиыры".	"Шұғаның белгісі", «Раушан - коммунист», "Әміржанның әңгімесі", "Берен", "Он бес үй", "Қырманда".	"Азамат Азаматтыч".	"Шаншар молда", "Ауыл мектебі", "Жасырын жиналыс", "Келін мен шешей", "Қос қақпан", "Амангелді", "Майдан", "Талтаңбайдың тәртібі", "Көзілдірік", "Біздің жігіттер".

Өз біліміңді тексер:

1) Бейімбет өлеңдеріндегі типтік жиынтық:

а) Айранбай; ә) Ыбырай; б) Мырқымбай; в) Арыстанбай.

2) Бейімбеттің шын есімі:

а) Бимағамбет; ә) Бекмағанбет; б) Бернияз; в) Бекзат.

3) "Шұғаның белгісі" повесіндегі кейіпкер:

а) Азамат; ә) Мәриям; б) Бекболат; в) Әбдірахман.

4) Бейімбеттің повесі:

а) "Шұғаның белгісі"; ә) "Күлтай болыс";
 б) "Майдан"; в) "Ақталған еңбек".

«Әріптер сөйлейді» кезеңінде оқушылар әрбір әріпке лексикалық мағынасы бар сөз немесе сөз тіркестерін табады.

БЕЙІМБЕТ

Үйге тапсырма: Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятын оқу.

Бағалау.



Дәмелі ТАСБОЛАТҚЫЗЫ,

Астана қаласындағы

№62 мектеп-лицейдің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ. «ӨЗІМ ТУРАЛЫ»

Сабақтың мақсаты: білімділік – Қ.Аманжолов өмірі мен шығармашылығы. «Өзім туралы» өлеңін оқу арқылы өлеңді талдауға, пікірлесуге үйрету; **тәрбиелік** – «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»; **дамытушылық** – оқушылардың оқылымын, тыңдалымын, айтылым әрекеттерін дамыту.

Типі: дәстүрлі сабақ. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, баяндау, жеке жұмыс. **Көрнекілігі:** портрет, әдебиет энциклопедиясы. **Пәнаралық байланыс:** музыка, психология. **Пайданылған әдебиет:** «Әдебиет» оқыту әдістемесі.

Сабақтың барысы: а) амандасу; ә) түгелдеу; б) сабаққа дайындық.

Үй тапсырмасын тексеру: 1. Қ.Аманжолов туралы мәлімет. 2. «Өзім туралы» өлеңінен ұнаған шумақтарын жатқа оқу.

Жаңа сабақ: Қазақ халқының сөз өнерінің төрінен орын алған ақындарының бірі – Қ.Аманжолов 1911 жылы

Қарқаралыдағы Қызыл деген жерде дүниеге келген. Қасым жоқшылықты, жетімдікті бала кезінен басынан өткізді. Қозыбағады, тезек тереді, кісі есігінде жалшылықта жүреді. Соданда болар, ол жалт еткен найзағайдай өткір тілді, қажырлы, қайратты, тік мінезді болған. Оның өзінің айтуы бойынша, «жасық өлең емес, асыл өлең» жазуды өмірінің мақсаты етті.

Ақын өлеңдері: «Сарыарқа», «Ертіс», «Жайық», «Орал», «Мен – табиғат бөбегі», т.б.

Поэмалары: «Ақын өлімі туралы аңыз», «Қытай қызы», «Құпия қыз», «Бикеш» және «Естай - Қарлығайын» драмалық дастаны.

II. «Өзім туралы» өлеңін мәнерлеп оқу. (5 оқушыға кезекпен оқыту).

III. Өлеңді талдау.

1. Өлеңде қандай көңіл күй бар?

- Қайғы, мұң: 1-6 шумақ.

- Сенім, үміт: 7-12 шумақ.

- Асқақ арман, өршіл мақсат: 13-17 шумақ.

- Шаттық, қуану.

- Өсиет, өнеге.

2. «Берейін өмірімнен өлең жасап» деген жолдардан ақынның айтайын деген ойын (идеясын) қалай түсінесің?

3. Өлең «Өзім туралы» деп аталса да, ақын тек өзі туралы ғана толғанған ба?

4. Өздеріңе қай шумақтар ұнады? (оқушылар ұнаған шумақтарын жатқа оқиды).

Білімдерін бекіту: 136-бет, кестені толтыру.

Негізгі мәселелер:	Шумақтар	Тармақтар
өзі жайлы, өмір мен өлім туралы, ақындық, оның мақсаты, болашаққа өсиет, туған ел, жер туралы, т.б.		

Сабақты қорыту: Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңінің негізгі идеясы неде?

Үй тапсырмасы: «Өлді деуге бола ма, ойландаршы» тақырыбына ойтолғау жазу.

Бағалау: Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалау.



Балғын БАҒЫТҚЫЗЫ,
Петропавл қаласындағы
классикалық гимназияның
мұғалімі.

ҚАНАҒАТ – АСЫЛ ҚАСИЕТ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың танымдық қабілетін жетілдіре отырып, кейіпкерлерге сын көзбен қарауға үйрету; **тәрбиелік** – оқушы бойындағы адамгершілік, қайырымдылық, қанағаттылық, имандылық қасиеттерді дәріптеу; **дамытушылық** – өз ойын мақал-мәтел жүйелілігін пайдалана отырып дәлелдеуін, ізденушілік белсенділігін, қабілетін арттыру, өз пікірін қорғауға дағдыландыру, өздіктерінен қорытынды шығаруға машықтандыру; әдеби теориялық ұғымдарын тереңдете меңгерту.

Түрі: сабақты қорыту, білімді жүйелеу. **Әдісі:** сыни тұрғыдан ойлау, пікір айту, сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс, жинақтау. **Көрнекілігі:** А.С.Пушкин мен А.Байтұрсынов портреттері, «Қанағат – қарын тойдырар, Қанағатсыздық жалғыз атын сойдырар» (эпиграф).

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушылардың сабаққа қатысуын, оқу құралдарын тексеру.

2. Психологиялық дайындық (көңіл-күйлерін сұрау).

Мұғалімнің кіріспе сөзі: оқушыларға сабақтың мақсаты мен жоспарын айтып түсіндіру.

- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Қанағат – асыл қасиет». Сабақтың тақырыбына сай мынадай эпиграф алдым: *Қанағат – қарын тойдырар, Қанағатсыздық жалғыз атын сойдырар.* Осы эпиграфтың мағынасын ашайық.

Оқушылар жауабы:

1-оқушы: - Адам бойында көптеген жаман да, жақсы да қасиеттер болады. Соның бірі – қанағат. Қолында барына қанағат ету керек. Тойымсыздық, қанағатсыздық жақсылыққа әкелмейді. Адамның сұрауында, қалауында шек болу керек.

2-оқушы: - Әр адамның мінезі әр түрлі болып келеді. Бірі жомарт болса, бірі – сараң. Біреуі қанағатты болса, екіншісі қанағатсыз, парықсыз болады.

- Неге бұл мақалды бүгінгі сабаққа негіз етіп алдық?

Оқушылар жауабы:

- Қанағатқа байланысты әңгіме оқимыз.

- Бүгінгі сабағымыз қанағатшылдық қасиетіне байланысты болуы керек.

- А.С.Пушкин мен А.Байтұрсынов, осы екі авторға салыстыру әдісін жүргізу.

1.1. Салыстыру әдісі.

А. С. Пушкин:

Орыс ақыны.

Мәскеу қаласы.

Үйіндегі бай кітапханасы.

«Руслан и Людмила» поэмасы, т.б.

А. Байтұрсынов:

Қазақ ақыны.

Торғай облысы.

Әдебиетті сүйді.

«Қырық мысал» кітабы, т.б.

II. Мәтінмен жұмыс.

А) Ертегі қалай басталады?

Теңіздің жағасында кемпір мен шал
 Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дәл.
 Күн көрген бейшаралар балық аулап,
 Болмапты төрт түліктен ырымға мал.

Ә) Ертегідегідей оқиғаның бел ортасында жүретін және оқиғаның дамуына түрткі болатын – кейіпкерлер. Кейіпкерсіз оқиға жоқ. Олай болса, кейіпкерлерін атаңдар. Оқушылар жауабы:

- Шал мен кемпір, балық, жендеттер.

- Кейіпкерлерде қандай мінез бар екенін білу үшін ертегі құрылысына талдау жасайық.

III. Ертегі құрылысына талдау.

Р/с	Ертегінің композициялық элементтері	Композициялық жоспар.	Ертегідегі көркемдеуіш құралдар.
1.	Оқиғаның басталуы.	Шал мен кемпір.	
2.	Оқиғаның дамуы.	Шалдың теңізге барып, балықпен кездесуі.	Алтын балық – эпитет; оттай, адамша, шыбындай – теңеу.
3.	Оқиғаның шиеленісуі.	Кемпірдің «жаңа астау әкел» деп бұйрық беруі.	Қу көк сақал, ағаш үй, биік үй, алтын жүзік, саптиялы оюлы етік – эпитет.
4.	Оқиғаның шарықтау шегі.	Кемпір теңіз патшасы болсын деп әмір беруі.	Түсі суық малайлар, алтын тақ, қара бұлт, қара дауыл – эпитет.
5.	Оқиғаның шешімі.	Кемпірдің бұрынғы кедейлік қалпына келуі.	Жарық астау, қу қақпас – эпитет.

Оқушы кесте бойынша ертегінің композициялық құрылымын және мазмұнын қысқаша айтып береді.

Ертегіде сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем, сөйлемдерді тауып, ауызша талдау.

«Ақымақ, - дейді, - алжыған, кеткен есің.

Былжырап айтып тұрсың, сөз деп несін?

Жаңа астау, тым болмаса, алсаң едің,

Астаудың жарылғанын білмеймісің?» - *сұраулы сөйлем.*

Алжыған, миы ашыған, қу көк сақал!

Көп нәрсе әкеліпсің, адырағал!

Үйіңнің сиқы мынау үстіндегі,

Балықтан барып тәуір үй сұрап ал!» - *лепті сөйлем.*

Биік үй салтанатты, сәнді түрі,

Бәрі мол, бәрі байлық, бәрі ірі.

Үстіне неше түрлі асыл киіп,

Паңсынып сыртқы есікте түр кемпірі. - *хабарлы сөйлем.*

IV. Сахналық көрініс.

Өмір – сахна, адам – актер. Шал мен кемпір және балық арасындағы диалогті оқушылардың өнерлері арқылы тамашалайық.

V. Ой қозғау.

- Неге осы үзіндіні алдыңдар?

Оқушылар жауабы.

А) екі кейіпкерлердің осы үзіндіде мінездері, іс-әрекеті айқын көрінеді.

Ә) кемпірдің қанағатсыздық қасиеті осы үзіндіде жақсы танылып көрсетіледі.

Б) шалдың аз болса да кемпіріне қарсылық көрсетуі байқалады.

- Ертегі немен аяқталады?

Қараса, лашығында кемпір отыр,

Баяғы жарық астау жырық-жырық.

Түсіріп таз кебіне бір-ақ күнде

Қойыпты қу қақпасты құдай ұрып.

- Адамның мейірімділігі, парасаттылығы, инабаттылығы, адамгершілігі сияқты асыл қасиеттер үлкен жүректен шығады. Не себепті балық кемпірді жыртық астауымен бұрынғы кедей қалпына түсіріп тастады деп ойлайсыңдар?

Оқушылар өздерінің ойларын үйде салып әкелген жүрекке жазады.

Алтын балық кемпірді бастапқы қалпына түсіріп тастауының себебі – оның астамшылығы, шектен шыққан қанағатсыздығы. Адам бойындағы осындай қасиет жақсылыққа әкелмейді. Сондықтан адам әр кезде қолында бар нәрсені қанағат тұтуы керек.

Кемпірдің әділетсіз іс-әрекеті, парықсыздығы мен қанағатсыздығы оны жыртық астауымен бұрынғы кедей қалпына түсіреді.

VI. Сабақты қорыту. Адам қолда бар нәрсесін қанағат тұтуы керек. «Қанағат – қарын тойдырар» деп халық бекер айтпаған. Осы «Балықшы мен балық» ертегісін оқығанда жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман қасиеттерден жирендік.

Үй тапсырмасы. А.С.Пушкиннің басқа да ертегілерін оқу және де «Балықшы мен балық» ертегісіне байланысты сурет салу.

Бағалау.



Назигүл ҚАБДОСОВА,
Комаров орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Новая Шульба ауылы.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

Оқушының әр жақты дамуына ықпал жасайтын, өздігінен белсенді іс-әрекетке жетелейтін, білім алуға іштей қажеттілігін туғызатын сабақтың бірі – қорытындылау сабағы. Қорытындылауда негізгі көзделетін мақсат – өткен

материалды бір жүйеге түсіру. Орта білімді дамыту үшін әрбір мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаналықтармен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек.

Оқытудың әдістерін одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерін таңдап алу және оны іс жүзінде анықтап отыру – ұстаздың шеберлігі.


«Мақал-мәтелдер – халық даналығы» тақырыбын қорытындылауға байланысты өткен ойталқы сабағында сыныптағы оқушылар баспалдақ әдісі арқылы қызығушылық белсенділіктерін арттырды.

Жолдастарының көзқарасымен санасуға үйренді.

I. Мәтін бойынша қысқа және нұсқа жауап беріңіз.

- халық ауыз әдебиеті қалай тараған?
- ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?
- ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің қандай айырмашылықтары бар?
- «фольклор» сөзінің мағынасы қандай?
- халық ауыз әдебиетінің маңызы қандай?

II. Тірек-сызбаны толтырыңыз.




III. Ауызекі сөйлесу.


Тірек-сызбаны толтыра отырып, қиял-ғажайып ертегілері жөнінде сөйлесу.

Қазақ ертегілері

Түрлері



Ерекшеліктері



- Қиял-ғажайып ертегілерінің негізгі ойын ашыңыз.
- Адамдарға дос күштерді танып сипаттаңыз.
- Қиял-ғажайып ертегілерінің ерекшеліктерін айтыңыз.
- Қиял-ғажайып ертегілерінің түрлерін атаңыз.

Түйін. Сөз сыры неде?

- Қанағат, тұту, арманына жету, адам мәселесі, болашаққа деген сенім, ...

IV. Тірек сызбаны толықтыра отырып, халық даналығын талдап, талқылаңыз.

Тақырыптары

Мақал-мәтелдер

Ерекше қасиеті

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.

Тілі

Көлемі

Мағынасы

Мазмұны

V. Ойталқы сабағында мұқият орындалатын тапсырмалар оқушының тиянақтылық, пікір-көзқарас, тіл мәдениетін жетілдіріп, сөздік қорын молайтып, ізгілікті, білікті тұлға тәрбиелейді.



Бақытгүл ЖҰМАБАЕВА,
Семей қаласындағы
№9 орта мектептің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЛЕКСИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: 1) лексика бөлімдерінен алған білімдерін, іскерлік дағдыларын тексеру, бағалау, таным белсенділігін арттыру; 2) сөз байлығын дамыту; сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін жеткізуге машықтандыру; өткен ережелерге қорытынды жасауға үйрету; 3) білім құштарлығын ояту, тіл құдіретін сезіне білуге, сөз мағынасын келістіре құбылтып, оларды мейлінше дұрыс қолданып, нақты түсіне білуге тәрбиелеу. Адалдыққа, адамгершілікке, достыққа, өз Отанын сүюге, тілін, салт-дәстүрін құрметтеуге баулу.

Әдісі: сұрақ-жауап, ұжымдық оқыту әдісі. **Типі:** жинақтау, топтау сабағы.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын пысықтау.
3. Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

I. «Қызығушылықты ояту» стратегиясы (психологиялық даярлық).


Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиядан шауып,
Қисынын тауып,

Тағыны жетіп қайырған.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең, өзің біл!- деп Абай атамыз айтқандай, 8-сыныпта өткен «Лексика» бөлімі бойынша қайталау сабағымызға көшейік.

II. - Балалар, сендер «Топтастыру» стратегиясы бойынша «Лексика» сөзін естігенде ойларыңа қандай сөздер келеді?



III. Енді, «Кубизм» әдісін қолдана отырып, осы тарауларға анықтама береміз, мағынасын ашамыз.

I топ.

1. Табу дегеніміз не? Мысал келтір.

2. Синонимдік қатар жаса: сұлу, аспан, көрікті, көк, әдемі, әуе, ажарлы.

3. Кәсіби сөздер дегеніміз не?

II топ.

1. «Қаз», «Үй» сөздерін омонимге айналдыр.

2. Көнерген сөздер дегеніміз не? Архаизм сөздерге мысал келтір.

3. Тұрақты тіркестер деген не? Мысал келтір.

III топ.

1. *Бас*, *бет* сөздерін көп мағыналы сөздерге айналдыр.

2. Термин сөздер? Мысал келтір.

3. Дисфемизм, эвфемизм дегеніміз не? Мысал келтір.

IV. Тақтамен жұмыс.

Мына сөздердің тура мағынасын табыңдар:

1. Тәтті ұйқы, тәтті қиял, тәтті алма.
2. Ашық мінез, ашық әңгіме, ашық аспан.
3. Иненің көзі, байлықтың көзі, адамның көзі.
4. Өткір ой, өткір мінез, өткір пышақ.
5. Әдемі әуен, әдемі иіс, әдемі қыз.
6. Алыс арман, алыс туыс, алыс жер.

V. «*Sergitu*» ойынын ойнаймыз.

«Бір сөзбен атаңдар» ойыны (Фразеологизм).

Мен сендерге тұрақты тіркестерді оқимын, олардың қандай мағына беретінін бір сөзбен атау керек:

1. Тайға таңба басқандай (анық).
2. Төбе шашы тік тұрды (шошыды).
3. Ит арқасы қиянда (алыс).
4. Қырық пышақ болу (төбелесу).
5. Жұмған ауызын ашпау (үндемеу).
6. Қой ауызынан шөп алмас (үндемес).
7. Тонның ішкі бауындай (тату).

Келесі ойынымыз – «*Қалай дер едіңіз?*».

1. Тас бауыр (мейірімсіз, сезімі жоқ).
2. Ұйықтамау (түн ұйқысын төрт бөлу).
3. Аз (тауыққа тары шашқандай).
4. Ұялу (бетінен оты шықты).
5. Өкіну (бармағын шайнады).
6. Таңдану (ауызының суы құрыды).

VI. Мына жазылған синонимдерді сәйкестендіріп, тапсырманы орындау.

<i>Үлкен</i>	<i>ауқат</i>
<i>Кішкентай</i>	<i>дәу</i>
<i>Ажар</i>	<i>биттей</i>
<i>Тамақ</i>	<i>келбет</i>
<i>Ертеде</i>	<i>азанда</i>

VII. Оқулықпен жұмыс.

Жаттығу жұмыстарын орындау.

VIII. «Лексика» тарауының бірі – мақал-мәтелдер.

Олай болса мақал-мәтел айтып, «Кім жылдам?» ойынын ойнайық.

IX. Мына тақтада берілген «Лексика» анаграммасын шешу арқылы сабағымызды қорытындылайық.

Анаграмма.

Л						
Е						
К						
С						
И						
К						
А						

1. Сөз байлығын зерттейтін сала (лексика).
2. Сөз тіркесінің түрі.
3. Белгілі бір кәсіпке байланысты сөздердің атауын тап.
4. Бір-біріне мағынасы жақын туыс сөздер.
5. Қолданылған дәуірі өтіп, заманның өзімен бірге көнерген ескі тарихи атаулар.
6. Қолданыстан шығып қалған сөздерді қалай атайды?
7. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді не дейміз?

X. Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: 43-жаттығу.





Салтанат ЖАНҒАЛИҚЫЗЫ,
«Жаңақала» жалпы білім
беретін орта мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңақала ауылы.

ЛЕКСИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(5-сынып)

Мақсаты: **білімділік** – деңгейлік тапсырмалар, графикалық сызба, интерактивтік тақта арқылы мәтіннің ішінен тұрақты тіркестерді табу, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қайталау, білімін сарапқа салу; **тәрбиелік** – Бөкей Орда тарихы жөнінде мысалдар арқылы елдің тарихын құрметтеу, тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушының шығармашылық, іздемпаздық, зерттеушілік, ойлау қабілетін дамыту.

Әдісі: қайталау сабағы. **Түрі:** кіріктірілген сабақ.
Көрнекілігі: диск, кәртiшке, кесте. **Пәнаралық байланыс:** тарих, математика.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі:

- 1) Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру.
- 2) Сабақ жабдықтарын даярлау.

II. Жаңа сабақ.

- Балалар, біз бүгін сабағымызда лексика тарауын қайталай отырып, деңгейлік тапсырмалар орындаймыз. Интерактивті тақтаны пайдаланып, графикалық сызбаны толтырып, кешенді талдау үлгісінде талдау жасап, газет-журналдармен іздену жұмысын атқарып, «Артығын тап» сияқты әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақты қайталаймыз. Ең алдымен, өткенді еске түсіру үшін «Артығын тап» тапсырмасы арқылы ережелерді қайталап еске түсіреміз.

- 1) Лексика тарауы бойынша

Омоним	Кәсіби сөздер
Термин сөздер	Зағ есім

Тұрақты тіркес	Етістік
Синоним	Табу

Диалект сөздер	Эвфемизм
Антоним	Сан есім

Үстеу	Көнерген сөздер
Кірме сөздер	Жаңа сөздер

2) Кестені толтыр: маркерді пайдаланып, кестенің ашық жерлеріне мысал жазу.

Сөздер Мысалдар

Диалект сөздер	
Жаңа сөздер	
Табу сөздер	

3. Деңгейлік тапсырмалар 3 оқушыға:

1. а) Лексика дегеніміз не?

ә) Сұлу, әдемі, көркем сөздеріне сөйлем құра.

б) Мақал-мәтелдің жалғасын тап. Қыз – елдің көркі...

Дос жылатып айтады, Дұшпан –

2. а) *Квадрат, теңдеу, куб, коэффициент* қандай сөздер?

ә) *Шәйнек, бәтеңке, кәрзеңке* сөздерінің орысша

баламасын тап.

б) «Дос» туралы 3 мақал айт.

3. а) Компьютерге байланысты қандай терминдер білесің?

ә) Жаңа сөздерге мысал келтір.

б) Оқу-білім туралы мақал-мәтел айт.

4. Зерттеу жұмысы: дәліздегі жазылған нақыл сөздерді,

мақал-мәтел, ұлылардың ақылын дәптерге түсіріп, мағынасын ажырату.


5. 3 оқушыға кешенді талдау жасату.

1. Отан.


2. Ана.

3. Қазақ.

Мысалы: Отан.



6) Графикалық сызба. Бір оқушыны шығарып, интерактивтік тақтаны пайдалану.



7. Шығармашылық жұмыс: дәптерге газет-жұрналдан лексика тарауы бойынша сөздерді тауып жазу.

8. Экраннан тұрақты тіркестерді табу және мағынасын ажырату.

Бұл хабарды естігенде *төбем көкке жетті*.

Көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды.

Бала кірпік қақпай, *көрер таңды көзімен атқызды*.

Ауылым – *ит өлген жер*.

Мектеп пен үйдің арасы – *таяқ тастам*.

9. Сергіту сәті: «Ойымды жалғастыр».

Мысалы: ақ-сөз;

Ақ-қара – антоним; Қалпағымның түсі – **ақ-қара**.

Қара – омоним сөздер. Менің күшігімнің түсі – **қара**.

Үй жаққа **қара**.

10. Қорытынды: «Лексика ертегісі».

Үйге тапсырма: Лексика тарауынан мен не білдім? Нені үйрендім? деген сұраққа ойтолғау жазып келу.

Бағалау.



СӨЗ БАЙЛЫҒЫ

Қалса артында мұғалімнің жақсы аты,

Арманы жоқ, күндей берсін қас жаты...

Жас ұрпаққа сөз байлығын игерту –

Бүкіл ұстаз қауымының мақсаты!



Нағима БАҚТЫҒАЛИҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласындағы
№17 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ІС ҚАҒАЗДАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗУ

Мақсаты: тіл үйренушінің ресми қарым-қатынасты іске асыруда сөйлеу тілін жетілдіру; меңгерген сөздерін белсенді сөздік қорына айналдыра отырып, қарым-қатынасқа түсіруіне қажеттілік туғызу.

Сабақтың міндеттері: 1) ресми іс қағаздарының түрлерін, қолданылу мақсаты мен тілдік құралдарын ұғындыру; 2) тіл мәдениетін арттыру, логикалық ойлауын дамыту, іскерлік шеберлігін арттыру; 3) кәсіптік бағыт-бағдар бере отырып, мамандық иесі болуға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Түрі: ақпараттық, жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау, талдау. **Көрнекілігі:** слайдтар, кеспе қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, құқық.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Іс қағаздары дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Қандай түрлерімен таныссыңдар?
3. Қазіргі уақытта қай тілде толтырылады?


III. Жаңа сабақ.

Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. ҚР тіл туралы заңының 8-бабында: “Мемлекеттік тіл ҚР мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады” делінген. Сондықтан, Қазақстанда екі тіл қатар қолданылады. Олар: қазақ тілі және орыс тілі.

XXI ғасырға тәуелсіз ел ретінде енген республикамыздың әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірінде үлкен өзгерістер болып жатыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995), «Тіл туралы» Заңы (1997), «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (1998) республикадағы тіл мәселелерін реформалауды жүзеге асыруға негіз болады әрі мүмкіндік береді. Сондықтан бұл реформаны жүзеге асыру үшін әр министрлік, әрбір мекеме, ұйымдар, жеке адамдар өздерінің нақты істерін көрсететін шаралар белгілеп, соны жүзеге асыруы тиіс. Солардың ішіндегі ең өзектісі, ең алдымен қолға алынатыны – қазақ тілінің конституциялық мәртебесін мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тіл саясатын іске асырудың алғашқы кезеңінде негізгі төрт бағытта іс-шаралар жүргізеді. Соның бірі – ресми іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшірудің нақты негізін жасау.

Іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.



Ис қағаздарының қызметтері:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты **реттеуші**;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты **реттеуші**;
- әр түрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын **реттеуші**;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін **негіздеуші**;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды **айғақтаушы**;
- мемлекеттік басқару ісін **жүйелеуші**;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің **қайнар көзі**;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің **көрсеткіші**;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты **көрсеткіші**.

Ис қағаздарының сипаттары:

- **саяси** (мемлекетшілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- **әлеуметтік** (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- **ұйымдастырушылық** (басқару қызметі жүйесінде);
- **құқықтық** (заңдық және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- **тарихи** (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда).
- **ресмилік** (міндетті түрде заңдық тұрғыда тіркелуінде).

Іс қағаздарының түрлері

Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздар

Өмірбаян, түйіндеме, жеке іс парағы, визит картшесі, өтініш, арыз, мінездеме, кепілдеме, кеден мағлұмдамасы, жеделхат.

Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін іс қағазлар

Қолхат, сенімхат, кепілхат, өтініш, тапсырыс, келісім шарт, еңбек шарты, еңбек келісімі.

Басқару, өкім шығаруға қатысты іс қағаздар

Заң, үкім, өкім, жарғы, жарлық, ереже, хабарлама, бұйрық, нұсқау, ресми хаттар, хаттама, жарнама, хабарландыру.

Әрі қарай жұмыс жасау үшін үш топқа бөлінейік.

Тобымызға ат таңдаймыз: зерттеушілер, аудармашылар, сараптамашылар.

- Енді, іс қағаздарының кейбір түрлеріне тоқталайық. (Түйіндеме, қолхат, хабарландыру).

Түйіндеме

Фамилиясы: Сұлтанова.

Аты: Назира.

Әкесінің аты: Айханқызы.

Туған жылы, айы, күні: 16.11.1994 ж.

Азаматтық: Қазақстан Республикасы.

Ұлты: қазақ.

Білімі: аяқталмаған орта. Ақтөбе политехникалық колледжі.

Мамандығы: есепші.

Қосымша мәліметтер: Ана тілім – қазақ тілі. Ағылшын және орыс тілін жақсы білемін. Компьютермен жұмыс істей аламын. Көпшілікпен жұмыс істегенді ұнатамын.

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Оспанов көшесі, 78-үй, 5-пәтер.

Телефон: 51-12-25.

Ұялы телефоны: 8777-250-18-10.

Қолхат

Мен, Есеп және аудит-02 тобының 1-курс студенті Ержан Бауыржанұлы Хайрош, колледждің есеп және аудит кафедрасының түсіндірмелі сөздік кітабын (2500 теңге тұратын) алдым. Кітапты бір жетіде қайтарып беремін деп міндеттенемін. Жеке куәлік №11655223.

24.10.10ж.

Қолы

Х.Б.Ержанның қолын растаймын.

Хабарландыру

25 қараша күні, сағат 18.00-де Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының Студенттер сарайында КВН ойындары өтеді. Ойынға Ақтөбе, Атырау, Тараз, Алматы, Шымкент қалаларының ойыншылары қатысады. Билеттер Студенттер сарайының кассасында сатылады. Келіңіздер, көріңіздер!

Жастар ісі жөніндегі комитет.

IV. Бекіту:

1. Үш топқа тапсырма:

Зерттеушілер: берілген үлгілерді пайдалана отырып, іс қағаздарының сол түрлеріне түсініктеме береді.

Аудармашылар: берілген үлгілерді, қарамен жазылған сөздерді орыс тіліне аударды.

Сараптамашылар: берілген үлгілерді бір-бірімен салыстырып, қайсысы қай уақытта қолданылатынын айтады.

2. Жасырын тұрған құжат түрін анықтаңдар.

«Зерттеушілер» тобына: ... – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы жайлы қысқа мәлімет беретін іс қағазының бір түрі.

«Аудармашылар» тобына: ... – мекемелердің атынан алдағы болатын іс-шаралар туралы хабарлап жеткізетін құжат түрі.

«Сараптамашылар» тобына: ... – белгілі бір құндылықтарды алғанын куәландыратын, азаматтық қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі.

Insert кестесін толтырындар.

Білемін	Үйрендім	Білгім келеді

V. Қорытынды: оқушылар шарды жарып, тілектерін оқиды.

- Оқуда озат бол!
- Әрқашан биіктен көрін!
- Өмірің ұзақ, нұрлы болсын!
- Ақылды, мейірімді бол!
- Бақытты өмір сүр!
- Халықтың игілігі үшін қызмет ет!
- Үнемі аспанымыз ашық болсын!
- Еліміз тыныш, тату болсын!
- Тәртіпті, білімді бол!
- Жолдастарың көп болсын!
- Өнерің өрге бассын!

VI. Үйге тапсырма беру.

VII. Бағалау.



ТІЛ ҰСТАРТАР СУЫҢ ДА

Мақсаты: білімділік – лексикалық тақырыпты меңгеру, су туралы мағлұмат беру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту, оқуға қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды бірлесіп жұмыс істеуге, өзара сыйласуға баулу. Табиғи байлықтарын бағалауға, жанашырлыққа тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, түсінік беру. **Көрнекі құралдар:** бейнетаспа, ұнтаспа, суреттер, нақыл сөздер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет, география, табиғаттану.

Сабақ барысы:

Сабақтың кезендері: әдістемелік түсініктеме.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сыныпты сабаққа әзірлеу. Оқушылармен сәлемдесу. Достастықта тәрбиелеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Өтілген мәтінді еске түсіру арқылы сұрақтарға жауап беру, білімдерін тексеру:

- 1) Табиғат деген не?
- 2) Адамның табиғатқа қатысы қандай?
- 3) Қазақстанның табиғаты қандай?
- 4) Қазақстан жерінде қандай байлықтар бар? Ол нені көрсетеді?
- 5) Қазақстандықтардың парызы қандай?
- 6) Табиғатты қалай қорғау керек?
- 7) Табиғатқа не жатады?
- 8) Су байлығын қалай қорғауымыз керек?

Сұрақтар қою арқылы үй тапсырмасын қорыту.
Табиғатты қорғау керек. (Оның ішінде ормандарды, суларды).

III. Жаңа сабақ: *Тіл ұстартар суың да.*

а) Оқушылар екі топқа бөлінеді.

ә) Тақырып тақтаға жазылады.

1. Ой шақыру. Сабаққа оқушылардың қызығушылығын арттыру.

– Балалар, «Су – тіршілік көзі» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

2. Бейнетаспадан су туралы фильмнен үзінді көру.

– Су деген не?

– Судың құрамы қандай?

– Адамға судың пайдасы бар ма?

– Судың адам өміріндегі орыны қандай?

– Қазіргі заманда судың жағдайы қандай?

3. Мағынаны таныту: пәнаралық байланыс жасау.

Дәптерлеріне бүгінгі күнді жазу. Жаңа сөздікке назар аудару:

Тіршілік – жизнь;

Негізі – основа;

Бөлігі – часть;

Жарамсыз – непригодная;

Тұщы – пресная;

Су тапшылығы – нехватка воды;

Қиындық – трудности;

Су қоймалары – водохранилища;

Жауапсыз – безответственно;

Ластану – загрязняться;

Қалдықтар – отходы;

Деңгейі – уровень;

Жауапкершілік – ответственность.

Сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту.

1-топ оқушылары: мәтінге ат қояды.

2-топ оқушылары: антоним табады.

1-топ оқушылары: сөз тіркестерін құрастырады.

2-топ оқушылары: сөйлем құрастырады. Грамматиканы қайталау.

Фонетикалық талдау. Сөйлем мүшелеріне талдау.

Топпен жұмыс. Мәтіннің мазмұнын толық түсіну үшін.

1-топ: мәтінді бөлімдерге бөліп, ат қою.

2-топ: су тапшылығы туралы тұсты мәтіннен тауып аудару.

4. «Таза бұлақ» атты мәтінді әдеби көрініс түрінде көрсету.

5. Қазақстандағы су қоймалары туралы шағын мәлімет беру. Пәнаралық байланыс.

6. а) Тақтада жазылған нақыл сөздерді түсіндіру:

«Судың да сұрауы бар»,

«Бастау суалса – бақыт суалады»,

«Ағыс су – өмір, тоқтау су – өлім».

ә) Мақал-мәтелдер айту, өлең оқу.

7. Су туралы салт-дәстүрлер көп. Оқушылардың қазақтың салт-дәстүрлеріне, өнеріне қызығушылықтарын арттыру.

а) Нәрестені қырқынан шығарғанда қырық қасық суға шомылдырады.

ә) Жас жұбайлар үйленгенде, неке суын ішкізеді. «Тастай батып, судай сің», «Көңілдерің мөлдір судай таза болсын» деген бата-тілектер бар.

8. **Ойтолғаныс:** Не білдім? Не білгім келеді? Жаңа сабақты меңгергенін тексеру.

9. **Сабақты қорыту:** «Ақ бұлақ» әні орындалады. Кластер жасау.

10. **Үйге тапсырма:** судың пайдалылығы туралы шығарма жазуға дайындалу.

11. **Бағалау.**

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) тірек-сызба арқылы әңгімелей білуге, сұрақ қоюға, жазба үлгілерін дамыту, сөздік қорын байыту, Отан туралы түсініктерін кеңейту; 2) танымдық қасиеттерін дамыта отырып, ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру; 3) Отанға деген құрмет сезімін тудыру.

Әдістері: әңгімелеу, сұрақ-жауап, картамен жұмыс, жаттығулар, «Кім тез?» ойыны, тест. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, карта, тест, тірек-сызба. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих. **Түрі:** ұжымдық түрде бірлесіп білім алу, интерактивті тақтамен жұмыс.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу.
2. Әнұранды орындау.
3. Кезекшімен сұхбат.
4. Сабақтың жоспары:
 1. Үй тапсырмасын тексеру.
 2. Жаңа сабақты түсіндіру.

Сөздік жұмыс.

Картамен жұмыс (тірек-сызба, сызба бойынша әңгімелеу).

Дәптермен жұмыс (фонетикалық талдау жасау).

«Кім тез?» ойыны. Мақал-мәтелдермен жұмыс.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.



2. Грамматика.

а) Зат есімнің жіктелуі дегеніміз не?

ә) Жіктік жалғауы негізінен нелерге жалғанады?

б) Жіктік жалғауы кез келген есім сөздерге жалғана береміз ме?

в) Жіктік жалғауы нені көрсететін есім сөзге жалғанады?

г) Жіктік жалғауын қабылдаған сөз сөйлемде ненің рөлін атқарады?

3. Керекті сөзбен жалғандар.

а)

Сен	ғарышкерсіз
Ол	ғарышкерсің
Мен	ғарышкер
Сіз	ғарышкермін

ә)

Сіз	әдемі
Ол	әдемімін
Мен	әдемісіз
Сен	әдемісің

III. Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі.

Отансыз адам өмірінде оңбайды.

Білесің бе?

Отанның сен не екенін?

Екі өмір жоқ,

Жалғыз Отан – мекенің.

Біздің Отан біреу-ақ,

Ол – Қазақстан.

Бұл өлең не туралы? Иә, бұл өлең Қазақстан, Отан туралы. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы да – Сөздік қоры мол Қазақстан жері.

1. Сөздік жұмыс:

Шаршы – квадрат;

Бедері – рельеф;

Өсімдік – растение;

Аймақ – территория;

Топырақ – почва;

Түрлері – виды;

Алуан – множество.

2. **Картамен жұмыс.** а) Қазақстан жері (интерактивті картамен жұмыс).

Жалпы жер көлемі - 2,7 млн. шаршы шақырым. 40% - өзен, көл, теңіз. 50%- шөл және шөлейт жер. 10%- таулы жер.

ә) Сұрақтар құру және жауап беру.

б) Сызба бойынша әңгімелеу.

3. Грамматикалық жаттығулар. Топтық жұмыс.

1-тапсырма. Сөздіктегі сөздерден қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді тауып, оларға фонетикалық талдау жасау.

Үлгі: шаршы, ы-дауысты, жуан, езулік, қысаң.

бедері, і-дауысты, жіңішке, езулік, қысаң.

топырақ, қ-дауыссыз, қатаң.

түрлері, ү-дауысты, жіңішке, еріндік, қысаң.

2.3-тапсырма. Жақша ішіндегі сөз тіркестерін аудару.

IV. Мақал-мәтелдермен жұмыс. «Кім тез?» ойыны.

1. Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқып беру, сынып оқушыларын 3 топқа бөлу. Мақал-мәтелдермен жұмысты 4

кезеңге бөлу.

I кезең – сөздік жұмысы, сөздік дәптерге жазу, сөз тіркестерін құрау. Әр топтан бір оқушы жауап береді.

II кезең – мақал -мәтелдерді орыс тіліне аудару және орыс тіліндегі баламасын табу.

III кезең – мақал-мәтелдердің мазмұнын өз сөздерімен айтып шығу.

IV кезең – бір мақал-мәтел бойынша шағын шығарма жазу.

V. Үй тапсырмасын беру кезеңі.

1. Сөздік жағтау.

2. Сурет бойынша әңгіме құрау, 5-тапсырма.

VI. Қорытындылау кезеңі. *Тест тапсырмасын орындау.*

1. Қазақстан қай құрлықта орналасқан?

а) Азияда; ә) Еуропада; б) Еуразида.

2. Қазақстанның жері қандай?

а) кең-байтақ; ә) кішкентай; б) орманды.

3. «Медеу» мұз айдыны қай жерде орналасқан?

а) Астанада; ә) Көкшетауда; б) Алатау етегінде.

4. Н.Ә.Назарбаев қай жылы Президент болып сайланды?

а) 1990; ә) 1991; б) 1992.

5. Алматы қаласының іргетасы қашан қаланған?

а) 1854; ә) 1921; б) 1929.

6. Астана – Қазақстанның нешінші астанасы?

а) 1; ә) 2; б) 4.

7. Қазақстанда неше облыс орталығы бар?

а) 14; ә) 19; б) 16.

8. Жіктік жалғауды көрсет?

а) -мын,-мін; ә) -ға,-ге; б) -ым,-ім.

9. «Кезекші» сөзіне жалғанатын жалғауды тап?

а) -мын; ә) -мін; б) -пін.

Білемін	Үйрендім	Білгім келеді
Туып өскен жерім – Қазақстан.	Жіктік жалғауын жалғауды.	Қазақстан Республикасының тарихын.
Қазақстан – Еуразия құрлығындағы ең үлкен мемлекет.	Тірек-сызба арқылы әңгіме құруды, сұрақ қоюды.	Мәдениетін, салт-дәстүрін.
Тұңғыш Президент – Н.Назарбаев.	Мақал-мәтелдермен жұмыс істеуді.	Қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалымдар туралы.
14 облыс, ірі қалалары бар.		
Туы, Әнұраны, Елтаңбасы.		

VII. Бағалау.

Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы	Сызба бойынша әңгімелеу Грамматикалық сұрақтар Жіктік жалғау (жаттығу)	Жаңа сабақ	Сызба бойынша әңгімелеу Сұрақ-жауап	Топтық жұмыс Мақал-мәтелдер	I кезең	II кезең	III кезең	Тест сұрақтары	Жалпы ұпай



САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІН СӨЙЛЕТКЕН ШОҚАН САБАҒЫ

(Жалғасы. Басы №10 санда)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Шоқан Уәлиханов туралы мағлұмат беру; сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін білу; **дамытушылық** – тақырып бойынша жаңа сөздерді меңгеру, сол сөздерді айту арқылы оқушылардың тілін дамыту; **тәрбиелік** – ғалымның өмірімен таныса отырып, оған деген мақтаныш, құрмет сезімін баулу.

Көрнекіліктері: суреттер, интерактивті тақта, сызбалар, қосымша материал. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, insert стратегиясы, кластер құру, іздену, топтау әдісі, ақпараттық-коммуникативтік.

Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі.

Ғылым туралы мақал-мәтелдерді интерактивті тақтада көрсетіп қайталау.

Оқусыз білім жоқ, Алтын алма,

Білімсіз күнің жоқ. Білім ал.

II. Қайталау.

1. Үй тапсырмасын тексеру.

2. Өткен сабақтың сөздерін қайталау. Сөздік хормен айтылады, орысшаға, қазақшаға аудару.


Оқушы – сынып, сынып – оқушы режимінде жүргізіледі. Сөздікті қолданып сөйлем құрау.

III. Жаңа тақырыпты игеру.

1. Сызбаны пайдалана отырып жаңа тақырыппен таныстыру (Интерактивті тақтаны қолдану)



Сабақтас құрмалас сөйлем 6 түрге бөлінеді



Оқушылар мысал келтіріп, кластерді толықтырады.

2. Мәтінмен жұмыс.

«Шоқан Уәлиханов» атты мәтінді тізбектеп оқиды.

Insert стратегиясы бойынша оқу.

«+» білемін.

«√» мен үшін жаңалық.

«-« білмеймін.

«?» білгім келеді.

Топтық жұмыс. Хат таныған, әруақ, оянған, қайта қозу, шаһар, жан-жақты сияқты жаңа сөздерді дәптерлеріне жазып, хормен қайталайды; сөз тіркес құрастырады, орысшаға аударады.

3. Диалог құрастыру.

Мәтін бойынша диалог дайындайды.

Жұптық жұмыс.

- Шоқан Уәлихановтың шын аты кім болған?

- Шоқан Уәлихановтың шын аты Мұхаммедханафия болған.

- Шоқан Уәлиханов қай жерде дүниеге келген?

- Шоқан Уәлиханов Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде дүниеге келген.

- Шоқанның зерттеушілік қабілеті қашан оянған?
- Шоқанның зерттеушілік қабілеті оқып жүргенде оянған.
- Шоқанның тамаша еңбектерінің бірі қалай аталады?
- «Алтын шаһардың жайы туралы» деп аталады.
- Ш.Уәлихановтың ең қызық шығармалары неге арналады?

- Ш.Уәлихановтың ең қызық шығармалары қазақтың ескі дінінің тарихына арналған.

IV. Рефлексия.

Шоқан Уәлиханов туралы бүгінгі сабақта нені білдік?

Сызба жасайды.



Үйге тапсырма: сөздікті жатқа оқу, Шоқан Уәлиханов туралы әңгімелеу.



САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Мақсаты: білімділік – Қазақстан туралы мәліметтерді жүйеге келтіру, алдыңғы сабақтарда оқушылардың алған білімін пысықтау, сөйлемді құру дағдыларын жетілдіру, сан есімнің түрлерін ажырата білу; **тәрбиелік** – Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру; **дамытушылық** – түрлі тапсырмалар арқылы ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту.

Пәнаралық байланыс: география, тарих, орыс тілі, ағылшын тілі, әдебиет. **Түрі:** интерактивті тақтамен жұмыс, аралас. **Әдістері:** сұрақ-жауап, флипчартпен жұмыс, түсіндіру, іздендіру. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, флипчарт, суреттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру: Сәлеметсіздер ме, балалар! Сабақты бір-бірімізге жақсы тілектер айтумен бастайық. Жақсы сөз – жарым ырыс. Мен бүгін сендерге сабақта сәттілік тілеймін!

II. Сабақ барысы: Сыныпты 3 топқа бөлу. Үй тапсырмасы тексеріледі. Диалогты сөйлесу әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру.

1-топ – «Пайдалы қазбалар».

2-топ – «Қазақстан жері».

3 топ – «Қазақстанның табиғаты».

Жаңа сабақ.

Анаграмма: «Адасқан әріптер». Осы анаграмманы шешіп, сабақтың тақырыбымен танысамыз.

- Балалар, тақтаға қараймыз. Слайдтар тамашалаймыз, сұрақтарға жауап береміз.

1. Біздің Отанымыз қай мемлекет?
 2. Қазақстанның қандай рәміздері бар?
 3. Қазақстан туралы кім өлең біледі?
- «Қазақстан жалауы» өлеңін жатқа оқу.

Сөздікпен жұмыс.

1. Сөздерді оқимыз, аударамыз.
2. Сөйлемдер құрастырамыз.
3. Сөздікке жазып алу.
4. Мәтінмен жұмыс.

Оқимыз, аударамыз, сөйлемдерді құруға дағдыландыру.

Интерактивті тақтамен жұмыс. Жазба жұмысы, сан есім деген не, түрлерін ажырат.

Есептік	Реттік	Жинақтық
Бір	Бірінші	Біреу

Сан есімді дұрыс орналастыру.

Ойын ойнаймыз. Кім тез?

1. Үш тілде аударма жазу.
2. Артық сөзді тап.
3. Жазба жұмысы.

Көп нүктенің орнына керекті сөзді жазу.

- 1.... саусақ бірдей емес.
- 2....
- 3....
- 4....
- 5....

Керекті сөздер: *бірді, бес, мыңды, алтау, тоқсан, төртеу, жеті.*


4. Тақтада суреттер ілулі тұр. (Ойын ойнату)

«Жеті қазына». Мағынасын түсіндіру.

1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл, білім. 4. Жүйрік ат.
5. Қыран бүркіт. 6. Берен мылтық. 7. Құмай тазы.

Деңгейлі тапсырмаларды тез орындаған оқушыларға суреттер беріледі. Суреттердің бәрі таратылған соң мұғалім жеті қазынаның мағынасын түсіндіреді.

Сабақты қорытындылау. «Қазақстан – сандарда». Таблицамен сөйлемдер құрастыру.



Тест тапсырмалары:

1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңы қай жылы қабылданды?

- а) 10 ақпан 1998 жылы;
- ә) 12 қыркүйек 1991 жылы;
- б) 11 шілде 1997 жылы.

2. Конституция қай жылы қабылданды?

- а) 1987 жылы; ә) 1991 жылы; б) 1995 жылы.

3. ҚР-ның егемендігі туралы Декларация қай жылы қабылданды?

- а) 1991 жылы 16 желтоқсанда;
- ә) 1990 жылы 25 қазанда;
- б) 2000 жылы 1 мамырда.

4. Елтаңбада не бейнеленген?

- а) бүркіт; ә) пырақ; б) көгершін.

5. Қазақстан жерінде қанша көл бар?

- а) 40 мыңға жуық;
- ә) 20 мыңға жуық;
- б) 100 мыңға жуық.

6. Ең биік шың?

- а) Алатау; ә) Хантәңірі; б) Алтай.

7. Қазақстанда неше мемлекеттік қорық бар?

- а) 9; ә) 5; б) 20.

8. Қарағанды облысында не шығарады?

- а) алтын; ә) көмір; б) астық.

9. Қазақстанның мемлекеттік тілі?

- а) қазақ; ә) орыс; б) ағылшын.

10. Мемлекеттік тіл туралы қай бапта жазылған?

- а) 8-бап; ә) 5-бап; б) 7-бап.

Үйге тапсырма: «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына шығарма жазып келу.



Индира САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№19 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРДЫ ҮЙРЕНГЕН ЕКІ ДОС

Сабақтың мақсаты: оқушыларға жіктік жалғауларды басқа жалғаулардан ажыратуға және дұрыс жалғай білуге үйрету. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ойлау шеберлігін, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру арқылы білім көкжиегіне жетелеу. Оқушыларды жолдасына адал болуға, адамгершілікке, бір-бірінің пікірін құрметтеуге, сауаттылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайдтар, сурет, үлестірме қағаздар, семантикалық карта, тірек-сөздер, кестелер. **Түрі:** қорытынды сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, шығармашылық.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу, түгелдеу.

«Адам – адамға дос».

Әр адам досына қандай болу керек?

Топтарға ат қою.

I топ –«Адал».

II топ –«Шыншыл».

II. Үй тапсырмасын сұрау. Мына сөздерді жіктеп жазыңдар.

I топ: тәрбиелі, суретші.

II топ: оқушы, ұстаз.

III. Білімдерін жан-жақты тиянақтау.

Жіктік жалғау (личное окончание)

Жақ (лицо)	Жекеше (ед.ч)	Көпше (мн.ч)
I	-мын,-бын,-пын -мін,-бін,-пін оқушы+мын	-мыз,-быз,-пыз -міз,-біз,-піз оқушы+мыз
II II сыпайы түрі (вежливая форма)	-сың,-сің оқушы+сың -сыз,-сіз оқушы+сыз	-сындар,-сіңдер оқушы+сың+дар -сыздар,-сіздер оқушы+сыз+дар
III	- оқушы	- оқушылар

IV. Жаңа сабақ.

Сөздікпен жұмыс:

Ақылды – умный (-ая);

Зерек – способный (-ая);

Тәрбиелі – воспитанный (-ая);

Да – тоже;

Бірге – вместе;

Сыйлайды – подарил (-а).

Көркем жазу.

Дә

Дос

1-тапсырма. «Дөңгелек үстел» әдісі.

Суретке қарап, топтағы 6 оқушы бір-бір сөйлемнен құрап жазып, мәтін құрау.

I топ

II топ

2-тапсырма. «Дина мен Наташа» мәтінін оқып, аударып беру.

Дина мен Наташа бір мектепте оқиды. Олар – төртінші сынып оқушылары. Дана - өте ақылды, зерек, тәрбиелі қыз. Наташа да сабақты жақсы оқиды. Олар бір үйде тұрады: Дана – екінші қабатта, Наташа – бесінші қабатта. Сабақтарын бірге оқиды. Дина мен Наташа – дос.

3-тапсырма. «Сұхбат» әдісі.

I топ: - Сенің досың бар ма?

II топ: - Аты кім?

I топ: - Ол қайда тұрады?

II топ: - Қай мектепке барады?

I топ: - Нешінші сыныпта оқиды?

II топ: - Ол қалай оқиды?

V. Сергіту сәті.

Сағаттың тіліндей

Иіліп оңға бір,

Сағаттың тіліндей

Иіліп солға бір,

Оң аяқ, сол аяқ,

Оң аяқ, сол аяқ,

Жаттығу оңай-ақ.

Алға қарай – бір қадам,

Оңға қарай – бір қадам,

Солға қарай – бір қадам.

Бір отырып, бір тұрып,

Бір отырып, бір тұрып,

Сәл тынығып қайтала.

Мақал-мәтелдер жарысы. «Ішіне-сыртына» әдісі.

Достық туралы мақал-мәтелдер (ішіне)	Адамгершілік туралы мақал-мәтелдер (сыртына)

VI. Сабақты бекіту.

Мына сөздердің біреуін жіктеп жазыңдар: *адал, әдепті, оқы, жолдас.*

VII. Сабақты қорыту.

Семантикалық карта

Мысалдар	Жіктелген сөз	Жіктелмеген сөз
Ойна		
Биші		
Күл		
Жазушымын		
Оқырмансыздар		
Заңгер		

VIII. Үйге тапсырма беру: 5-тапсырма. Көркем жазу. “Дос” сөзін жіктеп жазыңдар.

IX. Бағалау.



Ақбота СЕРІКҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№60 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ САЯХАТ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың өткен сабақтардан алған білімдерін пысықтап, қайталауға арналған тапсырмаларды орындату. Оқушылардың білім деңгейін тексеру, алған білімдерін тиянақтау, шыңдау; **дамытушылық** – сөздік қорларын байыту. Түрлі әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың тапқырлық, жылдамдық, есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, сөйлеу тілін жетілдіріп, сауатты жазуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ойын қорыта білуге және де жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу, тіл

күдіретін сезіне білуге, сөз мағынасын келістіре отырып, оларды дұрыс қолданып, дәл түсінуге жетелеу.

Типі: ертегі-ойын сабақ. **Түрі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын, сөздік, тест, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, слайдтар, оқулық, қима қағаздар. **Сабақтың ұйымдастыру формасы:** жеке-дара, жұппен, топпен.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу.
2. ҚР-ның әнұраны (гимні).
3. Кезекшімен сұхбат, оқушылардың оқу құралдарын түгелдеу.
4. Психологиялық дайындық.
5. Оқушылардың көңілін сабаққа бейімдеу, оқушылардың қызығушылықтарын ояту.

- Сәлеметсіңдер ме, оқушылар!
- Қайырлы күн!
- ҚР әнұранын орындайық.
- Рақмет, отырыңдар.
- Сыныпта кім кезекші? Бәрі түгел ме? Сабаққа оқу құралдарын дайындап, зейіңдеріңді маған аударыңдар.

Психологиялық ояну күйі. 4-слайд.

Айдай арайлап,
Күндей күлімдеп,
Жұлдыздай жарқырап
Қазақ тілін бастаймыз!

II. Үй тапсырмасын сұрау. 5-слайд.

«Отбасы», «Жыл мезгілдері», «Пәндер», «Апта күндері», «Оқу құралдары» тақырыптарын қатыстырып диалог құрастыру.

III. Сабақтың өзекті мәселесі.

Оқушылардың өтілген тақырыптар бойынша алған

білімдерін тексеру, тереңдету, дамыту, жаңа инновациялық технологиямен байланыстыру. Сабақтың мақсатын түсіндіру.

IV. Жаңа сабақ.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше, өйткені «Бауырсақ» ертегісінің желісі бойынша ойын сабағы болмақ. Сабақта I, II, III тоқсанда өтілген тақырыптарды еске түсіреміз, тіл, ой, шығармашылық қабілеттеріңді дамытып, әр түрлі тапсырмаларды дұрыс орындап, өз жігерлігімізді көрсетіп, сабаққа белсенді қатысайық. Әр тапсырманың жауабы үшін қызыл, көк, жасыл түсті бағалау қима қағаздары беріледі.

«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы: **6, 7-слайд.**

Кел, тыңдайық ертегі,

Естіген жанды елітеді.

Талай ғажап оқиға

Қызық сырын шертеді.

Ерте, ерте, ертеде....бір ата мен әже болыпты...

Атасы: - Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші.

Әжесі: - Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.

Атасы: - Қаптың түбін қақ, бауырсақтық ұн табылып қалар.

Әжесі солай істейді. Қаптын түбін қағып, қалған ұннан бауырсақ пісіреді де, суытып терезе алдына қояды. Бауырсақ домалап кетеді...

Орман ішіне домалап келіп, қоянның көжегін үйретіп жатқанын естиді:

- Сұр көжегім, көжегім,

Еркелігіңді сеземін.

Сабаққа мойын бұратын

Сенің де келді кезегің.

Білмесең надан боласың,

Жау қолында қаласың.

Үйреніп бәрін біле алсаң,

Ақылың жетіп толасың.

Көжегі бауырсақты көріп, қорқып қашып кетеді.

Қоян: - Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеп қоямын.

Бауырсақ: - Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып беремін, соны тыңда.

Атадан да қаштым,

Ападан да қаштым,


Қоян сенен де қашып кетемін.

Қоян: - Қой, бауырсақ, сенің өлеңің жақсы екен, сен одан да менің тапсырмамды орында.

Бауырсақ: - Енді не істеймін, балалар, сендер маған көмек көрсетіңдерші.

8-слайд.

Қоянның тапсырмасы. «Дыбыстарға саяхат».



Шарты: Дыбыстардың дауысты, дауыссыз екендігін ажыратып, әр дыбысқа арналған тақпақ айту. Тапсырманы орындап болып келе жатқан бауырсақ шөп үстінде құлпынай жеп жатқан аюға кездеседі.

Аю: - Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.

Бауырсақ: - Жемеші мені, мен саған өлең айтып беремін.

Ападан да қаштым, атадан да қаштым,


Сенен де, аю, қашып кетемін.

Аю: - Әй, балалар, балалар!


Менде қызық ойын бар,
Ал, ықылас қойындар.
Кәне, тәртіп сақтайық,
Мен берген тапсырманы,
Бұлжытпай орындайық.

9-слайд.

Аюдың тапсырмасы



10-слайд.



Шарты: қай дыбысқа арналған сөздер екенін табу.

Бауырсақ: - Жарайсыңдар, балалар, мені тағы бір құтқарып қалдыңдар.

Сергіту сәті.

/Мазмұнына қарай қимыл-қозғалыстар көрсету/

Аспанға қарап, Ай көрдік,

Төменге қарап, Жер көрдік.

Оңға, солға бұрылып

Егеменді ел көрдік.

Бауырсақ домалап, аюдан қашып, ағаш түбінде жатқан қасқырға кездеседі.

Қасқыр: - Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.

Бауырсақ: - Жемеші, мен саған өлең айтып беремін.

Қасқыр: - Жоқ, бауырсақ, өлеңің керек емес, сен менің тапсырмамды орында.

16-слайд.

Қасқырдың тапсырмасы.

Сөздікпен жұмыс.

Семья – отбасы;

Школа – мектеп;

Класс – сынып;

Учебные принадлежности – оқу құралдары;

Продукты – азық-түлік;

Времена года – жыл мезгілдері;

Игрушки – ойынышықтар.

Шарты: орыс тілінде берілген сөздерді қазақ тіліне аудару.

Бауырсақ: - Рақмет, балалар, қасқырдан да құтқардыңдар,- деп әрі қарай домалап кетеді.

Бауырсақ домалап келе жатып, бір дыбыстарды естиді:

Түлкі: - Түлкішегім, құлыным,

Сен ғой менің тілегім.

Аңшы кімді қумаған?

Жарылмасын жүрегің!-

деп түлкі баласын үйретіп жатыр екен.

Түлкі бауырсақты көріп: – Амансың ба, бауырсақ?
Көргендерге ұнайды, жүзің қызыл шырайлы, мен сені
сеймін.

Бауырсақ: - Жеме, мен саған өлең айтып беремін.

Атадан да қаштым, ападан да қаштым,

Сенен де оңай құтылып кетемін.

Түлкі: - Оңай құтала алмайсың, менің тапсырмамды
орында.

Кел, балалар, ойнайық,

Ойнайық та, ойлайық,

Қандай сұрақ болса да,

Таппай оны қоймайық.

18-слайд.

Түлкінің тапсырмасы. Жоғалған әріптерді қой.



Шарты: жоғалған әріптерді орнына қою.

V. Сабақты бекіту.

Тест. 19-слайд.

1. **Отбасы сөзінің аудармасы:**

А) семья; Ә) школа.

2. **Күн, гүл, үстел, үлкен** сөздерінде қай дыбыс қайталанып келеді?

А) Әә; Ә) Үү.

3. **Оқу құралдарына нелер жатады?**

А) кітап, дәптер; Ә) әке, аға, ата.

4. **Бір аптада неше күн бар?**

А) жеті; Ә) алты.

5. **Ң – қандай дыбыс?**

А) дауысты; Ә) дауыссыз.

6. **Күз айларын белгіле.**

А) қыркүйек, қазан, қараша;

Ә) желтоқсан, қаңтар, ақпан.


Тестінің кілті.

1. А; 2. Ә; 3. А; 4. А; 5. Ә; 6. А.

VI. Рефлексия.

- Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Сабақтан қандай әсер алдыңдар?

Сабақта не  білдің?
үйрендің?
үйренгің келеді?

VII. Үйге тапсырма: сөздерді қайталау.

VIII. Бағалау.

Әр түсті бағалау қима қағаздарының санына қарай бағаланады.



САУАТТЫ СӨЙЛЕУГЕ ЖАТТЫҚТЫРАТЫН – ТУҒАН ЖЕР

Сабақтың мақсаты: 1. Тақырып бойынша сөйлеу әрекетін қалыптастыру. «Атамекен» тарауын пысықтай отырып, туған жер туралы әңгімелей білуге, жаңа сөздерді тілдік қатынаста қолдануға үйрету; 2. Оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Танымдық қызығушылығын арттырып, сөздік қорын молайту; 3. Патриоттық сезімін күшейтіп, сауатты жазуға, сөйлеуге баулу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, ҚР картасы, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, дүниетану.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. ҚР әнұранын айту. Оқушыларды түгелдеу. Фонетикалық жаттығу.

а) 1. ғай-ғай-ғай 2. -міз-міз-міз

Әдемі екен тоғай. Туған елді сүйеміз.

Ә, І – жіңішке дауысты дыбыстар.

ә) Қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталау.

II. Өткенді пысықтау.

1. Үй тапсырмасын тексеру.

«Отан» өлеңін жатқа айтқызу.

2. Сөздік диктант.

Оқушыларға кәртішкелер таратып беру. Олар сөздерді аударды.

№1. (Родина, отчизна, край, родная страна, народ, богатый, любим, ценим, живу).

№2. Наша Родина – Казахстан. Казахстан – независимое, большое государство.

Природа – отчизна богатая. Мы любим нашу страну.

- «ОТАН» сөзін басқаша қалай айтуға болады?

- (Атамекен. Туған ел. Туған өлке).

III. Жаңа материалмен жұмыс.

Сабактың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

1. Сөздікпен жұмыс. Таныстыру, оқушыларға оқыту, сөйлем құрастыру.

2. Кіріспе: Біз бүгін еліміздің белгілі адамдарымен танысамыз.

Туған жеріміздің көркеюіне көп еңбек еткен ұлы тұлғалар туралы айтамыз. Олар: ұлы ақын – Абай Құнанбайұлы, бірінші ұстаз – Ыбырай Алтынсарин, ғалым – Шоқан Уәлиханов, батырлар – Райымбек, Наурызбай, т.б. суретші – Әбілхан Қастеев.

3. Оқылым-Тілдесім – мәтінмен жұмыс.

Оқу, аудару, сұрақ-жауап.

1) Сенің туған жерің қай жер?

2) Сен қай жерде дүниеге келдің?

3) Қандай белгілі адамдарды білесің?

- Абайдың, Ыбырайдың қандай шығармаларын білесің?

- Мәтіннен кім сұрағына жауап беретін сөздерді табу.

4. «Жазылым» – 4-жаттығу. «Қыз қуу» ойыны бойынша өткізу.

Ойынның мақсаты: көптік жалғауын, жуан, жіңішке дауыстыларды тиянақтау.

Берілген сөздерді екі топқа жіктеп жазу және көптік жалғауын жалғау.

(Өзен, ел, адам, халық, ұлт, көл, ескерткіш, көше, дала, тоғай, тау, теңіз, ғалым).

IV. Сергіту. «Туған жер» әнін хормен айту.

5. «Тілдесім», 2-жаттығу. а) Диалогты рөлге бөліп оқу,

аудару, жалғастыру.

ә) ҚР картасынан өзен, көл, қала, тау атауларын теріп жазу.

б) Жұбын табу: «Кім жылдам?» ойыны.

Елорда Елбасы Мемлекеттік тіл

Туған жер Мемлекеттік рәміздер

----- ----- -----
----- -----

6. «Айтылым» – 3-жаттығу. Топпен жұмыс.

Сөйлемдерді аяқтап жазу. Оқушыларға дайын кәртішке беріледі.

1. Мен Қазақстанда

2. Қазақстан – тәуелсіз

3. Әр ұлттың өз дәстүрі

1. Біздің Отанымыз –

2. Мен өз елімді

3. Еліміздің елордасы –

V. Сабақты бекіту. «Бәйге» ойынын ойнау. Сөзжұмбақ шешу.


Сөзжұмбақ

1. Роцца.

2. Отчизна.

3. Богатый.

4. Родной.



VI. Қорытындылау. «Туған жер» тақырыбына өлең арнау.

НЕ?

Туған жер

ҚАНДАЙ?

Үлкен, бай

НЕ ІСТЕЙМІН?

Тұрамын, сүйемін

АССОЦИАЦИЯ

Қазақстан

VII. Үйге тапсырма: сөздік жаттау, 3-жаттығуды орындау.

VIII. Бағалау.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Мақсаты: оқушыларды ізденуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту, көпшілік алдында сөз сөйлеуге, өз пікірін дәлелді жеткізуге дағдыландыру; ойын барысында оқушылардың ауызша ой-өрісін дамыту, туған тілін сүйуге, қадірлеуге, мақтан етуге, тілдің қоғам өміріндегі маңызын түсінуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: электрондық презентация, мақал-мәтелдер, тіл туралы нақыл сөздер, Қазақстанның көріністері, «Атамекен» өлеңі.

Іс-шараның барысы:

- Құрметті оқушылар, қадірлі қонақтар! Біздің сайысқа қош келдіңіздер! Бүгінгі «Тіл – ұлттың жаны» атты іс-шарамыз Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналады. Алдымызға қойылған мақсат – қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Балалардың тіліне, еліне сүйіспеншіліктерін арттыру.

Сайыс жеті кезеңмен өткізіледі және бес ұпайлық жүйемен бағаланады.

Сайыстың барысы:

1. “Дода” (блиц сайыс).
2. “Сөз мәйегі – мақал”.
3. Даналық сөздер.
4. Полиглот.
5. Ойлан, тап.
6. Шарықтау бөлімі.
7. Көрермендер сайысы.

- Ал, енді, әділқазылар алқасымен таныстырайық. Әділ баға беретін мұғалімдер ...

Қатысушылар – 10-сынып оқушылары. Әр сыныптан төрт оқушы келіп отыр. Басқа балалар – көрермендер. Олардың да арасында сайыс өткізіледі.

1-жүргізуші: - Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұра.

Қазақ тілі қазақ ұлтының құралуымен бірге қазақ халқының ұлт тілі болып қалыптасқан. Қазақтар өзінің ұлттық тілін «Ана тілі» деп атайды.

2-жүргізуші: - Қазақ тілі – өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ қашан да даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін өсіп тұрады.

1-жүргізуші: - Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. Мұндай мемлекет үшін мемлекеттік тіл қажет. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Блиц сайыс. Бір минут ішінде сұрақтарға жылдам, нақты және дұрыс жауап берілу керек.

«Жұлдыздар» тобына берілетін сұрақтар:

1) Қазақстан Республикасының рәміздері қашан қабылданды? (1992)

2) Зере Абайға кім болады? (әжесі)

3) Жүз жасаған ақын кім? (Жамбыл)

4) Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар? (4)

5) Жаңылтпаш қалай айтылады? (жылдам)

6) Бір тәулікте неше сағат бар? (24 сағат)

7) Қазақстанда неше қорық бар? (5)

8) Наурызда пісірілетін басты тағам (наурыз көже)

9) Тұрлаулы мүшелерге не жатады? (бастауыш, баяндауыш).

«Білгірлер» тобына берілетін сұрақтар:

- 1) Қазақстан қандай мемлекет? (тәуелсіз, егеменді)
- 2) Абайдың неше қара сөздері бар? (45)
- 3) Ш.Уәлихановтың шын аты қандай? (Мұхамедқанафия)
- 4) Бір жылда неше күн бар? (365, 366)
- 5) Қазақ тілінде неше сөз табы бар? (9)
- 6) Тышқаннан қорқатын аң (піл)
- 7) Абай Құнанбаев кім? (ақын)
- 8) Күздің бірінші айы қандай? (қыркүйек)
- 9) «Жұмбақ тас» қайда орналасқан? (Бурабайда).

«Жас қанат» тобына берілген сұрақтар:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі (Қазақ тілі)
- 2) Абайдың шын аты (Ибраһим)
- 3) Ахмет Иассаuidiң кесенесі қайда қаланған? (Түркістанда)
- 4) Қазақстан туының түсі қандай? (көгілдір)
- 5) Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар? (9)
- 6) Қыста не жауады? (қар)
- 7) Ең сұлу құс (аққу)
- 8) «Ұлт өкілдері» сөз тіркестерін аударындар (представ. нации)
- 9) Қыстың бірінші айы (қаңтар)

«Арман» тобына берілген сұрақтар:

- 1) Қазақстан Республикасының Ата заңы қашан қабылданды? (1995)
- 2) Абайдың туған жері (Семей)
- 3) Қазақстан жер көлемі жағынан нешінші орын алады? (9)
- 4) Қазақстанның бірінші астанасы (Орынбор)
- 5) Еліміздің ең биік тау шыңы (Хантәңірі)
- 6) Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? (42)
- 7) Жұрнақтардың неше түрі бар? (2)
- 8) Көктемнің бірінші айы (Наурыз)

9) «Көкпар» - ол не? (ұлттық ойын)

«Достар» тобына берілген сұрақтар:

1) Қазақстанның ел басшысы кім? (Н.Назарбаев)

2) Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін қашан алды?

(1991)

3) Жеңіс күні (9 мамыр)

4) Қазақстан Республикасының рәміздері (ту, елтаңба, әнұран)

5) Қазақстан Республикасының ағартушы педагогі (Ы.Алтынсарин)

6) Күзде не жауады? (жаңбыр)

7) Қазақстан тарихында неше астана болды? (4)

8) Қазақ тілінде септіктер нешеу? (7)

9) Қазақстанның «Екінші Швейцариясы» (Бурабай)

«Бәйтерек» тобына берілген сұрақтар:

1) Қазақ тілі мемлекет мәртебесін қай жылы алды? (1989)

2) Қазақстанның тұңғыш ғарышкері (Тоқтар Әубәкіров)

3) Бала оқытатын адам (мұғалім)

4) Наурыз көже неше тағамнан жасалады? (7)

5) «Кел, балалар, оқылық» кімнің өлеңі? (Ы.Алтынсарин)

6) Сөйлем неден құралады? (сөзден)

7) Ұлжан Абайға кім болады? (шешесі)

8) Жігіттер сырға таға ма? (жоқ)

9) Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз)

2-жүргізуші: - Көп диаспоралы Қазақстанда мемлекеттік

тіл өз қызметін толық атқару үшін Тіл Заңын қабылдау қажет болды. 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы қабылданды. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады.

1-жүргізуші: - Мемлекеттік тіл – Ту мен Елтаңба сияқты мемлекеттің рәмізі. Осыған сәйкес 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы»

кабылданып, оның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» екені жазылған.

- «Мақал – сөздің мәйегі», сөз кезегін аумақты ойды бір ауыз сөйлемге сыйдыратын мақал-мәтелдерге береміз.

Мақалды жалғастырыңдар:

1. Туған жердей жер болмас – ...
2. Ер елінде – ...
3. Кісі елінде сұлтан болғанша – ...
4. Жаман аттан аяғым артық – ...
5. Ырыс алды – ...
6. Інісі бардың – ... Ағасы бардың – ...

2-жүргізуші: - Армысың, ардақты анам – қазақ тілім,
Бір өзіңнен тараған өнер-білім.
Кұтты болсын бүгінгі тіл мейрамы,
Жарқын болсын әрқашан келер күнің!

1-оқушы: - Қазақ тілі – өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.
Қастерлейді ұл - қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім.

- Білімділердің айтқан даналық сөздері – шешендік сөздерге айналған нақыл ойлар. Мынау сөздер кімнің ауызынан шыққан?

1. “Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз”.
2. “Тілден артық қазына жоқ,
тілден артық қасиет жоқ”.
3. “Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”.
4. “Адамның басшысы - ақыл,
жетекшісі – талап,
шолушысы – ой ...”
5. “Әсемпаз болма әрнеге,
өнерпаз болсаң – арқалан ...”

6. “Кеңсің, дала, туған ана”.

2-оқушы:

- Қазақ тілім – саялаған нұр бағым,
Қазақ тілім – анам тілім, ардағым.
Сен арқылы жетіп жатыр өмірге
Жан сырларым, тілегім, бар арманым.

3-оқушы:

- Туған тілім – бабам тілі, өз тілім,
Туған тілім – анам тілі, өз тілім.

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев

өз жолдауында былай деген: «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын қолға алуды ұсынамын».

Сондықтан келесі сайыс түрі – «Полиглот». Жұмбақтың жауабын үш тілде беріңдер (орыс, қазақ, ағылшын).

1. Қаймықпайды күшті аңнан,
Қорқады тек тышқаннан. (Слон, піл, elephant)
2. Иір-иір денесі,
Сахараның кемесі.
Ащы шөптер – тамағы,
Шөлге шыдап бағады. (Верблюды, түйе, camel)
3. Үлкен алтын табақтан
Әлемге нұр таратқан. (Солнце, Күн, sun)
4. Күндіз білінбейді,
Түнде күлімдейді. (Луна, Ай, month)

1-жүргізуші: - Келесі сайыс – «Ойлан, тап». Берілген әріптерден сөз құрау керек.

2-жүргізуші: - Ана тілім – бәрін сөйлер шежірем,
Тілсіз нені білдіре алам, не білем?
Тілім барда ғана мынау ғаламның
Кілтін табар саналысы сезінем.
О, адамдар, қадіріне жетіндер,
Ана тілің – анаң, сыйлап өтіңдер!

- Көрермендер арасындағы сайыс.

Дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі.

Сыныптастарыңа көмек беріңдер!

1. Басты байлық не? (Денсаулық)
2. Күйді орындаушы кім? (Күйші)
3. «Абай жолы» эпопеясының авторы (Мұхтар Әуезов)
4. Қазақстанның тұңғыш академигі (Қаныш Сәтбаев)
5. Үш жүздің басын біріктірген кім? (Абылай хан)
6. Ақан Серінің тұлпары (Құлагер)

- Ескендір Хасанғалиевтың орындауында «Атамекен» әні

шырқалады.

1-жүргізуші: - Қалағандай қиюлап үй тастарын,
Балталап бұза алмайсың ұйқастарын.
Тіліңнің білгің келсе күдіретін,
Жұртыңның оқы өлең, жыр дастанын.

Болындар сайысқа келген аман бәрің,

Келіп тұр Егемендік замандарың!

Қазақ болып туғанмын жер үстінде,

Және де сол тіл үшін жаралғанмын, -

деп ақын ағамыз жырлағандай, әрбір Қазақстан
Республикасының азаматы ана тілімізге жанашырлық
танытып, қадірлей білсек, нұр үстіне нұр болар еді. Ендеше,
ана тілімізді әрқашан қадірлеп, қастерлей білейік.



АНА ТІЛІ

Әлдиі ғой ақ сүт берген анамның,

Шежіресі мынау байтақ даламның.

Сондықтан да қарыздармын мен оған,

Айнасы сол бойға біткен санамның!

Баян ЖАҚАТОВА,
Көкшетау қаласындағы
№16 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 8-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН КЕСПЕ ҚАҒАЗДАРЫ

I.1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, белгіленген сөзге фонетикалық талдау жаса.

Қазақстан – *Еуразия* құрлығындағы ең үлкен мемлекеттердің бірі.

2. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса:

Қазақстанның, даласын, биік, ормандары, көрген, уақытта, сұлу, өлкесінде, тұрамыз, олардың, пайдалы.

3. Мына сөздерді септе: *мектебім, сынып, елдер.*

4. Мына сөздерді тәуелде: *Отан, кітап, әже, ата.*

5. Мына сөйлемді қазақшаға аудар: *С древних времен в символике используются различные цвета.*

6. Көп нүктенің орнына бастауышты қойып жаз:

... Қазақстанда тұратынымды мақтаныш етемін.

II. 1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, белгіленген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

«Әр жерде-ақ газет шығара бастады...» (С.Сейфуллин).

2. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса: *тұрған, барлық, міндеті, азаматтарының, әлеуметтік, басшысы, халқына, Жолдауында, қоғамымыздың.*

3. Мына сөздерді септе: *елім, дәрігер, оқытушы.*

4. Мына сөздерді тәуелде: *Үйім, бала, әке, ана.*

5. Мына сөйлемдерді қазақшаға аудар: *Это – наша*

Родина. Казахстан – независимое государство.

6. Көп нүктенің орнына баяндауышты қойып жаз:

Біздің еліміз үлкен аумақты алып

III. 1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, белгіленген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

Ту – ертеден келе жатқан мемлекет белгісі.

2. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса: *жерін, батысты, алтын, жолы, Республикамыз, қазбалар, қоймасы, мемлекетіміздің, наурызда, мәжілісінде.*

3. Мына сөздерді септе: *балам, дәріхана, теңге.*

4. Мына сөздерді тәуелде: *оқушы, гүл, қағаз.*

5. Мына сөйлемді қазақшаға аудар: *Это семь основных цветов: красный, белый, синий, желтый, зеленый, черный, пурпурный.*

6. Көп нүктенің орнына бастауышты қойып жаз:

Ең көне ... Иран елінің аумағында табылған.

IV. 1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, белгіленген сөзге фонетикалық талдау жаса.

Елбасының бағдарламасын біз қолдаймыз.

2. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса: *бұлар, олардың, тарихы, ертеден, келе жатқан, осыдан, бес мыңдай, Шығыста, бейнелері, металдан.*

3. Мына сөздерді септе: *туым, елтаңба, аңшы.*

4. Мына сөздерді тәуелде: *досым, қоян, ұлт.*

5. Мына сөйлемді қазақшаға аудар: *Среди национальных флагов разных стран одним из самых распространенных является триколор, состоящий из трех цветов.*

6. Көп нүктенің орнына баяндауышты қойып жаз:

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері әлемдік каталогқа

V. 1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, белгіленген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

Табиғат тазалығын сақтайтындар - біздер.

2. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса:

Тудың, дәстүрі, күйші, есімін, орындап, музыкасының, домбырамыздың, төбемізде, елдің, рәміздерін, елге.

3. Мына сөздерді септе: *әкем, табиғат, дала.*

4. Мына сөздерді тәуелде: *тіл, ою, рәміз.*

5. Мына сөйлемді қазақшаға аудар:

Синий – цвет неба и моря.

6. Көп нүктенің орнына бастауышты қойып жаз:

«Қазақстан барысы» деген ... еліміздің символы ретінде айтылған.

VI. 1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, белгіленген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

Еліміз әрбір азаматтан салауатты өмір салтын күтеді.

2. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса: *менің, әлемін, даланы, анам, суарған, қолға, алған, табиғаттың, бағдарламада, еліміз, символы, білмейтін.*

3. Мына сөздерді септе: *азаматым, жолдау, жұмыс.*

4. Мына сөздерді тәуелде: *өлке, астана, мемлекет.*

5. Мына сөйлемді қазақшаға аудар: *Этот цвет символизирует высоту и глубину, а также совершенство, справедливость, доблесть.*

6. Көп нүктенің орнына баяндауышты қойып жаз:

Бағдарламада Қазақстанның табиғат байлықтарын сақтау талап...

VII. 1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасап, белгіленген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

Өркениетті ел болу үшін білім алып, аянбай еңбек етуіміз керек.

2. Мына сөздерге морфологиялық талдау жаса: *өңірінің, күйшілік, аймақтық, Көкшетау, мұралары, аңыз-күйлерден, мәдени, тармағы, орындауында.*

3. Мына сөздерді септе: *қазағым, аспап, домбыра.*

Гүлден МҰХАНОВА,
Қарағанды қаласындағы
№36 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ ЖОЛЫМЕН

Бүгінгі күні барша ұстаздар қауымы алдында тұрған басты міндет-білім берудегі озық ұстанымдарды ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып, әр оқушының қабілетін, талантын ашу, өзіндік көзқарасы мен пікірін қалыптастыру, сенімін нығайту болса, атақты жаңашыл ұстаз Қ.О.Бітібаеваның жеке тұлғаға бағытталған мақсатты оқу әрекетін ұйымдастыру, білімді өз белсенділіктерімен алу барысындағы әдебиет пәнін оқыту технологиясы көпшілік ұстаздар қауымына жол нұсқар, бағыт-бағдар беруші шамшырақ болып отырғаны бәрімізге мәлім. «Технология – диагностиканы басшылыққа ала отырып, жеке тұлғаға бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру» деген Қ.О.Бітібаева пікірі қазіргі кездегі білім беруді жаңашаландыру, яғни, оқу-тәрбие үрдісін даралау, демократияландыру, ізгілендіру, жеке тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдарымен үндесуде, оқушылар бойында танымдық, коммуникативтік және әртүрлі деңгейдегі мәселелерді шешу құзыреттіліктерін және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруда барынша көмек болуда. Сондықтан да жаңашыл ұстаз технологиясын күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдану, әдістемелік шеберлікті дамыту және тәжірибе алмасу мақсатында Қарағанды қаласында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері арасында қалалық білім бөлімінің әдіскері

М.К. Жакишеваның басшылығымен «Қ.О. Бітібаеваның технологияларына құрылған панорамалық сабақтар» байқауын өткізу дәстүрге айналған.

Панорамалық сабақ озық педагогикалық тәжірибенің мақсатты түрде көрсетілуін, педагогтің өз сабақтары жүйесінде негізгі идеяларды ерекшелеуге ұмтылысын, оның әрбір элементтерін (оқыту әдістері мен тәсілдерін, оқушының оқу қызметін ұйымдастыру нысандарын) саралай білу деңгейін қамтамасыз етеді. Панорамалық сабақ төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталды:

- педагогикалық ортада шығармашылық бастамашылықпен жаңашылдыққа ынталануды туғызу, қазіргі заман педагогі туралы жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру;

- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әлеуметтік мәртебесі мен кәсіби деңгейін арттыру, оларды аймақтық және қоғамдық тұрғыда қолдауды күшейту;

- кәсіби педагогикалық шығармашылыққа, жаңашылдыққа жетелеу;

- жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың жаңа идеяларын, өзіндік нысандары мен әдістерін іздестіруге ықпал ету.

Панорамалық сабақ өз тәжірибесін теориялық тұрғыда негіздей алу, жұмыс нәтижелілігін көрсете білу, педагогикалық технологияларды пайдалану шеберлігі, ақпараттық құралдарды қолдана білу талаптарын қамтамасыз етуді көздеді.

Осындай талаптар негізінде өткізілген тәжірибе алмасу сайысында «Жүзден – жүйрік» номинациясын №77 мектеп-балабақша кешенінің мұғалімі Соғысбайқызы Амантай, «Жаңашыл ұстаз» номинациясын №36 мектеп мұғалімі Сүлейменова Мейрамгүл, №12 мектеп мұғалімі Жакенова Кенжегүл, №61 мектеп мұғалімі Көки Жұлдыз иеленді.

Қоғамдық қатынастың өзгеруі, әлеуметтік жаңашылдық, қазіргі ақпараттық технологиялар заманы білім беру мен тәрбиелеуде жаңаша көзқарасты талап етуде. Осы орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: *«Ұлттық бәсекелестік білім деңгейімен айқындалуда. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет... Жаңа формация мұғалімі- бұл рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыда есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді тұлғаны қалыптастырып дамыту үшін жауапты»* деген сөзі ұстаздар қауымына зор міндет жүктейді. Сондықтан да, бүгінгі мәдени-әлеуметтік жағдайда, сан-салалы өмірлік мәселелерде дербес шешім қабылдай алатын, бәсекелестікке қабілетті, жан-жақты тұлға тәрбиелеу – тек жоғары білікті, ізденімпаз, жаңашыл мұғалімдер қолында.



ТІЛЕК

Қанша жерден байларды жағалайық,
Қанша жерден мықтыны сағалайық,
Ел қамын жер – аз мүлде, одан гөрі
Қарапайым ұстазды бағалайық!

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 24.11.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1403. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№11, 2011 ж., 144 бет, Алматы.